Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Западно-Казахстанский государственный университет
им. М. Утемисова

# «Ортақ тарих, ортақ тағдыр - біртұтас ұлт»
ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары

Материалы научно-практической конференции
# «Одна история, одна судьба – единая нация»

Орал, 2017

**УДК 323(574)**
**ББК 66.3(5Каз)**
**О 43**

**Редакционная коллегия**

**Салов. В.Ю. -** д.п.н., профессор ЗКГУ, заведующий кафедрой АНК ЗКГУ им. М. Утемисова.

**Добряев П.А. -** к.ф.н., руководитель Центра социологических исследований ЗКГУим. М. Утемисова.

**Журасова А.Ш**. - к.и.н., заведующая кафедрой всемирной истории и социально-политических дисциплин факультета истории, экономики и права ЗКГУим. М. Утемисова.

**Иргалиева Э.К**. - методист Центра социологических исследований ЗКГУим. М. Утемисова.

**О43 «Ортақ тарих, ортақ тағдыр - біртұтас ұлт» =«Одна история, одна судьба – единая нация»:** ғыл.-тәжір. конф. мат..= Мат. науч.-прак. конф. – Уральск: РИЦ ЗКГУ им.М.Утемисова, 2017. – 153 с.

В данном сборнике содержатся тексты докладов, представленных на научно-практическую конференцию «Одна история, одна судьба – единая нация», которая состоялась 28 февраля 2017 г. в ЗКГУ им. М. Утемисова.

Сборник предназначен для учёных, преподавателей и студентов, представителей государственных структур и неправительственных организаций, всех тех, кого интересует история и современная жизнь Казахстана, его роль в процессах евразийской интеграции.

© РИЦ ЗКГУ им.М.Утемисова

УДК 323.215(574)

# ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ – ПРАЗДНИК МИРА И СОГЛАСИЯ

**Жумина А.Т.,**
руководитель экспертно-аналитического отдела
КГУ «Қоғамдық келісім» аппарата акима ЗКО

***Құрметті конференцияға қатысушылар!***

Ертең – 1 Наурыз күні - қазақстандықтар **Алғыс айту** күнін атап өткелі отыр.

Тұңғыш рет Алғыс айту күнін Қазақстан халқы өткен 2016 жылы атап өткен.

Қазақстанда Алғыс айту күнін атап өту туралы ұсынысты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында айтқан болатын. **«Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін барлық ұлттың бір-біріне және қиын қыстау заманда адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға** алғыс айту күні **деп белгіленсе әділетті болар еді. Бұл күн барлық қазақстандықтардың бір-біріне деген мейірімділік, достық, сүйіспеншіліктің жарқын мерекесі болуы тиіс»,** — деген еді Президент.

2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.

Алғыс айту күні – бұл қиын-қыстау уақытты бірге өткерген және ең қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Қазақстанды бірге құрған азаматтардың бір-біріне деген өзара құрметінің, мейірімділігінің, достығының мерекесі. Бұл ортақ тарихымызға, жылдар бойы елімізде достық пен өзара түсіністікті қалыптастырған аға ұрпаққа, біздің әкелеріміз бен аталарымызға деген құрмет.

Алғыс айту күнін көктемнің алғашқы күні атап өтуіміз кездейсоқтық емес. 1995 жылы, тура осы күні Елбасымыздың бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл елімізде тұрып жатқан барлық этностардың ынтымағы, бірлігі мен достығының нағыз символына айналған бірегей институт.

**Уважаемые участники конференции!**

Завтра весь народ Казахстана будет отмечать, День Благодарности, учрежденный Указом Главы государства.

Ежегодно отмечать День благодарности в Казахстане Нурсултан Назарбаев предложил, выступая на XXII сессии Ассамблеи народа Казахстана.

Президент отметил, что введение такой традиции еще более сблизило бы казахстанцев, и этот день мог бы стать ярким праздником милосердия и любви.

День благодарности опирается на огромный исторический пласт культуры и традиций, берущий свое начало в древних обычаях великодушия, гостеприимства и милосердия казахского народа, достойного продолжателя великого наследия «Ұлы Дала Елі».

День благодарности – это, прежде всего, день торжества президентской политики мира и согласия, благодаря которой в Казахстане царят покой и гармония, взаимное доверие и уважение всем казахстанцам. Это дань уважения друг к другу всех граждан нашей страны, которые плечом к плечу пережили непростые времена, и за короткий срок общими усилиями, под руководством Елбасы, построили Независимый Казахстан.

Этот день станет днём уважения нашей общей истории, творцом которой стал полиэтничный народ Казахстана.

Это день духовных традиций милосердия и открытой души, готовности делиться, и помогать друг другу, как это сделал наш народ в годы репрессий и депортаций.

Отмечать День благодарности в первый день весны мы будем не случайно. Именно в этот день в 1995 году по инициативе Главы государства Нурсултана Назарбаева была создана Ассамблея народа Казахстана.

Это уникальный институт, который стал настоящим символом сплоченности, единства и дружбы всех этносов, проживающих в нашей республике.

Ассамблея народа Казахстана является фундаментом казахстанской модели общественного согласия и национального единства.

Успех казахстанской модели обусловлен, прежде всего тем, что Председателем Ассамблеи является - Президент страны, гарант Конституции.

Одной из главных особенностей Ассамблеи является гарантированное представительство интересов этнических групп в Парламенте страны. 9 депутатов Мажилиса Парламента от Ассамблеи народа Казахстана, представляют интересы всех этносов страны. В основу казахстанской модели заложены Конституция РК, где 11 статей посвящены вопросам национального единства, Закон РК «Об Ассамблее народа Казахстана», Доктрина национального единства, Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана до 2025 года и Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства.

Мы формируем уникальную, и до сих пор нигде не повторённую, модель единства народа.

Нас объединяют:

Во-первых, общая любовь к нашему общему дому - Казахстану.

Во-вторых, общественное согласие по отношению к истории нашей древней земли и развитию языков.

В-третьих, глубокая вера в настоящее и великое будущее нашего государства и ее граждан.

Это и есть основа - Мәңгілік Ел.

Консолидирующие ценности на базе идеи Мәңгілік Ел - это гражданское равенство;трудолюбие; честность; культ учености и образования; светская страна – страна толерантности. Они составляют основу Патриотического акта «Мәңгілік Ел».

Четверть века независимости Казахстана показала, что только сплоченный народ может достигать невероятных вершин развития.

Западноказахстанцы уже начали отмечать День благодарности, в библиотеках области развернуты выставки, в школах и колледжах проходят уроки на тему Дня благодарности, концерты, спектакли, конкурсы, благотворительные акции «Караван милосердия», «Дари друзьям тепло», «Шын жүректен мың алғыс!» акции для участников ВОВ, людей с ограниченными возможностями по предоставлению бесплатных услуг предпринимателями.

Завтра планируются мероприятия у Монумента в благодарность казахскому народу и концертная программа на площади перед Домом Дружбы. Также во всех родильных домах пройдет акция «Сүйінші».

Поздравляю Вас с праздником - с Днем Благодарности!

Пусть этот праздник укрепится в наших сердцах, как еще один символ единения и консолидации общества, укрепления идентичности и казахстанского патриотизма, объединенного общей идеей « Мәңгілік ел».

Мира и благоденствия каждой семье, успехов и процветания!

ӘОЖ 342.61(574)

## ПРЕЗИДЕНТТІК БАСҚАРУ НЫСАНЫ: ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ.

**Шайхиев Т.Т.,**
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
аға оқытушысы

### 1. Президент түсінігінің этимологиялық мәні

**Президент** (лат. тіл. prasidens – алда отыратын) – республикалық мемлекеттік басқару жүйесіндегі мемлекеттердің Елбасы. Президенттік мемлекеттерде президент бір мезгілде мемлекет басшысы да және үкімет басшысы да болып табылады. Әлемдік саяси тәжірибеде президентті сайлаудың үш жүйесі қалыптасқан:

1. Президентті тікелей сайлау (Франция, Австралия, Ирландия, Мексика, Бразилия). Президент Парламентке тәуелді болмайды;

2. Президентті жанамалы сайлау (АҚШ, Аргентина, Финляндия) Президентті тұрғындар алдын-ала таңдаған сайлаушылар тобы сайлайды;

3. Парламенттік мемлекеттерде (сайлау тікелей болатын Австрия, Ирландия, Исландияны қоспағанда) Президент көп деңгейлі сайлау арқылы сайланады (әдетте, екі деңгейлі). Бұл жүйенің де төмендегідей түрлері бар:

а) Президентті парламент сайлайды (Греция, Израил, Турция, Ливан);

б) Президентті сайлау үшін, парламент депутаттары мен ірі әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінен сайлаушылар тобы құрылады (Италия);

в) бірқатар Федеративті мемлекеттерде (ГФР, Индия) Президентті сайлау үшін, одақтық парламент депутаттары мен федерация субъектілері өкілдерінен тұратын арнайы алқалы орган құрылады.

Президенттің өкілеттілік мерзімі, барлық елдерде де заңмен шектеледі. Франция, Ирландия, Италия мемлекеттерінде – 7 жыл; Аргентина, Бразилия, Мексика, Финляндия елдерінде – 6 жыл; ГФР, Венесуэла, Индия, Ресейде – 5 жыл; АҚШ пен Колумбияда – 4жыл.

Бірқатар мемлекеттерде Президенттіктен үміткерлер үшін жас шектеуі белгіленген. Мысалы, АҚШ-та үміткер 35-тен жас болмауы тиіс; ГФР-де 40 жас; Италияда – 50 жас белгіленген.

Мексика мен Эквадорда бір адам, екі мәрте қатарынан Президент бола алмайды. АҚШ, ГФР, Австрия елдерінде бір адамның үш мәрте қатарынан Президент болып сайлануы жіберілмейді. Италия, Франция, Финляндия мемлекеттерінде Президент қызметіне сайлануға шектеу мерзімі қойылмаған.

Барлық елдерде де, тиісті жағдайларда оны орнынан түсіріп, ісін тергеуге беретін Президент қызметін қадағалап отыру институттары бар. Әдетте, Президент саяси жауапкершілік арқаламайды, ал қылмыстық жауапкершілікке заңда қатал белгіленген істер бойынша ғана тартылады.

Италияда Президент қылмыстық жуапкершілікке отанына опасыздық жасаған жағдайда тартылса, ГФР-де қылмыстық кодексті қасақана бұзғаны үшін де тартылады.

Президент өкілеттілігі мемлекеттегі басқару нысанына тәуелді.

Парламенттік республикаларда «әлсіз» Президент негізінен өкілдік, рәміздік қызметтер атқарады, мемлекет басшысы өкілеттігін Үкімет өкімімен атқарады.

Президенттік республикаларда Президент Үкіметті өзі құрып, өзі басқарады және Үкімет Парламент емес, Президент алдында жауапты болып табылады. Мысалы, АҚШ-та Президент атқару департаменттерінің басшыларын де-юре Сенат келісімімен тағайындаса да, де-факто жеке өз құзіреттілігі болып табылады.

Парламенттік республикаларда Президент парламенттегі саяси партиялар арасалмағына тәуелді. Президент үкімет басшысы етіп, Парламент көпшілік дауысымен жақтаған саяси

қайраткерді тағайындайды. Әдетте, бұл парламентте көпшілік орын иеленген саяси партия көшбасшысы болып табылады немесе парламенттегі саяси партиялар арасалмағы шамамен тең болса, бір – бірімен келісімге келген партиялық коалиция ұсынған тұлға.

Барлық республикаларда да Президент өкілеттілігі ең басты бес топ төңірегіне жинақталады:

- басқару саласында;
- заң шығару саласында;
- сыртқы және әскери саясат саласында;
- сот әділеттілігі саласында;
- төтенше жағдайларда.

Кейбір елдерде, Елбасына парламент қызметіне қатысты өкілеттіктер беріледі: Парламенттің кезекті және кезектен тыс сесияларын шақыру; Парламентті мерзімінен бұрын таратып жіберу және жаңа парламент сайлауын жариялау құқығы; Парламент келісімімен заң шығару құқығы.

Барлық елдерде де Президент қарулы күштердің бас қолбасашысы болып табылады.

**2. Президенттік басқару нысаны.**

Мемлекетті басқару нысаны, оның пайда болуы мен дамуының нақты – тарихи жағдайына тәуелді. Мемлекеттіліктің тарихи қалыптасқан түрі мен мәні, мемлекеттік басқару нысаны таңдалуына шешуші әсер етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару нысаны, өзінің қалыптасу кезеңінде елдегі саяси күштер арасалмағына да тәуелді болады.

Мемлекеттік басқару нысанына елдің ұлттық құрамы мен аумағының көлемі де әсер етеді. Әдетте, көлемі шағын мемлекеттерді басқару, үлкен аумақты елдерге қарағанда анағұрлым жеңіл болады.

Мемлекет тұрғындарының көпұлтты құрамы да басқару нысанына өз талаптарын қояды. Ол мемлекеттің күйреу факторына айналып, өзара қырқыстар мен азамат соғысына да әкелуі мүмкін. Өз мемлекеттік басқару нысанын таңдау барысында Югославияда, Молдова, Кавказ аймағында болған қанды қырғындар осыған дәлел бола алады.

Сондықтан, әрбір ел өз ерекшелігіне сәйкес келетін конституция мен басқару нысанын таңдауы қажет. Абсолютті

текесті конституция мен басқару нысаны ешқашан болған емес, болмайды да. Басқа елдің конституциясы мен басқару нысанын көшіру саяси көрсоқырлық қана емес, ол елді күйрету факторына да айналуы мүмкін.

Мемлекеттік басқару нысанын анықтайтын себептер мен жағдайлар арасында мемлекеттің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін, елдегі әлеуметтік топтар араларындағы қарым-қатынастар мінезін, элиталар арақатынастарын, ішкі саяси реттеу тәртібі мен сыртқы әсерді атап көрсетуге болады.

Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік билік жүйесіне президент қызметінің енгізілуі, біздің қоғамда әртүрлі саяси жүйелердегі президенттік басқару институтына қызығушылықты күшейті.

Баспасөз бен ғылыми еңбектерде «президенттік басқару нысаны», «парламенттік басқару нысаны» және т.б. аталымдар жиі кездеседі. Ғылыми терминология тұрғысынан президенттік, жартылай президенттік және парламенттік басқару жүйелері туралы айтуға болады.

Президенттік басқарудың бірқатар моделдерінің қызмет атқаруы, олардың әртүрлі саяси режимдер мен мемлекеттік басқару жүйелеріне тәуелділіктерін білдіреді.

Тоталитарлық немесе авторитарлық режимдерде президенттік билік жеке басқа табынушылық мінезіне ие болуы мүмкін. Демократиялық мемлекеттерде Елбасы саяси жүйе конституциялық негіздерінің басты кепілдігі болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудың әрбір түріне өз ерекше қызметтерін иеленген, сәйкесті президенттік басқару нысаны қалыптасатынын да ескеруіміз қажет.

Президенттік республика жағдайында Президент мемлекет басшысы мен үкімет басшысы қызметтерін бірге атқара отырып, үкімет саясатын тікелей басқаратын өте тұғырлы саяси көшбасшы болуы тиіс.

Жартылай президенттік республика жағдайында президент үкіметті тікелей басқармаса да, министрлер кабинеті мен парламент арасындағы қарым - қатынастарда өте жауапты төреші ретінде көрінеді.

Парламенттік республика президентке үлкен адамгершіліктік жауапкершілік жүктейтін, «бірінші азамат» мәртебесін береді

және президент сыртқы және ішкі ресми шараларда өз елін таныстырады.

Мемлекеттік басқарудың қандай нысанында болмасын, заңдылық пен қоғамдық ынтымақтастық сақталуы ісінде мемлекет басшысына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Президент қызметі президенттік басқару институты элементтерінің ең негізгісі болып табылады. Президенттік басқару институты саяси жүйеде өз орнын алуы үшін мықты конституциялық негіз және кең көлемді қоғамдық – саяси қолдау қажет.

Конституция мен басқа да заң актілерінде мемлекет басшысының мәртебесі, оның өкілеттіктері мен бұл өкілеттіктер шегі толық және нақты айқындалуы тиіс. Президенттің үкіметпен, парламентпен, жергілікті билік органдарымен қарым – қатынастарының құқықтық негіздері мұқият реттелмей тұрып, Президент билігіне институционалдық мінез беру мүмкін емес.

Президенттік басқару институты президент аппаратының жетілген ұйымдық – басқару құрылымы, шешімдер қабылдаудың эффективті процедурасы, мемлекеттегі ең жоғарғы қызметті иеленген тұлғалардың ізгілікті моралдық-этикалық бейнесі болуын талап етеді.

Әртүрлі елдерде сан түрлі мемлекеттік басқару нысандарының пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді. Бұл үрдісте елдің тарихи дамуының ерекшеліктері, оның халқының саяси мәдениеті деңгейі, мемлекеттілік дәстүрі, конституция даярлау мен қабылдау сәтіндегі елдегі саяси күштердің арасалмағы өз ізін қалдырады.

Басқару жүйесін таңдауда, өзін ұлтты біріктіруші фигура ретінде көрсеткен саяси көшбасшының субъективті пікірі де орасан зор рол атқаруы мүмкін. Мемлекеттік билік пен басқарудың барлық конструкциясы белгілі бір деңгейде осы саяси қайраткердің жеке қасиеттеріне сәйкестендіріліп құрылады. Сол себепті де, әлемнің саяси картасында өз құзіреттілігі бойынша заң шығару және сот биліктерінен жоғары тұратын, өте күшті президенттік басқаруға негізделген мемлекеттік басқару нысандарын иеленген елдер пайда болды. Қазақстан Республикасы саяси – мемлекеттік басқару нысаны бойынша осы елдер қатарына жатады.

Республика егемендігінің орнығуымен қатар республика Президентін бүкілхалықтық сайлау қажеттілігі туындады. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы қазанның 16-дағы Қаулысында 1991 жылғы 1 желтоқсанда сайлау өткізуді белгіледі. 1991 жылғы 1 желтоқсандағы Бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Президенті болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Президентіне билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі аса жауапты рол жүктелді (ҚР Конституциясы 40 бабының 3 тармағы).

Сонымен қатар, президенттік басқару мен билік тармақтары өзара әрекеттесуі ұстанымдарының конституциялық моделі, билік тармақтары тепе-теңдігі сақталуының заңды тетіктері көмегімен, президенттік басқарудың жеке билік режиміне айналуына тосқауыл қойылған. Президент билігі қаншалықты кең болса да, ол шексіз емес. Президент өкілеттілігі басқа да мемлекеттік билік органдары өкілеттіктерімен ұштасып жатыр. Президент, Парламент, Үкімет және сот биліктерінің қарым – қатынастары бір-бірінің алдындағы өзара жауапкершілікке негізделген. Мысалы, ҚР Конституциясының 63 бабына сәйкес Президент Парламентті таратып жібере алатын болса, Парламент Конституцияның 61 бабына сәскес Үкіметке сенімсіздік вотумын қоя алады немесе 47 бабына сәйкес Президентке импичмент қоя алады.

ҚР Президентіне жүктелген міндеттер, оның атқару билігінің бүкіл жүйесін толық қадағалайтындығын көрсетеді. Орталық Үкіметтен бастап жергілікті жерлерге дейінгі барлық мемлекеттік органдар мен қызметкерлер Президент өкімдерін қалтқысыз орындауға міндетті.

Сонымен қатар, Президент Парламент келісімімен заңдар және өз билігімен заң күші бар Жарлықтар шығару арқылы заңдар шығару үрдісіне де белсенді араласады. Республиканың барлық деңгейіндегі соттар жүйесінің құрылуын толық бақылау арқылы, сот әділеттілігі жауапкершілігін де өз мойнына алып отыр.

2015 жылдың 26 сәуір күні ҚР Президентін бүкілхалықтық сайлау өтті. Осы сайлауда 97,7 пайыз дауыспен Елбасы Н.Ә. Назарбаев толық мәнді жеңіске жетті. Бұл жеңіс тек демократиялық ұстанымдар жеңісі ғана емес, бұл еліміздегі ұлтаралық татулық пен келісім, саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеу жеңісі болды. Бұл шын мәніндегі халық

жеңісі болды.

Н.Ә. Назарбаев бүкіл әлемге табанды реформатор ретінде танылды. Қазақстан халқы өз көшбасшысына түпбасымен толық сенім білдіретіндіктерін осы сайлау арқылы бүкіл әлемге паш етті. Елбасы саясатының ұшында күшті мемлекетттік билік пен меншік көптүрлілігіне негізделген либералды экономикалық даму тұрды. Демократиялық даму жолында өз ұстанымдарын қалыптастырған еліміздегі ықпалды саяси күштер Елбасының саясатының дұрыстығын кәміл түсініп, өздерінің толыққанды қолдауын қамтамасыз етті.

Өткен сайлау науқанының барлық Халықаралық нормалар мен талаптарға сай өткенін халықаралық бақылаушылардың өздері мойындап отыр. Елбасы сайлаудың әділ де таза өтетіндігіне ең басынан-ақ кепілдік берді және өткен сайлау науқаны осы кепілдікті ақтап шықты. Бұл біздің халқымыздың сайлау мәдениетінің жаңа белеске шыққанының айқын көрінісі. Қазақстан халқы демократия біз үшін тек әдемі сөз ғана емес, нақты өмір мұратымыз екенін, өздерінің өркениетті саяси диалог пен қарым-қатынасқа әзір екендіктерін көрсетті. Ел болашағы мен дамуы көшеде емес, саяси билік пен халық арасындағы конструктивті диалогта екендігін көрсетті. Біздің өркениетті ел болып қалыптасуымыз тек саяси билік міндеті ғана емес, біздің әрқайсымыздың жеке жауапкершілігіміз бен міндетіміз екенін көрсетті.

Бұл сайлауда халқымыз, алдағы бес жыл ішінде елімізді экономикалық жаңғыртуға бағытталған реформалар сәтті өтіп, Республикамыз әлемдегі ең жоғарғы дамыған елу мемлекет қатарына өту үшін дауыс берді. Бұған жетудің алтын қазықтары Елбасы ұсынған өнеркәсіпті-инновациялық стратегия, ауыл шаруашылығын өркендету бағдарламасы, тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына кететін қаржыны үш есеге өсіру, жалақы мен зейнетақы мөлшерін екі есеге өсіру, орта және шағын бизнесті дамыту болып табылады.

Қазақстан халқы, ел болашағы жолында Президенттік басқару нысанын таңдай отырып, өзінің тарихын таңдауының дұрыстығына кәміл сенді. Еліміздің егемендік алғаннан бері жүріп өткен жолы мен жеткен жетістіктері, бұл сенімнің дұрыстығын бірнеше мәрте дәлелдеп шықты.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы., «Қазақстан» баспасы, 2003 ж.
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Егемен Қазақстан газеті., 22 мамыр, 2007 жыл.
3. Конституция США. История и современность, М., 1988 г.
4. Мы, народ... Гражданин и Конституция. М., 1997 ж.
5. Пугачев В. П., Соловьев А. И. Введение в политологию., М., 1997 г.
6. Политология. Практикум., М., 1993 г.

ӘОЖ 94 (574) «19»

# ТҰТАС МЕМЕЛЕКЕТТІК ИДЕЯСЫ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН

**Байбулсинова А.С.**, т.ғ.к.,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

2017 жылдың 1 наурызы алғыс айту күні ретінде халықымыздың мерекелерінің біріне айналғанына биыл екінші жыл. «Мен алғыс айту күні игі дәстүрге айналып, халқымыздың ең сүйікті меркелерінің бірі боларын сенемін» деп атап өтеді елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Қазіргі уақытта жер бетінде діни және ұлттық сипаттағы шиеленістер өршіп, соғыс болмаса да болғандай қан төгіліп жатқандығын, миллиондаған адамның босқынға айналғанын көріп отырған заманда қолымызда бар тәуілсіздік пен бейбітшілігімізге ризалық білдіру өте қажетті нәрсе. «Мұндай кезде адамдардың бір-біріне алғысын білдіріп, өздеріне жасаған жақсылықтарды еске алуы аса маңызды. Бұл жақсылықты бағалай білуге, оған жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластықпен құрметке бастайды. Құндылықтардың қадіріне жете алған елдің келешегі кемел. Мен Алғыс айту күнін осындай мақсатпен белгіледім» - деді Н.Ә.Назарбаев.

Шынында да, Қазіргі Қазақстанның барлық жеткен жетістіктері, ғарыштап самғап, әлем елдерінің арасында ойып

тұрып өзінің орнын алуы, бүгінгі бейбіт өміріміз қазақ тарихындағы ұлт үшін күрескен зиялы, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ерен еңбегі екені даусыз. Айталық XX ғасырдың басында жоғары білім алып, қазақтың оқыған зиялыларының шоғырын құраған осындай азаматтарымыздың, қызметін әсіресе, кеңес тұсындағы тағдыр – талайын ашып көрсету өміріміздің сабағы. Өйткені парықтаусыз, тоқусыз, шынайы демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

XX –XXI ғасырларда әлем елдерінің саяси картасы бірнеше мәрте өзгерістерге ұшырады. Ресейдің өзінде болған 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық революция бүкіл Азиялық елдердің оянуына себеп болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, 1917 жылғы қос төңкеріс барысындағы алмағайып билік тартысы мыңдаған жанның өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы мемлекет қайраткері Т.Рысқұлов, татар М.Сұлтанғалиев, башқұрт З.Уәлиди тәрізді қайраткерлердің саяси көзқарастары «түрікшылдык», «ұлттық ауытқушылдық» ретінде сынға алынған. Мемлекеттіек саясат зиялылырға ашық қарсчылық көрсетті. Қайраткерлер ЖүМыңбаев, С,Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов қызметтерінен алынып, республикадан қуылды. 1928 жылдың ортасында Алаш қозғалысына қатысты қайраткерлер жаппай тұсқындала бастады. Осы кезде алдымен 44 Алашордашылдардың үшеуі ЖүАймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов ату жазасына кесіліп, үкім дереу орындалады. Бұдан әрі бірінен кейін бірі ұстала бастаған Орал қалалық БҚО мемлекеттік мұрағатында 1928 жылы айыпталғандар құжаттары сақталғ Ғабдол Қосдәулетов, Салық Омаров, Көпжасаров Ескендір, Жолдыбаев Молдағали, Е.Қасаболатов, Ахметр Мәметов, туралы деректер бар.

Қазақстандық мемлекет және қоғам қайраткерлері, яғни зиялы қауымның зор еңбегі мына кезеңде де ерекше көрінеді.

1937-1938 жылдардағы қанды оқиға жаңғырығы мәңгі ел жадында. Нақақтан-нақақ ұлтымыздың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары «ұлтым» деймін деп – «ұлы қылмыс» жасап, «халқым» деймін деп – «халық жауы» деген жала жабылып атылып кетті. Талай бейбіт отбасыларының оты өшіп, ана жесір, бала жетім қалды. Түптеп келгенде, саяси қуғын-сүргін мен қатар елімізге саяси депортацияланғандар көштеп әкеліне бастады.

Қазақстанға 1936-1957 жылдары 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың кәріс, 507 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері жер аударылды. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқалар да өз еркімен келген жоқ. Барлығы 1,5 млн адам көшіп келді.

2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – 1 наурызды Қазақстанда Алғыс айту күні деп жариялау туралы №173 Жарлыққа қол қойды.

Алғыс айту күнін мерекелеудің жаңа дәстүрі «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық біртектілік пен ел бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мән-мәтінінде қазақстандық құндылықтарды бейнелейді.

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған мереке. Сондықтан, тағдыртәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударылған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жеріне тағзым ететін күн. Күрделі қиын кезеңдерде, еліміздің бүгінгі бейбіт өімір мен тәуелсіздігіне жету жолында тер төккен ардагерлерімізді ардақтайтын күн.

УДК 82(574)

# ОБЩАЯ ИСТОРИЯ, ОБЩАЯ СУДЬБА КУЛЬТУРЫ НАРОДА КАЗАХСТАНА (НА МАТЕРИАЛЕ ЛИТЕРАТУРНОГО КРАЕВЕДЕНИЯ Н.М. ЩЕРБАНОВА)

**Донскова Г.А.**
к. филолог. н., доцент
ЗКГУ им. М. Утемисова

В наше сложное время новых глобальных вызовов мы обращаемся к опыту научного осмысления социолингвистической проблематики учёными в XX-XXI вв. Еще в начале XX в. великий И.А. Бодуэн де Куртене писал, перечисляя болевые точки лингводидактики и принципов методики преподавания национальных литератур: «Рука об руку с преподаванием истории

в деле засаривания голов может идти преподавание словесности и литературы. В предупреждение подобного вреда от литературы следовало бы требовать чтения и усвоения отрывков и произведений общечеловеческого содержания, с устранением всяких экскурсий в область идейного издевательства над теми или другими категориями ближних" [1:27].

Лингвистическое и литературное краеведение в трудах учёных УПИ-ЗКГУ им. М. Утемисова также предлагает оптимальные пути освоения языковой, образной и фактуальной информации, содержащейся в произведениях писателей, писавших о нашем крае.

Такое продуманное и осмысленное рассмотрение истории литературного Приуралья мы видим в исследованиях Николая Михайловича Щербанова, чей юбилей отмечался ЗКГУ им. М.Утемисова в январе этого года. На конференции, посвященной его 75-летию, говорилось, что он – уроженец Оренбургской области, по окончании филологического факультета Уральского педагогического института имени А.С. Пушкина поступил в аспирантуру при кафедре русского устного народного творчества МГУ имени М. В. Ломоносова. В феврале 1977 г. на Ученом Совете филологического факультета МГУ защитил кандидатскую диссертацию на тему «И.И. Железнов – фольклорист и этнограф». Восхищаясь яркостью и сочностью описания жизни, быта и верований уральских казаков, ученый тем не менее не спешил с вводом в методический обиход изучения, особенно в средней общеобразовательной школе, некоторых его произведений, например «Василия Струняшева», хотя именно это произведение было широко известно в крае и воспроизводилось уральскими казаками как фольклорный текст.

Н.М. Щербанов не был абстрактным методистом, не изведавшим учительского тяжелого хлеба. Он начал свой трудовой путь в сельских школах Приуралья и Оренбуржья. С 1967 года Щербанов Николай Михайлович занимался научной и педагогической деятельностью в системе высшего образования Республики Казахстан. Долгие годы являлся доцентом Западно-Казахстанского государственного университета имени М. Утемисова, заведующим кафедрой русской филологии, которой руководил до последних дней своей жизни. Николай Михайлович – известный в Казахстане ученый, автор более 150 научных работ,

статей и очерков. Наиболее значительные из них – исследования об уральских писателях И. И. Железнове, Н. Ф. Савичеве и В. П. Правдухине. Он был учеником и продолжателем дела Н. М. Малечи, чья жизненная трагедия и гражданский подвиг так волновали ученого. Щербанов пишет большое предисловие к «Словарю говоров уральских (яицких) казаков», где даёт глубокий анализ научного подвига Малечи и его сподвижников. Напомним, что Н.М. Малеча попал в Уральск, будучи осуждённым как «украинский националист» только за то, что исследовал фольклор Украины. Щербанов лично знал учёного, общался с ним, работая на одном факультете.

Николай Михайлович вел активную научную работу, контактировал с научными центрами стран СНГ, участвовал во множестве республиканских и международных научных конференций по фольклору, этнографии, русской литературе, был членом Ассамблеи Пушкинского общества (Москва) и Союза писателей России.

Он автор книг «А.С. Пушкин в Уральске», «Русское литературное Приуралье. Опыт регионально-тематического изучения русской литературы XX века», «Поехал я в Уральск…» (А. С. Пушкин и Приуралье», «Уральск литературный», «В. Г. Короленко на Урале» (в соавторстве) и др. Часть его работ издавалась на казахском языке. Работы Н. М. Щербанова публиковались в центральных журналах и газетах Казахстана и СНГ.

Николай Михайлович был одним из организаторов многочисленных международных историко-культурных экспедиций по Уралу, фольклорно-этнографических полевых исследований. С этой целью он обследовал поселки по р. Урал от г. Оренбурга до г. Атырау. Вместе со студентами им собран богатейший фольклорно-этнографический материал и издан сборник пословиц и поговорок уральских казаков, переиздать который в дополненом виде он планировал, но не успел осуществить эти планы.

Он щедро делился результатами анализа этого материала, они стали основой его многочисленных статей, а также докладов, сделанных на научных конференциях в городах Москве, Екатеринбурге, Новосибирске, Челябинске, Оренбурге, Тамбове, Глазове, Казани и др.

В последние годы научная деятельность Щербанова Н.М. была направлена на разработку регионально-тематических аспектов русской литературы и фольклора, на установление научных связей с вузами ближнего зарубежья. Н. М. Щербанов известен в Казахстане как организатор республиканских и международных Олимпиад учащихся средних школ «Пушкинские чтения». Довольно успешно были проведены Вторые Пушкинские чтения (Уральск, 16-17 ноября 2006 г.), где он в качестве председателя возглавлял работу жюри. При его активном участии был открыт кабинет А. С. Пушкина и Абая в университете и городской музей Пушкина.

Николай Михайлович был выдающимся педагогом и ученым. Еще в аспирантские годы он обнаружил более 100 произведений журналиста-историка, этнографа и писателя Савичева Н.Ф. (1820—1885) в местных периодических изданиях того времени. Надо напомнить, что техника копирования газетного текста в то время была сложнейшей, для получения разрешения на копирование нужно было каждый раз приходить к Государственной библиотеке – Ленинке – в 5 часов утра и выстаивать многочасовые очереди. Потом эту копию в очень неудобном формате, на тяжелых по весу носителях, надо было перевезти сначала в общежитие, а потом и домой, в Уральск. Много лет спустя Щербанов пишет о необходимости постепенного освобождения из плена забвения имени Савичева, как и других достойных имен прошлого: «До сего времени его наследие полностью не было собрано и издано отдельной книгой (осуществлено Н.М. Щербановым в 2006 г.). Просмотрев газету «Уральские войсковые ведомости», издававшуюся в Уральске с 1867 по 1917 гг., я был поражен обилием Савичевских публикаций: повести, рассказы, очерки, статьи, поэмы, стихи… Какое богатство открылось передо мной, сколько исторических, литературных явлений, важнейших фактов!».

Савичев в своём творчестве отразил новую эпоху в отношениях казахов и уральских казаков, когда «Национальная вражда

Всё больше гаснет год от года,
И два соседние народа
Пред светом чистым просвещенья
Должны сдружиться навсегда

На ниве честного труда» [2:113].

Как писал Щербанов в предисловии к сборнику произведений прозаика, «Савичев стремился к всестороннему изучению народной жизни. Его интересовали материальная культура, хозяйство, демография, этнический состав казаков, их обычное право, народная медицина, обычаи и обряды, игры, хороводы, фольклор, в особенности исторический, народное красноречие и пр.». Особенно важно для ученого то, что «много внимания Савичев уделял фольклору, материальной культуре, обычаям и обрядам казахов, калмыков, башкир, татар и других народов» [3:113].

Савичев наиболее полно отразил в своём творчестве богатство исторических источников Войскового архива, исчезнувшего в годы гражданской войны. Эти источники повествуют о важных вехах истории национально-освободительного движения в Казахстане: «архивные документы, приведенные Савичевым, могут служить важным источником в изучении жизни и творчества Махамбета Утемисова. Исследование Савичева «Исатай Тайманов, старшина Букеевской орды» позволяет выяснить характер взаимоотношений руководителей восстания с В.И. Далем» [3:113].

Савичев оставил нам описание незабываемой встречи с Курмангазы, чей музыкальный дар восхитил автора. Рассказ о встрече с композитором читаем в путевом очерке «От Кармановского форпоста до Глининского»: «Господин Бородин сделал мне большое удовольствие, познакомив с Курман_Гузы Сагырбаевым, первым артистом, знаменитым во всей Букеевской орде. Игра Сагырбаева происходит из того же источника – дара и вдохновения. Я назвал бы его игру вольной песнью жаворонка или соловья. Сагырбаев – редкая музыкальная душа и, получи он европейское образование, то был бы в музыкальном мире звездой первой величины»

[3:81-82]. Савичев делает также набросок к портрету композитора. «Он позволил мне снять с него рисунок и играл всё время, покуда я набрасывал его фигуру» [3:83]. К великому сожалению этот рисунок утерян, но в своё время, когда Н.М. Малеча начинал работать в 1934 г. в качестве сотрудника Уральского краеведческого музея, им был обнаружен портрет Савичева работы ссыльного кобзаря – Шевченко!

Савичев встречался с Т. Г. Шевче́нко, когда тот находился в ссылке на Мангышлаке: «Никогда Шевченко не проронил ни слова жалобы на своё положение, никогда я не видел его печальным и унывающим. Он был физически здоров, румян, взгляд у него был постоянно ясный и открытый». Здесь Савичев выступает как глубокий психолог, анализирующий глубину образных переживаний поэта, отраженных в его мимике и общем настроении: «Правда, в нём присутствовала почти беспрерывно какая-то дума, но дума эта была тихая и, так сказать, питавшая и услаждавшая его дух. Иногда можно было подумать, что он слушает пение сфер: так уносила его привычная и светлая дрема в область, ему одному известную и доступную. Надо полагать, что в нём совмещалось поэтическое течение, которое служило ему щитом против нападков горькой действительности» [Уральская старина. Рассказы из виденного и слышанного. (3:357] . Интересно, что в силу цензурных ограничений Савичев не мог назвать истинных причин преследования Шевченко, но он отмечает его такт и нежелание навлечь неприятности на своего молодого собеседника: «Никогда я не слыхал от Шевченко разговора политического или даже с политическим оттенком. Может быть, он не любил разговоров о политике – об этом частом заблуждении людей. Он тогда казался скрытным, но теперь думаю иначе: он не мог раскрыться передо мной весь. Я был молод, не был развит ни науками, ни опытами жизни. Может быть, он щадил мою невинность» [3: 358].

Обратим внимание на художественное дарование Шевченко как живописца. Поэт был лишен возможности писать в ссылке – таковы были условия его наказания, в его приговор Николай I добавил от себя: "под строжайший надзор с запрещением писать и рисовать". Как писал сам Шевченко «Смотреть и не рисовать — это такая мука, которую поймет один только истинный художник» [4]. Только краткий период из 7 лет на Каспии (вся ссылка длилась долгих 10 лет!) ему можно было рисовать открыто, когда в 1848 г. он, по настоянию географа А.И. Бутакова, был включен в состав научной экспедиции в качестве художника, но он писал все годы, таясь от тюремщиков. Всего создано более 200 картин и рисунков, многие из которых посвящены жизни казахов.



*Казахская стоянка на Кос-Арале. (Рис. Т.Г.Шевченко. 1848-1849 гг.)*

Так в творчестве уральца Н.Ф. Савичева сплелись казахская музыка, ставшая классикой, и художественное творчество, посвященное Казахстану, украинца Шевченко.

Среди возвращенных имён можно смело назвать и Валерьяна Павловича Правдухина, который был земляком Щербанова (оба родились в Оренбуржье), он провёл детские годы в одной из уральских станиц, а потом много раз приезжал сюда вместе с друзьями, черпая вдохновение от созерцания родных ему степных просторов. Он очень сочувственно пишет о казахском народе, испытывающем все тяготы новой жизни, ища в ней надежду на улучшение своей участи: «Вот я сорок лет живу на свете, - не было лета, чтобы не кочевал. Теперь нам все земли вернули, - хлеб стали сеять, летом приедем убирать, - это тяжелее» - говорит его герой в книге очерков «Годы, тропы, ружье (По золотым горам. Южный Алтай)». Сравнивая два исполкома – русский и казахский – писатель отдает предпочтение казахскому: «Чтобы разузнать о дальнейшей дороге, я зашел в катон-карагайский русский исполком. И сейчас же сбежал оттуда. Порядок, тишина и казенная скука испугали меня. Секретарь сообщил мне, что я должен поехать за тридцать километров за пропуском, если хочу проехать на озеро Маркакуль, лежащее близ китайской границы. Уныло побрел я в другую - казахскую волость, Чингис-хайскую.

Здесь стояли галдеж и суета. У подъезда билось на привязи больше десятка лошадей. Внутри волости был настоящий базар. И никакой казенщины. Рябой казах остановил меня на крыльце, запросто попросил у меня папиросу и начал расспрашивать, куда и зачем я еду. Повел меня к секретарю. Там быстро объяснили мне, как лучше всего пробраться через Алтайский хребет, посоветовали махнуть рукой на пропуск, зарегистрировали мое удостоверение и тут же указали на пожилого казаха. Чудо Усейнова, который и взялся меня доставить до Успенского поселка. Настоящее человеческое отношение» [5.Валериан Правдухин  Годы, тропы, ружье (По золотым горам. Южный Алтай). - М: Советский писатель, 1968].

Пишет он, хотя и осторожно, о сложностях хода коллективизации в Казахстане, передавая несправедливость процесса на примере судьбы своего нового друга - Чудо: « А что, Чудо, лучше вам теперь живется?

- Куды! Много раз лучше.

Он на секунду по-детски серьезно задумался и решительно заявил:

- В десять раз лучше. Да, в десять раз!

- А почему это над тобой смеялся в волости делопроизводитель?

Чудо с веселым смехом завертел головой:

- В Больше-Нарым меня таскали. В тюрьме сидел девятнадцать дней. Я - середняк. А меня хотели записать в кулаки. У меня тринадцать лошадей - чертов дюжин, сорок баранов. А нам разве можно меньше иметь? Нельзя. Один-два жеребца на приплод, три-четыре кобылы. Ездить на них нельзя - не будут рожать. Пять-шесть лошадей для кочевок: семейство возить, кибитку возить надо. Вот наша беда! - жаловался Чудо добродушно. - А этого всякий не понимает. Нам, середнякам, плохо: стращают - ты уже буржуем стал. Так всегда - ни туды ни сюды - унда имес, мунда имес, как ку-кук, кукушка. Вот дурак Саметов приезжал, меня из коллектива гонял, а за мной другой товарищ ушел, он меня в тюрьму таскал. Старший начальник правильно рассудил: меня опять пущал». Рассказывая о благополучном исходе «методологического спора о допустимом уровне материального благополучия» кочевника, автор уходит от открытого обсуждения всей глубины проблемы, так как это было

совершенно невозможно в публичном пространстве литературного творчества советского писателя, но мы можем представить, какие драмы скрыты за страницами книги!

В.П. Правдухин рисует прекрасные пейзажи Южного Алтая, которые наполнены красками, звуками и ароматами предгорья: «Близилась ночь, но было еще светло. Десятый аул засыпал. В воздухе - разительная тишина. Каждый звук доносился с чудовищной четкостью. Великим покоем дышала природа. Десятый аул! Как несовместимо это арифметическое название с тихим вечером на склоне Алатайского перевала, с нежными тонами заката. Спокойное блеянье овец, редкое позвякиванье посеребренной уздечки, хруст лошадей, пережевывавших траву, огненно-красные провалы солнечных отражений меж сизых туч, бледневших и мельчавших с каждой минутой». Любуясь молодой девушкой, автор ощущает свою неразрывную связь с традициями русской классической литературы, подчеркивая, вместе с тем, и самодостаточность мира степи – такого яркого и умиротворенного одновременно: «Девочка-казашка, тонкая, гибкая Татыча с живыми бусинками глаз, вприпрыжку гнала мимо нас затерявшихся коз. Она была похожа на толстовскую Дину, бегущую к русскому пленнику. Аул тих и покоен. Великим покоем веет даже вот от этой медленно покачивающейся пестрой коровы, бредущей под гору. Лохматая белая собака трется о камень, на котором я сижу сейчас. Как быстро погасает небо, как незаметно исчезают и рушатся огненные пропасти заката меж сизых туч! Так же быстро и незаметно убегает жизнь». И снова возникает мысль о конечности жизни отдельного человека и бесконечности бытия [5].

Выступая с импрессионистской насыщенностью красок («Сколько разнообразных, неисчислимых, как звезды, оттенков на небе, готовом погрузиться в ночную темноту. Розовые барашки, сизо-сиреневые облака, сизые лохмотья туч, свинцовые, высоко заброшенные обрывки их, прозрачно-живая, как первый весенний цветок, оборка неба в прорезах кремлевидных гор, голубое полотно и выси, розоватые кружева на статной лиственнице, так ясно обрисовывающейся над горою, и, наконец, большие кусты полыни под обрывом гремящей реки»), Правдухин снова подчеркивает философскую мысль о единстве, неразделимости всего нашего мира: «Как велик мир! И как он един! Такая же

горькая полынь, такие же закаты я наблюдал во многих уголках моей родины - и на Урале, и в Оренбургских, Прикаспийских степях, на Севере, и в Саянах, и на займище за Колыванью, и в песчаной пустыне на озере Чалкар, и возле Москвы, и в Закавказье, на вершине Главного хребта» [5].

Язык очерков подчеркивает эту неразрывную связь. В художественном тексте Правдухина органично переплетаются казахская этнокультурная лексика (саба, турсуки для айрана; сурпа, кумыс, баурсаки; джайляу, байга и др.) и уральские диалектизмы (плавня, багренье, будара, ятовь).

Писатель вспоминает об утраченном очаровании детства и о неразрывности с этим уходящим миром: «Мог ли я, мальчишка, тогда думать, что этот, такой обычный, простой и чудесный мир когда-нибудь уйдет от меня? И что все имеет конец? … через два, самое большее три десятка лет не станет и меня. Но и сейчас не могу себе представить, что я когда-то не буду ходить по этой земле, перестану дышать ее теплыми запахами». Вот только в сроках своего ухода он сильно ошибался – а оставалось ему жить всего семь лет...

И последняя цитата. Прощальный взгляд на волны Урала. Пароход в последний раз причаливает к Бородинскому спуску, чтобы навсегда разлучить писателя с рекой его детства: «Над пароходом, над моей головой, в черном клочкастом облачном небе летела казара. В глубокой заводи под яром тяжело взметнулась какая-то крупная рыба. Так же как четверть века назад, на ятови переваливался жирный осетр, а вверху гоготали гуси, пересекая мир с севера на юг» [6]. И весь мир – с севера на юг – оказывается таким пустым и холодным без родного края, который увидеть Правдухину было уже не суждено…

Как писал Н.М. Щербанов, «Писателя интересовали проблемы исторической, социальной судьбы Приуралья, перед лицом которой собственные переживания казались порой незначительными, сугубо личными, затрагивающими интересы кратковременные и не совсем существенные. Собственная судьба писателя осмысливается на фоне народной жизни, в связи с историей родного края, в сопоставлении с движением всего живого в мире природы» [2:243]. Здесь можно не согласиться с ученым. Скорее именно отдельная человеческая судьба, боль каждого конкретного человека сплетается у Правдухина в

понимание общей судьбы страны и народа – такой непростой и трагической в XX в.

Отражением роли великого казахского народа, принявшего в свою братскую семью миллионы людей, сосланных и по принадлежности к «осужденным нациям», и по политическому навету, а во второй половине XX в. еще и целинников со всего СССР, встреченных как братьев, обогретых теплом широкой степной души – является новый государственный праздник – День Благодарности, который мы отмечаем 1 марта. Осознание истории Казахстана, его многонациональной культуры в этом контексте становится общегосударственной задачей.

Сложные процессы осмысления всей глубины многонациональной и политематической «библиотеки текстов» культурного наследия Приуралья как части Казахстана, начатое нашими учителями и наставниками – Н.М. Малечей и Н.М. Щербановым, – только вводятся в научный обиход, становясь предметом междисциплинарного исследования в лингвистике, литературоведении, истории и этнографии.

**Список использованной литературы:**

1. И.А. Бодуэн де Куртене "Национальный и территориальный признак в автономии" СПб, 1913, 27
2. Щербанов Н. Уральск литературный. – Уральск, 2008 г. – с. 356
3. Уральская старина. Рассказы из виденного и слышанного (Разыскал произведения, составил сборник и написал предисловие и замечаний канд. филол. наук Н.М. Щербанов. – Уральск, 2006. – 468 с.
4. Веяние времени: статьи. 4 том / Ш. Сатпаева.- Астана: Елорда, 2012.- 408 с.http://bibliotekar.kz/shamshijabanu-kanyshevna-satpaeva-vejani/t-g-shevchenko-v-kazahstane.html
5. Валериан Правдухин Годы, тропы, ружье (По золотым горам. Южный Алтай). - М: Советский писатель, 1968. http://az.lib.ru/p/prawduhin_w_p/text_1930_gody_tropy_ruzhie.shtml
6. Валериан Правдухин Годы, тропы, ружьё. (По Уралу на лодке). - М: Советский писатель,1968. http://az.lib.ru/p/prawduhin_w_p/text_1930_gody_tropy_ruzhie.shtml

ӘОЖ 342.4(574)

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АСАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ – ТАРИХИ ОБЪЕКТИВТІ ҚАЖЕТТІЛІК!

**Танзенов Д.Ж.**
М. Өтемісов атындағы БҚМУ-нің
оқытушы, магистр

Қазақстан – тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Оларды ортақ құрылымның аясына біріктірудің сара жолы – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болды.

Ассамблеяны құру идеясына Қазақстан қоғамының тарихи бастаулары алғышарт болды. 1995 жылы 16-ақпанда Президент Н.А. Назарбаев еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізді.

Елбасы республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт - Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде, 1995 жылы 1-наурызда Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблеяны құрды.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Ассамблеяның негізгі міндеттері төмендегіше:

1. Этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2. Халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3. Қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына

қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4. Азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Қазіргі таңда республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр.

2008 жылғы 20-қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті.

2010 жыл Қазақстан үшін сыртқы саясатындағы жемісті жылдардың бірі болды. Еліміз Ванкуверден Владивостокқа дейінгі аралықты қамтитын, дүниежүзінің 56 елі мүше беделді халықаралық ұйым – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағалық ісін өз қолына алды. Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуінің төрт ұстанымын жариялады – Сенім. Дәстүр. Толеранттылық. Транспареттік. Сол арқылы Қазақстан этносаралық және конфессияаралық келісім тәжірибесінің өзіндік үлгісіне ие бола оытырып, толеранттылық және мәдениетаралық диалог бағытындағы ел тәжірибесін ЕҚЫҰ кеңістігіне ұсынды. 2010 жылдың 1-2 желтоқсан күндері Астана қаласында ЕҚЫҰ саммиті өткізіліп, Елбасы бұл жиынды «Біз үшін біздің қоғамымыздың толеранттылық, дәстүрлерді құрметтеу, сенім мен өзара түсіністік тәрізді басты құндылықтарын паш етудің ғажайып мүмкіндігі» деп атады [4].

Бүгінгі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым. Жиырма екі жылдық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр. 2015 жылы елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық тойы республикалық деңгейде мерекеленді. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында «Ассамблея құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш-қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар - ел игілігі жолында ынта мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім - ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті [5]. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі - ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын

қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Халық бірлігі - мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, елімізде тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді. Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанның көпэтностық кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік берік орнады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қойған басты мақсаты және түбегейлі міндеті - этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. Осы мақсатта халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің көріністеріне тойтарыс бере отырып, азаматтардың құқықтық бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру да осы ұйымның төл парызы. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді.

Өнегелі ізгі бастамаларымен жаһандық бейбітшілікке зор ықпал еткен Қазақстанның тағылымды тәжірибелері әлем жұртшылығына үлгі болды. Бұған белгілі бір деңгейде Қазақстан халқы Ассамблеясы да өзінің елеулі үлесін қосты. Шындығында да, бүгінде Ассамблея Қазақстан халқының ортақ мінберіне айналып, әлеуметтік мәні зор мәселелер кеңінен талқыланатын қоғамдық институтқа айналып отыр.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**:

1. Указ Президента Республики Казахстан «Об образовании Ассамблеи народов Казахстана» // Собрание актов Президента РК и Правительства РК, - 1995. - №8.
2. Н.Ә.Назарбаев. Тәуелсіздік белестері. - Алматы, - 2003, - 158 б.
3. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалар жинағы (қазақ және орыс тілдерінде). - Астана: Елорда, - 2005, - 440 б.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ЕҚЫҰ-ның Саммитінде сөйлеген сөзі. 01.12.2010. / http: // kisi.kz /kk/ categories / vystupleniya/
5. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы. /http://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-nurly-zhol-bolashakka-bastar-zhol-zholdauy_a2715695

ӘОЖ 323.1(574)

## ҚАЗАҚСТАН –БІРТҰТАС БОЛАШАҚТЫҢ ОТАНЫ

**Журасова А.Ш.,**
т.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті.

Қасиетті қазақ жері татулықтың талбесігіндей. Осы тыныштық, татулық пен бірлік біздің тәуелсіздігіміздің берік қамалымына айналды. Қазақ жерін мекендеген жүздеген ұлт пен ұлыстың балалары бір шаңырақ астында осы бірлікті қасиетті де киелі ұғым ретінде қастерлеп отыр. Бұл олардың бірлігі бекем елдің болашағы да зор екенін түсінуімен тығыз байланысты.

Бұл бағытта сан ұлттың басын қосқан қоғамдық институт ретінде бүгінде өзінің маңыздылығын дәлелдеген Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысының маңызы өте зор. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болған Ассамблея біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлшегіне айналды. «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген астарында үлкен мәні бар осы бір сөз тіркестері біздің ынтымағымызды, халықтар достығын одан сайын нығайта түсері сөзсіз.. Тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде тағдырдың

жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тегі басқа болғанмен теңдігі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елдің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды алдынан күтетіні – бір тағдыр. Осылайша, елдігіміздің ертеңі «бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген ұғым ошақтың үш тағаны сияқты триадаға айналған. Қазақ халқы үшін Жеті киелі сан болса, осы санның киесіне бас ұрған Қазақ елі болашақ даму бағыты ретінде алдына жеті басым бағытты мақсат етіп қойып отыр. Сол жеті басымдықтың бірі Қазақстан патриотизмі. Ата-бабадан келе жатқан «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөздің бекер айтылмағаны түсінікті. Еліміздегі экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық үйлесімнің арқасында табысты жүргізіліп келеді. Бұл үйлесімді қалыптастыруда Ассамблея нағыз жалпыазаматтық және жалпыхалықтық институт ретінде қызмет атқарып отыр. Мен мынаны атап көрсетемін: Ассамблеяның XXI ғасырдағы миссиясы тарылып емес, кеңейіп келеді», – деген еді Қазақстан Президенті[1]. Елбасымыз осы жиында ұлттық бірлікті нығайту жөнінде бірқатар міндеттерді атап көрсетті. Ол қазақ халқы Қазақстандағы барлық этностық, әлеуметтік топтар үшін ұлттық мемлекеттік қауымдастықтың қуатты тарихи діңі болып табылатынына тоқталды. «Қазіргі заманғы қазақтар ата-баба дәстүрлерін ұстана отырып, бірліктің, толеранттылық пен патриотизмнің, мемлекет пен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетуі тиіс», – деді сонда Мемлекет басшысы. Ия, елдің иесі – қазақ ұлтына өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға септесетін жалпыұлттық тарихи сананы дамыту қажет. Қазақстан Президенті толеранттылықты қалыптастыратын өзіне тән әлеуметтік-мәдени ережелерін, салттары мен дәстүрлерін жалпыадамзаттық мақсаттағы материалдық емес мәдени мұралардың белгі-нышаны ретінде қарастыратын қазақ қоғамының ішкі бірлігін нығайтқан жөн екенін атап өтті. Ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып саналады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ментальділік моделін, елдің болашақ бейнесін «Қазақстан-2050» жаңа саяси бағытының негізінде қалыптастыру қажеттігін тағы бір еске салды. «Бұл

бейне шынайы, тартымды және рухтандырушы сипатта болуға тиіс. Жаһандық сын-қатерлер жағдайында біз өзіміздің мәдени кодымызды – тілді, салт-дәстүрді, құндылықтарды сақтай отырып қана оған балама бола алатын жауап қайтара аламыз. Ұлт бірлігін нығайтуда интеллигенция қызметі айрықша маңызға ие. Тек интеллигенция ғана қоғамды топтастырудың рухани үдерісіне басшылық жасай алады», – деді Елбасы. Елде индустрияландыру бағдарламасы жүзеге асырылуда, әлеуметтік жаңғырту жүргізіліп жатыр. Бұл – Қазақстан халқының бірлігінің ең берік, материалдық негізі. Бүгінде баршаға мәлім шындық мынау: бейбітшілік пен келісім саясаты тікелей экономикалық тиімділікке ие. Ішкі тұрақтылық инвесторлардың сенімінің бекуіне, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға септігін тигізеді. Осы жиында Ұлт Көшбасшысы мемлекеттің, қоғам мен діннің өзара ықпалдастығының тиімді моделін табу қажеттігіне назар аударды. Ол біздің еліміздің тарихи таңдауы зайырлы мемлекет пен қоғам болып саналатынын атап өтті. Қазақстан дәстүрлі діндерді қолдайды, бірақ кез-келген экстремизмді үзілді-кесілді теріске шығарады. Мемлекет басшысы екі онжылдық ішінде Қазақстанның жолы ұлттық табыстың өнегелі үлгісіне айналғанын тілге тиек етті.

«Бұл – бүкіл қазақстандықтардың еңбексүйгіштігі мен топтасуының нәтижесі! Бұл – ұлттың нағыз пассионарлық бұлқынысы! Бұл – тек күшті халықтарға ғана тән ұлы қабілет. Біз осындай халыққа айналдық және осы биіктікте қалуға тиіспіз! Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Біздің мерейтойлық сессиямыз – бүкіл қазақстандықтардың игілігі жолындағы жаңа жұмыстар үшін жақсы бастау. Алдымызда үлкен жоспарлар тұр. Оларды жүзеге асыру жаһандық өзгерістердің күрделі жағдайында жүретін болады[2,181].

Ұлттар көп, бірақ халық - біреу. Елбасы қазақ ұлтының орны бөлек екенін баса көрсетті. Қазақ халқы - барлық халықтарды өз айналасына жинап, береке-бірлікте ұстап отырған ұйытқы, темірқазық. Осы бірлікте қазақтардың дүниетанымы мен өмір сүру салттарының негізінде жатқан «Ел-жұрт», «Жеті ата», «қонақжайлылық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» сияқты ұғымдар ерекше орын алады. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен тыныштық

сақталып отыр. Сондықтан қазақтардың толеранттылықты қалыптастыратын өзіне тән әлеуметтік-мәдени ережелерін, салттары мен дәстүрлерін жалпыадамзаттық мақсаттағы материалдық емес мәдени мұралардың белгі-нышаны ретінде қарастыру аса маңызды қажеттілік.

Сонымен бірге басқа ұлттардың өз төңірегімізге топтасыру үшін Елбасының: «Біз бүкіл күш-жігерімізбен қазақтардың ішкі бірлігін нығайтуымыз қажет!», - деген сөзінде үлкен мән жатыр. Себебі, қазақ халқынсыз біздің елде ешқандай бірлік те, татулық та болмайды, болуы да мүмкін емес. Әрине, бұл тұрғыда мемлекеттік тілдің де орны бөлек. Басқа халықтардың тілдерінің барлығы мемлекеттік тілдің айналасында ұйысып отыр. Елбасы өз сөзінде елімізде тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтпағанын сөз етті. Дұрыс, ешкім өз тілін жоғалтпауы керек, бірақ барлығының да мемлекеттік тілді білуі міндетті.

Бір елде өмір сүріп отырған барлық халықтың тағдыры осы елдің тағдырымен біте қайнасып жатыр, осы уақыт аралығында Елбасы ұлтаралық алауыздыққа жол бермей, көптеген қиындықты жұмыла көтеруге шақырды. Елде қанша қиындық болса да, біз - бір ел болып жұмыла көтердік. Біз барлығымыз бір елміз, бір-бірімізден ешқайда кете алмаймыз, кетпейміз де. Қазір біздің елімізді де, Елбасымызды да әлем елдері мықты мемлекет, мықты саясаткер ретінде мойындап отыр. Мемлекет Басшысы барлық сөзінде ынтымақты, бірлікті әрқашан сақтау керектігін, біздің жеткен жетістіктеріміздің негізінде еліміздегі халықтардың татулығы жатқанын айтып отырады.

Еліміздегі экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық келісім мен үйлесімнің арқасында табысты жүргізілді. Алда да талай белестер бар, бірігіп жеңуге тиісті қиындықтар да жоқ емес. Дүние жүзінің кейбір елдерінде әлемнің үрейін ұшырып отырған оқиғалар орын алып жатыр. Елбасы осындай жағдайларды мысал ете отырып, қиындықтарды жеңуде жұмылып жұдырық болу керектігін алға тартты. Және жаңа жағдайларда Ассамблеяның нағыз жалпыхалықтық институт болуы тиіс екендігіне баса мән берді. «Ассамблеяның XXI ғасырдағы миссиясы тарылып емес, кеңейіп келеді! Өкінішке қарай, мұны барлығы бірдей, тіпті шенеуніктер де түсіне бермейді. Кейбіреулер Ассамблеяны этностық азшылықтың өкілдігі деп ойлайды», - деді Елбасы[2,345].

Татулығы мен ынтымағы жарасқан елге әрқашан бақыт қонып, құт даритынын данышпан бабаларымыз, ақын-жырауларымыз өсиет қылып айтып кеткен еді. Кейінгі ұрпақтың ата сөзін қастерлеп, сол сөздерді жадында ұстаса, өзге ұлыстармен ортақ мәмілеге келіп, достыққа ұмтылса бүгінгі Қазақ елін осындай қуатты елдің деңгейінде ұстап тұратыны сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Указ Президента Республики Казахстан «Об образовании Ассамблеи народов Казахстана» // Собрание актов Президента РК и Правительства РК, - 1995. - №8.
2. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалар жинағы (қазақ және орыс тілдерінде). - Астана: Елорда, - 2005, - 440 б.

УДК 339.924(574)

## ИДЕЯ ЕВРАЗИЙИСТВА КАК ОСНОВА ИНТЕГРАЦИОННОГО ПРОЕКТА

**Абдрахманова Г.С .**, преподаватель ЗКГУ
им. М. Утемисова, магистр

Основа формирования интеграционных объединений на постсоветском пространстве начинается с объединения стран СНГ и заключения между государствами-членами Содружества первых интеграционных соглашений.

Одним из проектов по реформированию республик тогда еще существовавшего Союза в виде «мягкой» федерации был Евроазиатский союз (1989 г.), автором которого является А. Д. Сахаров, представитель «демократической» фракции Съезда народных депутатов СССР. Проект предполагал предоставление суверенитета и права на отделение от Союза примерно пяти десяткам равноправных республик, которые ранее были советскими республиками и автономными районами СССР[1]. Воплощение этого проекта могло бы привести к полной дезинтеграцией пространства Советского Союза.

В 1991 г. был проведен Всесоюзный референдум о сохранении Советского Союза, на котором был представлен проект децентрализованной федерации Союза Суверенных Государств (ССГ), разработанный на основе новоогаревского процесса. В соответствии с Договором о Союзе Суверенных Государств «государства, образующие Союз, обладают всей полнотой власти, самостоятельно определяют свое национально-государственное устройство, систему органов власти и управления, они могут делегировать часть своих полномочий другим государствам - участникам Договора»[2].

Тем не менее, в результате событий 19 августа, направленных против динамичной дезинтеграции СССР, Союз Суверенных Государств не был создан. Кроме того, на территории бывшего Советского Союза начался «парад суверенитетов».

Позже М. Горбачев писал: «Августовский путч сорвал процесс формирования новых союзных отношений между суверенными государствами, усложнил и подстегнул дезинтеграцию - уже не только государства, но и общества. Понимая всю опасность новой ситуации для демократических преобразований, возобновление работы над Союзным договором я рассматривал как самый главный приоритет».[3]

На начало 90-х годов внешняя политика России в постсоветском пространстве по-прежнему была инструментом для реализации узких интересов правящих элит во многих отношениях. У правительства России, несмотря на заявления о том, что постсоветское пространство является одним из приоритетов внешней политики, не сразу получилось переключиться на разработку нового концептуального подхода к взаимосотрудничеству с другими партнерами в связи с необходимостью решения текущих проблем.

В декабре 1991 года Республика Беларусь, Россия и Украина выступили «Высокими Договаривающимися Сторонами» Соглашения о создании Содружества Независимых Государств. Это соглашение официально сообщило о полном распаде Советского Союза и учредило СНГ.[4]

На Алма-атинской конференции 21 декабря 1991 г. на основе Протокола к Соглашению о создании СНГ к Содружеству присоединились другие постсоветские государства – Армения,

Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Молдова, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан, ав 1993 г. присоединилась и Грузия.[5]

Алма-Атинская встреча явилась одним из важнейших этапов в формировании независимых субъектов международного права на постсоветском пространстве, процесс трансформации бывших советских республик в суверенные государства был фактически завершен.

Подписание Алма-Атинской декларации, в которой излагаются основные цели и принципы Содружества, стало главным итогом встречи глав государств.[6] В частности, был зафиксирован самый важный принцип интеграционного характера, заключающийся в том, что в рамках Содружества, «подтверждается приверженность сотрудничеству в формировании и развитии общего экономического пространства, общеевропейского и евразийского рынков».[7]

С усилением дезинтеграционных процессов деятельность по проекту ССГ начала новый старт. Перед государством встал вопрос, касающийся модели будущего государственного образования: союзное государство или союз государств? В ноябре 1991 г. на государственном Совете в Ново-Огарево представители суверенных республик пришли к следующему заключению: «...должно быть конфедеративное союзное государство».[8]

Было принято решение о заключении договора о создании ССГ 9 декабря 1991 г., но 8-го декабря было подписано Беловежское соглашение, которое юридически подтвердило распад Советского Союза и создание Содружества Независимых Государств.

Любопытен тот факт, что 9 декабря 1991 г., когда планировалось подписать соглашение о создании конфедеративного Союза суверенных государств, был подписан Маастрихтский договор для проекта трансформации Европейского сообщества в конфедерацию – Европейский Союз.[9]

Советский Союз распался, на его территории происходили вооруженные конфликты. Общее гуманитарное, социальное, экономическое, торговое пространство было разделено границами суверенных государств. Визовый режим был

установлен между бывшими советскими республиками, после введения национальных валют рублевая зона разрушилась, усугубились взаимные притязания, в том числе по поводу проведения границ.

Становлению Евразийской интеграции стран СНГ в 1990-м г. мешала многосторонняя борьба центробежных сил, тенденций и ресурсов. Академик С. Глазьев отмечает, «…в силу сочетания разных объективных и субъективных факторов процесс затянулся и становится проблемой, которую нужно анализировать, обсуждать и решать».[10] Реализовано было лишь около 10% договоров в рамках СНГ.

Предложения о создании Таможенного союза начали поступать с 1995 г., когда было подписано соглашение между Россией и Беларусью. Спустя некоторое время к ним присоединился Казахстан, а в 1996 г.– Кыргызстан, вступивший в 1998 г. в ВТО.

Л. Б. Варданский и А. Г. Пылин отмечали, что «задача этого этапа формирования Таможенного союза – правовое оформление сближения таможенной политики, ликвидация таможенных ограничений во взаимной торговле, переход к единому таможенному регулированию в отношении третьих стран».[11]

Таким образом, в прошлом советские республики, а в настоящем независимые государства, субъекты международного права, с момента принятия решения о распаде Советского Союза поняли объективную востребованность, сохранения и перехода к следующему уровню развития экономических связей, сложившихся между ними уже очень давно. По мере появления новых областей межгосударственного сотрудничества государства выбрали путь интеграции.[12]

В 1993 г. положение интеграции в Уставе Содружества Независимых Государств было официально закреплено. Согласно ст. 2 настоящего документа, одной из целей Содружества была провозглашена «межгосударственная кооперация и интеграция».[13]

Цели интеграции начинают формироваться в 1993-1994 гг., в это время государства-члены СНГ пытаются объединить все 12 стран СНГ в Экономический союз. Планировалось, что путь к экономическому союзу на основе государств СНГ пройдет в несколько этапов: это

- межгосударственная зона свободной торговли;
- таможенный союз;
- общий рынок товаров, услуг, капитала и рабочей силы;
- валютный союз.[14]

Для реализации обозначенных этапов был принят ряд сопутствующих документов. В частности, следует отметить следующие соглашения: Договор о создании единого экономического пространства (1994 г.), Соглашение о создании зоны свободной торговли (1994 г.), Соглашение о создании Платежного союза Государств-участников Содружества Независимых Государств (1994 г.).

Вместе с тем, многие из соглашений, разработанных к данному периоду, так и не были приняты. Они являлись своеобразной "декларацией о намерениях", так не налагали никаких конкретных обязательств на стороны, однако определенные обязательства должны быть согласованны в двусторонних и многосторонних договорах. Практические меры, принятые для реализации интеграционных инициатив, также были отложены из-за отсутствия реальной политической воли со стороны руководителей соответствующих государств.[15]

В 1994 г. Н.А. Назарбаев предложил идею о развитии Евразийского Союза Государств, во время своего первого официального визита в Россию.[16]

Однако, по мнению А. Е. Лихачева «в межгосударственных отношениях преобладали в большей степени дезинтеграционные тенденции, приоритетным являлся процесс самостоятельного формирования национальных государств и их экономических систем, кроме того, постепенно образовывались новые национальные элиты, желающие осуществлять независимую внутреннюю и внешнюю политику».[17]

В связи с этим бывшие союзные республики были не готовы, по объективным причинам, приступить к реализации идеи «евразийской интеграции» на столь раннем этапе. Исходя из этого, бывшие советские республики не были готовы и к реализации идеи «евразийской интеграции» на такой ранней стадии.

Однако, несмотря на отмеченные выше тенденции, перед государствами встала проблема, заключавшаяся в том, что разрыв экономических отношений, которые развивались на

протяжении веков, распад единого экономического пространства, которое существовало между бывшими субъектами Советского Союза – все это повлекло за собой громадные экономические издержки, в частности, уменьшение объемов производства, сокращение количества предприятий, рост цен, безработица и, как следствие, общее снижение уровня жизни.[18]

Вскоре после распада Советского Союза постсоветские государства были вынуждены искать пути восстановления и развития экономических отношений в новом формате.

На форумах и конференциях по обсуждению конфедеративного проекта неизменно присутствовали Россия, Белоруссия и пять республик Центральной Азии. На современном этапе развития все эти страны по-прежнему заинтересованы в интеграционных процессах. Основным участниками являются Казахстан, Беларусь и Россия.[19]

Большинство инструментов взаимодействия в ЕврАзЭС были созданы на основе опыта и правил деятельности Европейского союза. Однако в евразийской интеграции обязательно учитывается специфика региона и его геополитическая обстановка. Если провести сравнение между экономической интеграцией и постсоветскими странами с механизмом, по которому формировался Европейский Союз, то экономическая интеграция развивалась неравномерно, что лишний раз говорит о специфике Евразийского региона.

По мнению В.Н. Бурмистрова, «на Содружество Независимых Государств часто возлагают надежды по интеграции постсоветских стран, однако оно уже исполнило свои дезинтеграционные функции и теперь является лишь напоминанием прошлого единства. Принимая во внимание вышеназванную особенности и учитывая отсутствие альтернативных организаций, объединяющих большую часть постсоветских государств, стоит считать Содружество полезным. В отличие от СНГ проект Евразийского союза предлагает общую объединительную идею, выступает прообразом будущего объединения стран и народов уже на гораздо более высоком уровне».[20]

В феврале 1999 г. был подписан Договор о Таможенном союзе и Едином экономическом пространстве. Его подписание привело к развитию:

- конкретной концепции разработки новейшего механизма взаимоотношений в экономической, специальной, таможенно-тарифной, общественной и правовой сферах участников ТС;

- создание действующей единой таможенной территории;

- согласование введения новых единых ставок таможенных пошлин;

- развитие технологий общего тарифа и торговой политики членов ТС.[21]

Отношения между бывшими советскими республиками были весьма противоречивыми. Данные отношения очень сложно понять и оценить без тщательного анализа истории как советского периода, так и дореволюционной России. Взаимозависимость бывших советских республик оставила глубокий след на характере их государственного строительства после развала Советского Союза.[22]

Евразийского союз основан на проекте, включающим в себя концепцию евразийства, которая отражает специфику бывшего Советского Союза. По мнению А.Е. Чаевича, евразийство понимается как философия интеграции бывшего Советского Союза, основанная на демократической, ненасильственной и на добровольной основе без доминирования какой бы то ни было этнической или религиозной группы.[23]

А.О. Четвериков предлагает рассматривать евразийство как цивилизационную концепцию, которая стремится стать новой идеологической платформой взаимопонимания и сотрудничества в более широком конгломерате различных сил, государств, наций, культур и религий, которые отказываются от атлантической глобализации.[24]

Евразийский союз представляет «цивилизационный концепт, который призван стать новой мировоззренческой платформой взаимопонимания и сотрудничества для широкого конгломерата различных сил, государств, народов, культур и конфессий, отказывающихся от атлантической глобализации».[25]

С точки зрения Н. А. Назарбаева, основной составляющей процесса объединения выступает Россия, экономически и геополитически самая сильная страна на постсоветском пространстве. Как показывает опыт работы СНГ, республики «вынуждены решать свои экономические и геополитические

проблемы в одиночку. Слабые, как мы знаем, не выбирают союзников, а подчиняются тому, кто сильнее».[26]

Середина 1990-х гг. является важнейшим поворотным моментом в интеграционных тенденциях. На этом этапе стремление к интеграции на постсоветском пространстве было постепенно заменено на тенденцию субрегиональной интеграции. Постепенно развивалось и «ядро интеграции» в рамках тройки государств, более всех заинтересованных в расширении интеграции под эгидой России – это Беларусь, Казахстан и Россия. «Первым шагом на пути к интеграции в более узком составе стало Соглашение о Таможенном союзе, подписанное в январе 1995 г. руководителями «тройки».[27]

Таким образом, отношения между новыми государствами бывшего Советского Союза в начале 2000-х гг. в значительной степени определялись форматом интеграционного сотрудничества в экономической, социально-культурной и военно-политических областях в рамках Содружества Независимых Государств (СНГ), Евразийского экономического сообщества (ЕврАзЭС), Организации Договора о коллективной безопасности (ОДКБ), Таможенного союза (ТС), Единого экономического пространства (ЕЭП), Зоны свободной торговли СНГ (ЗСТ СНГ), Шанхайской организации сотрудничества (ШОС). При этом ряд государств постсоветского пространства оказались готовы к выходу на новый уровень интеграции, выразившийся в создании Евразийского экономического союза.

## Список использованной литературы:


1. Проект: Договор о Союзе Суверенных Государств 27 ноября 1991 года. URL: http://www.bibliotekar.ru/mihail-gorbachev/85.htm (дата обращения: 06.04.2016).
2. Сахаров А.Д. Конституция Союза Советских Республик Европы и Азии. URL: http://www.sakharov-archive.ru/Raboty/Constitution.htm (дата обращения: 06.04.2016).
3. Чернявский С. Политика России в Центральной Азии и Закавказье в 1992–2002 годах // Наринский М., Мальгин А. Южный фланг СНГ. Центральная Азия — Каспий – Кавказ: возможности и вызовы для России: монография. Иноцентр. — М.: ЛОГОС. МГИМО. Вып. 1. 2003. С. 35–54.
4. Грузия официально вышла из состава СНГ в 2009 г.

5. Алма-Атинская Декларация от 21 декабря 1991 года. URL: http://cis.minsk.by/reestr/ru/ index.html#reestr/view/text?doc=4 (Датаобращения: 06.04.2016).

6. См. Алма-Атинская Декларация от 21 декабря 1991 года. URL: http://cis.minsk.by/reestr/ru/ index.html#reestr/view/text?doc=4 (Датаобращения: 06.04.2016).

7. Горбачев М.С. Декабрь-91. Моя позиция. URL: http://lib.ru/MEMUARY/GOR-BACHEV/poziciya91.txt (дата обращения: 06.04.2016).

8. 1990—1999. A Europe without frontiers. URL: http://europa.eu/abc/history/ 1990-1999/1991/index_en.htm (датаобращения: 06.04.2016).

9. Горбачев М.С. Декабрь-91. Моя позиция. URL: http://lib.ru/MEMUARY/GOR-BACHEV/poziciya91.txt (дата обращения: 06.04.2016).

10. 1990—1999. A Europe without frontiers. URL: http://europa.eu/abc/history/ 1990-1999/1991/index_en.htm (датаобращения: 06.04.2016).

11. Глазьев С. Проблемы евразийской интеграции//Европейский клуб, № 11. С. 14.

12. Внешнеэкономические связи постсоветских стран в контексте евразийской интеграции/ Л. Б. Варданский, А. Г. Пылин. — М.: ИЭ РАН. 2014. С. 48.

13. Четвериков А.О. Правовые аспекты формирования Евразийского Союза// Основы правового регулирования интеграционных процессов на постсоветском пространстве: монография/ под ред. С.Ю. Кашкина. М.: Норма: ИНФРА-М, 2013. С. 11-59.

14. Устав Содружества Независимых Государств от 22 января 1993 года. URL: http://cis. minsk.by/reestr/ru/index.html#reestr/view/text?doc=187 (Датаобращения: 06.04.2016).

15. Четвериков А.О. Правовые аспекты формирования Евразийского Союза// Основы правового регулирования интеграционных процессов на постсоветском пространстве: монография/ под ред. С.Ю. Кашкина. М.: Норма: ИНФРА-М, 2013. С. 11-59.

16. Алимкулов Р. Становление единого экономического пространства - этап интеграции на (евразийском) постсоветском пространстве // Право и государство. 2011. № 2 (51). С. 77-83.

17. Лихачев А.Е. Таможенный союз и Единое экономическое пространство России, Белоруссии и Казахстана: этапы и перспективы интеграционного строительства // Интеграционные процессы в мире и на пространстве СНГ: накопленный опыт, современные тенденции и перспективы / под общ. ред. С.И.Долгова, А.Н. Спартака. М.: ВАВТ, 2011. С. 109-132.

18. Бурмистров В.Н. Актуальные проблемы международной торговли: курс лекций. М.:

19. Весть. 2004. С. 169-176.

20. Четвериков А.О. Правовые аспекты формирования Евразийского Союза// Основы правового регулирования интеграционных процессов на постсоветском пространстве: монография/ под ред. С.Ю. Кашкина. М.: Норма: ИНФРА-М, 2013. С. 11-59.

21. Кошель А. Политические детерминанты евразийской интеграции// Международная жизнь. 2014. № 11. С. 14-15

22. Руденков И.Н. Особенности развития региональной интеграции на постсоветском пространстве // Интернет-журнал Науковедение. 2013. № 6 (19). С. 90.

23. Чаевич А.В. Евразийский Экономический Союз как новая форма интеграции на постсоветском пространстве // В сборнике: Современное общество, образование и наука сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции: в 9 частях. 2014. С. 137-138.

24. КасеновУ. Интеграция в СНГ: состояние и перспективы // Панорама. 1997. 11 апр. С. 7.

25. Алимкулов Р. Становление единого экономического пространства - этап интеграции на (евразийском) постсоветском пространстве // Право и государство. 2011. № 2 (51). С. 77-83.

26. Кошель А. Политические детерминанты евразийской интеграции// Международная жизнь. 2014. № 11. С. 14-15.

ӘОЖ 334.784(574)

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

**Сабыргалиева Н. Б.,** М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы, тарих магистрі

ХХ ғ. басында орыс эмигранттарының негіздеген «Еуразияшылдық» идеясы Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін сатылы түрде іс жүзіне аса бастады. Бұл идеяны қайтадан күн тәртібіне енгізген Н.Ә. Назарбаев 1990ж. посткеңестік ауқымдағы саяси үрдістерді сезіне отырып, еуразиялық құрлықтағы тұрақтылық пен жаңа құрылған мемлекеттер арасындағы ынтымақты күшейту мақсатында күш жігерін аямады. Бүгінде идеяның алғышарттарын құрайтын ТМД, ШЫҰ, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық одағы, ЕурАзЭҚ т.б. одақтар мен қауымдастықтар заңды түрде жұмыстарын атқаруда.

1990 ж. Еуразия кеңістігінде құрылған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің дамуы 1994 жылға қарай өзінің бастапқы қадамдарын жасап, әлем деңгейінде танылa бастады. Әрбір мемлекет өзінің ұлттық валютасын, шекарасын, мемлекеттік басқару жүйесі мен стратегиялық даму жолын таңдады. Мемлекеттің тәуелсіздігін қалыптастырғаннан кейін интеграциялық сипаттағы процестерді ескере отырып, тарихи, геосаяси және мәдени алғышарттарға баса көңіл аударылды [1, 47 б.].

Өткен жылдар өзінің жақын көршілерімен сапалық және қарым -қатынасқа көшу тіпті де оңай емес екенін көрсетті. Бұрынғы геосаясаттың қалыптары ойлағандағыдан әлдеқайда қиын болып шықты. Сонымен бірге тәуелсіз жаңа мемлекеттердің дербес даму жылдары да егемендікке деген саналы құлшыныстарды қанағаттандырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүрген елдер мен халықтардың бір-бірінен тәуелсіздігінің шекараларын да көрсетіп берді. Бір-бірімен өзара байланыс дәрежесі де, бір-бірінен экономикадағы, қорғаныс мәселелеріндегі, ғылым мен мәдениет әлеміндегі, алуан қырлы адами қатынастар саласындағы өзара тәуелділік дәрежесі айқын көрінді. Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, ескі тәртіптің қирауымен бір мезетте тез арада-ақ

жер-жердің бәрінде батыс демократияларындағы сияқты азаматтық қоғам да, демократиялық мемлекет те орныға қалды дейтін әуелгі кездегі үміт жәй қиял болып шықты [2, 204 б.].

Тәуелсіздік алуымен байланысты Қазақстанның алдынан, шын мәнінде, болашақтағы өркениетті дамудың үш жолы, үш мүмкіндігі тұрған еді. Біріншісі - батыстану, біртіндеп батыстық үлгіге бой ұруға деген құлшыныс. Екіншісі - шығысқа, мұсылман әлеміне бағыт ұстау. Ал үшіншісі - Батыс пен Шығыстың жетістіктерін және сонымен қоса тарихи тәжірибесі мен тарихи-мәдени дәстүрлерін, сондай-ақ қазіргі геосаяси шындықты ескеретін өзіндік үлгі қалыптастыру болатын [3, 395 б.].

Н.Ә. Назарбаев біздің бірінші мүмкіндігіміз Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды дейді. Әлемдік экономикалық және саяси процестердің ауқымдану процесі осы факторды түйінділерінің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді. Атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылған болатын. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі.

Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлары туралы айтпағанның өзінде, осы себептен, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Еуразия идеясын ұсынып және оны дамыта беретіндігін, әрі оның стратегиялық болашағына сенетіндігін білдіреді. Елімізбен шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де тиімді транзиттік әуелетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастықпен жасау керектігін ескерген жөн [4, 19 б.]. «Қазақстан Еуразия одағын құру жөнінде үлгілі бастама көтеріп, ұсыныс жасады. Бұл Достастықты бір сілкінткендей жәй болды. Бұл үлгілік жобада көзделген идеялардың көпшілгі кейіннен екі жақты, көп жақты шарттар түрінде жүзеге асты. Мұның өзі экономикалық салада, кеден одағын құруда, азаматтық мәселелерін шешуде нақты нәтижелерге қол жеткізді. Ғасырдың соңында «интеграция» ұғымның мәнін салиқалы түрде қайта пайымдайтын болсақ біріншіден, біз ешқандай

идеологиялық, діни немесе өркениеттік аңыздар мен өлшемдерге артықшылық атаулыны қабылдамаймыз. Басты өлшем тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік мүддесі. Екіншіден, біз қай істе де прагматизмді ұстанамыз. Иә, тарихтың ұлы ұстаз екені рас, дегенмен мәңгі бақи оның аясында қалып қалуға болмайды. Біз өткенді көксей бермей, Еуразия кеңістігіндегі тарихи байланыстарымызды жаңаша сипатқа көшіруіміз керек. Үшіншіден, әртүрлі интеграция құрылымдарында болып көргендегі тәжірибеміз бүгінгі таңдағы интеграцияның әмбебап принциптерінің артықшылықтары мол екенін дәлелдеп отыр. Бұл принциптер - теңдік пен еріктілік. Күштеп бірікіру деген «империялардың қаңқасын құрап» жүретіндердің сандырағында ғана қалған. Төртіншіден, интеграция эволюциялық жолмен дамыса ғана сенімді болмақ. Революциялық оқыс сілкіністер, аяқ астынан біріге қалу, байыбына бармай жатып конфедерация құра салу сияқты қадамдар қалыпты және табиғи дамып келе жатқан процеске тек залал келтіруі мүмкін. Ақыр аяғында, бір бағыттағы интеграция қадамдары басқа бір бағыттағы қадамдардан бас тартуға соқтырмауға тиіс. Бүгінгі әлемде аймақтық орталықтардың неше түрі бар, олар сонысымен де мықты болып отыр. Мұның өзі Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделерімен әбден орынды қабылдасады» - деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев [5, 40-42 бб.].

Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы 29 наурызда Мәскеуге арнайы сапары кезінде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор - оқытушылар құрамы және студенттермен кездесуі болды. Осы интелектуальды аудиторияның алдында кеңестен кейінгі аймақтағы мемлекеттердің даму перспективасы туралы лекция оқығанда, ТМД-ға мүше елдердің мүлдем жаңа бірлестігін құру идеясын және оны Еуразия одағы (ЕАО) деп атауды ұсынды [6, 93 б.].

Еуразия одағының қажеттігі жөнінде: «біз бір-бірімізге сенуге мәжбүрміз. Қараңыздар көпжылдық мемлекеттік Еуропа елдері бірігуге бастайды, ол жақта жаңа «конфедерация» сөзі жиі айтылады. Олар әлемдік рыноктың қатал поляризацияланатынын өте жақсы түсінеді» деп мәлімдеген болатын Н.Ә. Назарбаев [7, 15б.].

Еуразиялық одақ жобасын дайындау үстінде Достастық елдеріндегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму сатыларына асқан дәлдікпен жасалған талдаулар, тәуелсіз жас

мемлекеттердің заң шығарушы негіздерін мұхият зерттеу, сондай-ақ ТМД мемлекетері мен үкіметтерінің басшылары қабылдаған, бірақ заңдық күшіне енбей қалған құжаттардың юристік сараптары пайдаланылған. Осының бәрі Н.Ә. Назарбаев ұсынған мемлекеттердің жаңа құрылымын әлеуметтік-экономикалық жаңғырту, олардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін жаңа сапалы интеграциялық бағытта күшейту бағдарламасы нақтылы саяси, экономикалық, тарихи және географиялық жағдайларға нық байланыстырған болатын.

Қазақстан Республикасы халықтардың тарихи тағдырының бір екенін, оның дамуы әлемдік қауымдастық интеграциясының артуы жағдайында өтетінін түсініп, ТМД шеңберіндегі жан-жақты, сан-салалы интеграцияны қолдайды. Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын ұсынғаннан кейін, ол ТМД елдері көлеміндегі интеграциялық процестің қарқынды түрде жүруінің негізі болды [8, 46 б.]. Мемлекетердің Еуразия одағын қалыптастыру туралы жобасы үстінде қызу жұмыстар жүргізіліп, ол 1994 жылы 3-маусымда ТМД мемлекеттерінің басшыларына жолдады. 6-маусымда бұл құжатпен қазақстандықтар танысты. Ал 8 маусымда Еуразиялық одақ жобасының толық мәтіні «Независимая газетінде» басылып, басқа ресейлік БАҚ-тар оған түсініктемелер жарияланған болатын. Еуразиялық одақ идеясының таралған күнінен бастап одақ төңірегіндегі пікірталастар сапалық жаңа үнге ие болды.

Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ жобасының мәнін ТМД-ның кешегі кеңестік кеңістіктегі ықпалдастықтың бірден-бір түрі болып қала алмайтындығын, сондықтан аймақтық және салалық бірлестіктер қалыптастыру керек екендігін ашық айтып, түсіндіреді. Уақыт ол пікірдің дұрыстығын дәлелдеп, Үш мемлекетік Кеден одағы, Орталық-Азиялық одақ ықпалдастық түрлерінің дүниеге келгені мәлім. Еуразиялық одақ жобасы жақын уақытта ТМД елдерінің дамыған экономикалық одақтарға тең құқылы ықпалдас боп кіре алмайтындықтарын жақсы сезінгендіктен туындаған. Мұны уақыттың өзі көрсетіп отыр. Басқа технологиялық және басқа да құрылымды экономикалық аймақтарға дендеп енудің әншейін құрғақ қиял екендігіне көз жете бастады. Дегенмен де біздің мемлекеттеріміз Батыс пен Шығыстың аса ірі халықаралық ұйымдарына белсене атсалысып келеді. Алайда Н.Ә. Назарбаев мұның біздің кешегі кеңестік кеңістіктегі ықпалдастықты жақтауға және оны басым міндет

санауға еш кедергі келтірмейдігін атап көрсетеді.

1994 жылы қыркүйек айында Алматы қаласында «Еуразия кеңістігі: ықпалдастық мүмкіндіктері және олардың жүзеге асуы» деген тақырыбында өткен ғылыми-практикалық конференцияға Достастық елдерінің барлығынан мемлекет, қоғам, саяси қайраткерлері, ғалымдар, ақпарат өкілдері қатысқан болатын. Конференцияға қатысушылар өздері қабылдаған қорытынды құжатта мемлекеттердің Еуразия одағы идеясын және басқа ықпалдастық жобаларын пайдалана отырып, ТМД ықпалдастық мүмкіндіктерін бекіте түсу жолында қадам жасауы ұсынылды. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысы ТМД мемлекеттері басшыларының Мәскеудегі кездесуінде «Еуразия одағы болуы керек» деген үндеу жолданды. Онда тәуелсіз мемлекеттердегі алпыстан астам ұжымдық қатысушылар атынан Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасын қолдау қажеттілігі айтылды: «Бүгін ТМД бұл қалпында өмір сүре алмайтыны анықталып отыр. Ынтымақтастықтың жаңа түрлері, экономикалық, қорғаныстық, дипломатиялық, экологиялық жаңа шарттар жасауы қажет» [6, 94 б.]. Олардың қызметін жүргізетін бірлескен құрылымдар құру керек. Ол ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп, бір-біріне қолдау көрсетіп келе жатқан халықтарға қажет. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының бастамасымен ұйымдасқан «Жаңа келісімге» атты форум Еуразия одағын құруды толығымен қолдады.

Н.Ә. Назарбаев 1994 жылдың қазанында Мәскеу саммитінде «Еуразиялық одақ» деген шартты атаумен жаңа мемлекетаралық бірлестік құрудың жобасын ұсынды. Еуразиялық Одақ - әрбір мүше елдердің ұлттық мемлекеттік мүдделерін іске асыруға бағытталған тең тәуелсіз мемлекеттер одағы. Еуразиялық Одақ - кеңестен қалған аймақтағы әлеуметтік-экономикалық дамуды, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мақсатындағы егемен мемлекеттердің интеграциясының формасы деп саналады.

Қазақстан Республикасының президенті өзінің Еуразиялық одақ идеясының байыптамасын Қазақстанның жаңа елдордасы Астанадағы мемлекеттік университетке өзін «соңғы еуразияшылмын» деп атаған Л.Н. Гумилевтың атын берумен бастады. Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын 1994 жылы Мәскеудегі М. Ломоносов атындағы университтетегі оқыған лекциясында егжей-тегжейлі баяндағаннан кейін, бұл ұсынысты

бір топ ғалымдар қолдаған болатын. Бұл идеяның бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқылауға да ғалымдар мұрындық болды. Бұл идеяның ұсынылуымен осы идея төңірегінде қызу жұмыстар жүргізілді.

Еуразиялық одақ құру идеясы тек қазақстандық және ресейлік саясаткерлердің арасында талқыланып қана қойған жоқ еді. Еуразиялық одақ туралы идеяға байыпты назар аударып жүргендердің арасынан, мәселен, Мәскеуде тіркелген АҚШ, Ұлыбритания, ГФР, Швеция, Чили, Словения, Болгария және Чехия елшілері Т. Пикерингті, Б. Фоллды, О. Габленцті, С. Хирманды, Д. Холгерді, С. Гержинаны, Х. Милодиновты, Р. Саланскиді көруге болады. Бұлар жобаның экономикалық және саяси тұрғыдан да, мәдени -рухани тұрғыдан да тиімді әрі пайдалы екенін атап көрсеткен. Бір ғасырдан астам уақыт бойы еуразияшылдық идеясының жөніндегі пікірталастар тоқтайтын емес. Бұл жөнінде ертедегі славянофилдер мен батысшылдар, белгілі ойышылдар мен қазіргі кездегі теоретиктер өз көзқарастарын білдіруде. Барлық еуразиялық тұжырымдамалар Еуропа мен Азия, Шығыс пен Батыс халықтарының өмір сүру ыңғайы мен діл, мәдениет пен құндылықтар жүйесінің бір-біріне қарама-қарсы тұруына негізделген. Еурзияшылдық - бұл тек географиялық емес, мәдени әлеуметтік түсінік. Сол себепті, еуразияшылдықтың біріктіруші интеграциялық құндылықтары мен мүмкіншіліктерінің берер пайдасы зор [9, 28 б.].

Қорыта келе Еуразиялық одақ орталықтанудан қашу және жаппай ыдырау белең алып жатқан шақта посткеңестік аумақты қайта байланыстыруға бағытталған негізді және ілгері жылжуды көздеген жоба. Бұл жобаның төңірегінде пайда болған айтыс-тартыстар мен пікірталастар кейінгі жылдары осындай ынтымақтастыққа, әріптестік пен одақтастыққа мүделі елдерді іріктеп шығарды. Еуразиялық одақ жобасы XXI ғасырға өркениетті жолмен енуге шынайы мүмкіндік береді. Бүгінде тәуелсіз егеменді мемлекеттередің қарқынды дамуына кедергі болып отырған күрмеулі жайлардың бәрін Еуразиялық одақ жобасының шеңберінде шешуге әбден болады.

Қоғамның ең қалың ортасында мұндай түсінушілік пен мақұлдаушылық Қазақстан басшысы ұсынған кірігу нақты іске асыру жаппай қолдау табатынынан сенім ұялатты. Оның үстіне, ғылыми пікірталастар барысында болсын, көптеген жарияланымдар болсын Еуразиялық одақ идеясы толып жатқан

жаңа қырларымен жарқырай түсіп, өзінің сарқылмас өміршеңдік әлеуетін танытты. Сондықтан ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің 1994 жылғы қазандағы мәжілісінде Еуразиялық одақ жобасын тиісті зерделеуден өткізгенен кейін Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ құру туралы хабарламасын ескеруге қабылдап, осы ұсыныста баяндалған негізгі идеяларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы кірігу үрдістерін тереңдету үшін пайдалануға ұйғарым жасалды.

Көптеген саясаткерлер нақ осы Еуразиялық одақ құру идеясы Достастық шеңберіндегі өзара ықпалдастықтың құрылымдары мен тетіктерін неғүрлым серпінді дамытуға, Мемлекетаралық экономикалық комитет құру туралы шұғыл түрде шешім қабылдауға мүмкіндік берді дегенге тоқтайды. Қазақстан Президенті бұл үсынысты сонау 1992 жылғы қаңтарда Бішкекте айтқан болатын, бірақ оны құрудың егжей-тегжейлі екі жылдан аса уақыт бойы пысықталды. Еуразиялық одақ идеясы берген серпін тапжылмай тұрған іске қозғау салды да, сол жылғы кездесудің өзінде-ақ мемлекет басшылары іс- қимылды үйлестіру мен бірлесе қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылау үшін мемлекетаралық экономикалық орган құру қажеттігімен келіскен еді.

Еуразиялық одақ идеясын ұсынғаннан кейін Н.Ә. Назарбаев өзінің екі мақсатының жүзеге асқанын айтады. Жұртшылық назарына ұсынылған еуразия одағын қалыптастыру жобасы алыс елдердің де, жақын елдердің де бұқаралық ақпарат құралдарының аузына ілігіп, ғылыми ортада қызу айтыстар туғызып, әлденеше конференциялар шақырылды. Соңғы екі жылдың ішінде ТМД елдері талай мәселені қолға алды. Халықаралық экономикалық комитет құрылды. Кеден одағына келісім шарт жасалды. Жобада оң пиғыл, теріс пиғыл ретінде атап өтілген талай құбылыстар іс жүзінде дәлелденді дейді. Сондай-ақ, өзгелердің тек қатесінен ғана емес, жетістіктерінен де үйрене отырып, теңдік қағидасына негізделген ықпалдастықтан ештеңе шықпайды, теңдікке, еріктілікке және өз мүддесіне ойлаушылыққа негізделген ықпалдастық тек Еуразияның лайықты болашағын қамтамасыз етіп қана қоймай, XXI ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың ең басты, ең зор сипатына айналады деп атап көрсетілген еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Іңкәрбаев Е. Посттоталитарлық кеңістіктегі саяси өзгерулердің ерекшелігі. // Саясат. - 2002. - Қаңтар. - 46-49 бб.
2. Мансұров Т. Қазақстан және Ресей: егемендену, кірігу, стратегиялық әріптестік тәжірибесі. - Алматы: Қазақстан, 1999. - 344 б.
3. Мансұров Т. Қазақстан мен Ресей қатынастары өзгерістер дәуірінде 1991-2001. - Алматы: «Қазақстан», 2006. - 448 б.
4. Назарбаев Н. Қазақстан - 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп- өркендеу, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. - 176 б.
5. Назарбаев Н.Ә Тарих тағылымдары және қазіргі заман. - Алматы, 1997.
6. Гальперин Ч.Д. Россия и степь. Георгий Вернадский и Евразийство / История Казахстана в западных источниках XII-XX в.в. - Алматы: «Санат»,Т 4. - С. 65.
7. Энергия интеграционной инициативы. «Евразийский союз необходи: мы просто обречены доверять друг другу» // Казахстанская правда. - 1998. - 1 января.
8. Тоқаев Қ. Под стягом независимости. Очерк о внешней политике Казахстана. - Алматы: «Білім», 1997. - С. 733.
9. Шпилькин Ю. Евразийский менталитет // Мысль. -2002. - № 2. - 28 с

ӘОЖ 314.156(574)

# ҚАЗАҚСТАН – ЭТНОСТЫҚ ЖАНЖАЛДАРДАН АЗАТ АУМАҚ.

**Гарифуллина А.**,
Халықаралық қатынастар
мамандығы, 2 курс студенті.
Ғыл. жетекшісі т.ғ.к., доцент Журасова А.Ш.

Халық – өмірдің бар кезеңін басынан бірге кешетін, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білетін ұлыс. Елдің елдігі татулықтың тәтті дәмінде. Елінің іргесі берік қалануы, әр бастаған бастамасының нәтижелі болуы әрбір перзентінің

амалымен өлшенбек. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтыны секілді, Отансыз да ешқашан өмір сүрмек емес. Отанымыздың озық болуына баршамыз қалтқысыз қызмет етуіміз қажеп[1].

Әлемдегі елдердің басым көпшілігі көпұлтты болғандықтан, әр түрлі этностардың басын қосу, мемлекеттің тұтастығын сақтау- оның мәдениеттілігінің басты белгісі. Бүгінде ұлтаралық қатынастарды біржақты түсіну жиі кездесіп, көбіне бұл саланы ұлттардың өзара ынтымақтастығы деп ойлағанмен, бұл мәселенің екінші жағы да бар. Әр түрлі этностар араласқан тұста олардың бір-бірімен шендесуі, бәсекелестігі, араздығы бірге жүреді. Олардың қарама-қарсы мүдделерін үйлестіру, ойларын бір жерге тоғыстыру үлкен саяси шеберлікті талап етеді.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ел аумағында Қазақстан азаматтығына ие болған этнос өкілдерінің өзара тату-тәтті өмір сүріп, бейбіт өмір сүруінің алғышарты- ел этносаясатын тұрақтыландырып, экономикасын көтеріп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, бағалау, талдап зерттеу бүгінгі және келешек Қазақстанның өзекті міндеттерінің біріне айналып отыр.[2,139-б] Қандай да болмасын саяси жүйе халық мүддесінен шықпаса, ондағы тұрып жатқан түрлі ұлттар мен этникалық диаспоралардың мұң-мұқтажын ескермесе, олардың өзара келісіп жұмыс жасауына демократиялық негіз қаламаса, этникалық топтардың өзара тәртіпті де келісімді ұйымдастырылған азаматтық қоғамын жасап бере алмаса, әрине, ол мемлекеттің саяси пәрменсіздігі басым түсіп, өмір сүру қабілетінен айырылатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналды. Оның дәлелі ретінде ХХ ғасырдың аяғында КСРО құрамындағы елдерде болған және посткеңестік кеңістіктегі елдерде орын алған (1986 жылы Алматыдағы қазақ жастарының, 1988-91 жылдары Әзірбайжандағы армян мен әжірбайжандардың, 1989 жылы Өзбекстандағы түріктер мен өзбектердің, Абхазиядағы грузиндер мен абхаздықтардың, грузиндер мен осетиндердің, 1990 жылы және 2010 жылы Қырғызстандағы қырғыздар мен өзбектердің және т.б.) этносаяси жанжалдарды айтуға болады [2, 4-б]. Ассамблеяны құру идеясы 1992 жылы өткізілген Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған 1 этникалық форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен ұсынылған болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Президентіміз «біздің басты

байлығымыз- халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Бұл байлықты талан-таражға салуға, дәстүрлерімізді жоғалтуға біздің құқымыз жоқ. Ол ондаған жылдардың жемісі. Әр халықтың, әр ұлттың үні естіліп тұруы тиіс. Сондықтан форумды тұрақты негізге ауыстыру мақсатында жаңа қоғамдық институт құру қажет» деген болатын.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Уақыт өте келе оның құқықтық мәртебесі кеңейіп, "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" Заң қабылданып, ұйымдық жағынан күшейді. Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлауға құқылы болды.

Өзінің көптеген жылдық тарихында Ассамблея өзінің басым бағыттарын айқындай отырып, Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өзара тату-тәтті өмір сүруіне жағдай жасауда, елдегі тұрақтылықты сақтап, дамытуға зор үлес қосып келеді. Сол жылдың ішінде ҚХА елімізде 600 -ден астам ұлттық-мәдени бірлестіктері бар, конституциялық мәртебеге айналған, басқа мемлекеттерге ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда үлгі бола алатын қоғамдық институтқа айналды.[4,73-б]

Қазақстан этностық жанжалдардан азат аумақ болып саналады. Экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық тағаттылық пен үйлесімнің арқасында табысты жүргізілді. Бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес байлығына айналды. Біздер мен сіздер атқарған жұмыстың басты нәтижесі, міне, осы, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген атаумен аталуын былайша айтып өткен болатын. «Бір халық – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер. Бір ел – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан. Бір тағдыр – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!» Халық даналығында «Тар жерде табысқан кең жерде келіседі» деуші еді ғой. Халқымыздың қатпарлы тарихы сырға толы оқиғалармен жинақталған болатын. Қай кезеңді алып қарасаңыз да, еліміз іргедегі көршімізді сыйлап, қашанда көмек қолын созуға барынша тырысып, бауыр тұтатын. Ең тар заманды бірге бастан өткердік. Бүгінде сол халық өкілдері өз бауырымыз болып, бір халыққа айналды.

Елбасымыз бір ел болып күн кешіп отырған түрлі ұлт өкілдері жайлы былайша ой қозғады. «Бүгінде олар тегі басқа болғанымен теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елдің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шеш-кен азаматтарды бір тағдыр күтеді. Осылай, елдігіміздің ертеңі ошақтың үш тағаны сияқты «бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып тұр». Елбасымыздың осы бір салмақты ойының астарында үлкен мән жатыр. Ассамблеяның ең басты міндеті – еліміздегі қоғамдық келісім. Қазақстандағы қоғамдық келісім – ең алдымен қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстаған абзал. Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау қиынның қиыны. Ең алдымен, өзгеге үлгі болу үшін өз ішімізді ретке келтіруіміз қажет. Жік-жікке бөлінбей, бірлігіміздің беріктігі басқа да ұлт өкілдерін бауырымызға тартуда үлгі болмақ.

Мемлекет басшысы әлем өзгеріп жатқанын, онда көптеген оқшаулағыш сызықтар: өңірлік және конфессиялық, әлеуметтік және мәдени, тілдік және этностық сызықтар пайда болғанын айтты. Бұдан бөлек, бірліктің негізі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсаруы болып саналады. Елде индустрияландыру бағдарламасы жүзеге асырылуда, әлеуметтік жаңғырту жүргізіліп жатыр. Бұл – Қазақстан халқының бірлігінің ең берік, материалдық негізі. Бүгінде баршаға мәлім шындық мынау: бейбітшілік пен келісім саясаты тікелей экономикалық тиімділікке ие. Ішкі тұрақтылық инвесторлардың сенімінің бекуіне, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға септігін тигізеді.

Татулық пен достық – біздің дамуымыз бен болашақты қалыптастыруымызға негіз болатын басымдығымыз. Бұдан әрі қарай да Ассамблеяның рөлін, әсіресе өңірлерде күшейте түсу қажет. ҚХА – тек жай ғана мәдени орталықтар деген түсінік болмауға тиіс. Кіші ассамблеялар өкілдері елдің өзге өңірлеріне барып, тәжірибе алмасқаны және оң жетістіктерді үйренгені жөн деп санаймын.  Бүгінде қоғамдық-саяси өмірдегі Ассамблеяның рөлі айрықша, оны ешқандай мемлекеттік орган алмастыра алмайды, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. http://old.el.kz
2. Онучко.М.Ю. Государственно-конфессиональное отношения: мировой опыт и Казахстан. Алматы. Баспалар үйі. 2010 ж.139-бет.
3. Алпысбаев.Ж.Т. Қазақстан Республикасында заманауи этносаяси процестердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. Автореферат. 4-бет. Алматы, 2010 жыл.
4. Н.Ә. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі. Жалпы редакциясын басқарған Е.Л. Тоғжанов. Құрастырғандар: Н.П. Калашникова, Л.А. Прокопенко, Н.Н. Шанаи. Астана: Даме, 2010, 73-б

ӘОЖ 374.3(574)

## ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ

**Тегісбаева Д.А.,**
М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
Құқықтану мамандығының 2-курс студенті
Жетекші: аға оқытушы, заң магистрі Самуратова А.У.

Қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ірі көлемді және жылдам процестері жүріп жатқан қазіргі уақытта әсіресе, дүниетанымы әлі толық қалыптаспаған, құныдылықтар жүйесі тұрақсыз жастар үшін қиын болып отыр. Жасөспірімнің адамгершілік пен құқық туралы түсінігі оның жас ерекшелігіне байланысты вербалдық деңгейде - ол жете түсінуге, оның мінез-құлқының автоматты реттегішіне айналуға жеткен жоқ. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс. Өйткені, қылмыс дегеніміз - әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы - өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Қазіргі уақыттағы кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу маңызды мәселеге айналып отыр. Мұның бірқатар себептері бар, оларға жасөспірімдердің жеке бас

сипаттарының күрделенуі сияқты әлеуметтік құбылыспен байланысты болып отырған аталған жас категориясына жататын тұлғалардың қылмысы туралы істер бойынша барлық міндеттерді дұрыс орындау үшін құқық қорғаушы органдар тарапынан көбірек күш салу қажеттілігін де жатқызу қажет.

Сонымен, кәмелетке толмағандарға жасалған қылмыстары үшін келесі:

а) айыппұл;

б) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

в) қоғамдық жұмыстарға тарту;

г) түзеу жұмыстары, басбостандығыншектеу;

д) бас бостандығынан айыру жазаларының түрлері жатады.

Бүгінгі таңдағы елдің ертеңі деп сенген жастардың қиын тәрбиесі негізінде, сот өз міндеттеріне немқұрайлы қараған балалардың ата-аналарымен көшеде бақылаусыз, қараусыз қаңғып жүріп, балалықпен, түсінбеушілікпен әртүрлі қылмысқа ұрынып қалмауы үшін тәрбиелік мәні бар әңгімелер өткізу қажеттігін, оқушыларға полиция қызметкерінің қатысуымен әртүрлі лекциялар мен кездесулер ұйымдастыру керектігін ескеруді жөн санады. Осы мақсатта мектеп директорларының, колледждердің, ата-аналар, учаскелік инспекторлар тарапына жеке қаулылар шығарылған болатын.

Еліміздегі жасөспірімдер қылмысының белең алуы сананы сан-саққа жүгіртіп, ойды мазалайды.Жүрекке салмақ салатын сұрақтарға жауапты ата-ананың бала тәрбиесіне жауапкершіліксіз қарауынан, отбасындағы келеңсіз жағдайлардан, тұрмыс-тіршіліктің нашарлығынан, аяқасты жағдайларға душар болуынан, жанашырлығының жоқтығынан, дұрыс тәрбие көрмеуі сияқтығы да басқа мәселерден іздеген жөн тәрізді.

Жеткіншектер көбіне ұрлық, тонау, қарулы шабуыл сияқты мүліктік қылмыстар жасайды, кейбір өмір мен денсаулыққа қарсы,қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстарға барады. Кәмелетке толмагандар арасында негізінен ересектерге тән мынандай қылмыс түрлері көбірек тарауда: қару мен есірткі сату, сутенерлік, қарулы шабуыл, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғу, компьютерлік қылмыстар, ұрланған затты сату, өз ортасында рэкет жасау. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар біздің қоғамның немқұрайлы қарауының өз ата-аналарының қолы тимеуінің құрбаны болып табылады.

Панасыздық- ол педагогкалық бақылыудан тыс қалған, қамқорсыз және өздерінің қоғамдық көрінісіне, денсаулығына зиянды жағдайда тұратын кәмелетке толмағандар.

Құлағымыз үйреніп қалған қылмыстық жаңалықтардың ішінде жасы кәмелетке толмағандардың бар болуын қалай түсінуге болады? Жалпы бұндай балдар бесіктен белі шықпай жатып қылмысқа қалай барады? Әлдебіреулердің ықпалына, азғыруына түсіп қала ма, ол жағын біржақты ұғынуда оңай емес.

Баланың ақ адал көңілі қылмыс атаулылардан жырақ болуы тиіс еді ғой, әлде қоғам, ата-ана, метеп баланың тәрбиесіне жіті мән бермей отыр ма? Бір қарағанда, әр баланың өмірі әртүрлі жағдайда өтеді. Әлеуметтік қиындығы бар отбасының баласы мен төрт түлігі сай отбасындағы баланың мінезін, өмірге деген көзқарасын салыстыруға мүлде келмейді. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» деген сөз бекер айтылмаған болар. Отбасылар арасындағы әлеуметтік теңсіздік баланың тағдырына, тіпті ойлау жүйесінде де әсер етеді. Бала айналаға қарап өседі. Өзінің құрбы-құрдастарына қарап еліктейді. Біреу бай болып,өзі кедей болса жан дүниесі қалай құлазымасын? Баланың не себепті тура жолдан тайып, қылмыс әлеміне еніп кететінін кім біледі? «Ақша», «Байлық», дейтін түсінктердің дәуірі жүріп жатқан заманда, жақсы тұрмыс, қалың қалта баланың да ойына кіріп шықпайма ? Оның үстіне, жұмысбасты болып кеткен ата-анасының да баласының өмірін қадағалайтын түсініктері жоқ.

Балалардың ермегі болатын дұрыс нәрселер азайып кетті.Бала бүгінде ермекті өзі тауып алатын болды. Көшеге шығады, сосын өзі сияқты бос жүргендермен жолығады.Ақшасы болса, ойын залдарына барып уақыт өзкізеді. Ақшалары болмаса,бірігіп не істейтіндерін ойластырып бастайды. Дос-жарандарын бір жерге шақырады.Олардан қалмауға тырысып, сол қатарда абыройлы, беделді болуы үшін не істемейді? Топтың айтқанымен, солардың меңзеуімен жүріп-тұруына тура келеді. Көше заңы басқа заңдарға, түсінік –пайымдарға қарағанда қаталдау ма дерсің. Ол әлсіздерді кешірмейді. Барлығын бір ортақ ұйымға, түсініктерге ұйымдастырады. «Баланы көше тәрбиелейді» деген сөзді жиі естейміз. Бұл дұрыс. Өйткені бүгінгі бала, шын мәнінде, өз өмірімен жеке қалап отыр. Түске дейін мектепте болса, түстен кейін өз еркі өзінде. Үйінде қарайтын біреу болса жақсы, болмаса, ол жағыда қиындау.Балалық кезінде

адам баласы қашан да бір нәрсені көргісі келіп, бір нәрсені білгісі келіп тұрмаушы еді? Аяғын шалыс басса, қылмыс жасап қойып, заң алдында жауап беруі де ғажап емес.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың туындау себебін қоғамдық жағдайлардан, әлеуметтік себеп-салдардан, тәрбиелік жұмыстардың әлсіздігінен көруге болатын шығар.Дегенмен ,бұл бағытта көп жұмыстар атқарылды. Тәрбие беріледі, қылмыстың алдын алу шаралары, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Оның бәрі қылмыстың  аз болуына ықпал жасайтыны рас. Бірақ қылмыстың болуын түбегейлі жойып жібере алмайды. Неге? Өйткені жасы кәмелетке толмаған баланың өмірге деген көзқарасы қалыптаспаған. Ол әлі ненің жақсы ненің жаман екенін де ажыратып үлгермеген. Турасын айтпағанда олардың кейбіреуіне айтылған ақыл бір құлағына кіріп, екінші құлағынан шығып кетеді. Себебі ол сондай кезеңді басынан өткеруде.Сол сияқты баланың өмірі қоғамның назарынан тысқалған уақытта, баланың басына не кіріп- шықпайы?

Күнделікті көріп жүргеніміз- оқушылардың қолындағы ұялы телефондарының  әр түрлі болып кеткендегі. Ал материалдық жағдайы одан төмен отбасының баласы ұялы телефонның арзанын ұстайды.Осындай теңсіздіктер. Қазіргі кезде көбірек болып жүрген қылмыстардың біріне мысал келтіре кетейік. Бала ауылда өседі тоғызыншы сыныпты бітіреді, қалаға келіп колледжге түседі. Еліктеп басқалар сияқты ұялы телефон ұстағысы келеді, жақсы киінгісі келеді. Ол үшін ақша қажет. Оны қалай табуды білмейді. Сөйтіп жүргенде жанындағы біреулер «гон-стоп» жасадық та, мына ұялы телефонды алдық деп әлгі баланы қызықтырады.Оған «мен солай неге жасамаймын» деген ой келеді. Содан кейін барады да біреуден тартып алады. Ашық тартып алған соң Қылмыстық  Кодекстің 191- бабына, ал топ болып жасаса, осы баптың 2-бөлімі, 3-тармақшасы бойынша, яғни топ болып тонауға жатады. Ал егер өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданам деп қорқытса Қылмыстық  кодекстің 192-бабымен қарақшылық қылмысқа өтіп кетеді. Қарақшылық өтеітін себебі, олардың біреуінің қолында пышақ болса немесе жарақат түсіруге бейімделген заттары болады. Жасы кәмелетке толмай бас бостандығынан айырылып сотталғандардың бәрі- осы қарақшылықпен сотталғандар, не болмаса, бұрын адам тонап, қайталап қылмыс жасағандар. Кәмелетке толмағандар психологиясына жүргізілген зерттеулер, олардың орта

іздейтіндігі ортасы жоқ жасөспірімдер жапанда жалғыз қалғандай сезінетіндігі дәлелденген. Осы орайда «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырады адам баласын» деген Ұлы Абайдың орынды тауып айтқан өлең шумағы есімізге түседі. Жас кезінде адам қызыққыш келетіндіктен қызық көріп, біреулері есірткі дәмін татып көруден бастап, ал екінші біреулері, біреулердің мәжбүрлеуімен нашақор болып кеткендер бар.

Бірақ, бұл дағдарысты көпшілік сезіне алмайды, өйткені әрбір адам өз кемшілігін көре алмайды, түзей алмайды.Психолог дәрігерлер отбасында бала ішімдік, темекі,есірткі сияқты естен айырылатын әз-әзіл туралы ерте бастан ескерткені дұрыс екендігін, бала жаман әдет туралы ерте білсе, соғұрлым тез жиіркенетіндігін одан бойын аулақ ұстайтындығын ескертеді. Сүрініп кетіп тағдырын бүлдіріп алған жасөспірімдерді тәрбиелеуге мемелекет тапапынан барлық жағдай жасалуда. Тар қапаста бостандықтың қадірін түсініп, қасиетін сезгендей Аллаға құлшылық етіп, имандыққа бас ұруда. Ойымды қортындылай келсек бала біздің болашағымыз деу үшін баланы жастан демекші, жасөспірімдерге ненің дұрыс ненің дұрыс еместігін түсіндіріп тура жолға салу керек. Және де дұрыс уақыт өткізетін пайдалы жерлердің көп болу керек деп ойдамын. Жоғарыдағыларды тұжырымдай келе, кәмелетке толмағандар қылмыс, қылмыскер деген ұғымдарға онша мән-бере бермейді. Көбіне сот үстінде балалықпен жасалған іс екендігін айтып қынжылады. Сондықтан барлығымыз жұмылып тәрбие мәселесіне қатты көңіл аударуымыз керек. Бос уақыттарында әртүрлі үйірмелерге қатысып, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастыруына жағдай жасағанымыз дұрыс.

Сондықтан, ата-ана бала тәрбиесін мектепке жүктемей, өздері де айрықша көңіл бөліп отыруы тиіс. Осы тұста дана қазақ «Тәрбие басы-тал бесік» деп қате айтпағаны бесенеден белгілі. Бір рет қылмысқа барған баланың болашағы не болмақ? «Не ексең, соны орарсың»,-деген сөздің мағынасын кеш болмай ұғынғанымыз дұрыс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. ҚР Қылмыстық Кодесі 2014 жыл 3 шілде
3. Ағыбаев А.Қылмыстық құқық.Жалпы бөлім. Алматы,2001 ж.

ӘОЖ 339.924(574)

# Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

**Мырзабаева Б.М.,**
М.Өтемісов атындағы
БҚМУ оқытушысы, магистр
**Мақсот А.Е.,**
М.Өтемісов атындағы
БҚМУ, "Халықаралық қатынастар"
мамандығының 1 курс студенті

Мыңжылдықтардан бастау алатын ұлы даланың көне шежірелері әдетте өркениет атаулының кіндігі болып табылады. Ұлы далада салтанат құрған сан ғасырлық өркениет мемлекеттік тарихты жасады. Демек, Еуразия атты алып құрлықтың барша мәдениеті мен өркениеті ұлы даламен тығыз байланысты. Сол ұлы даланы мекен еткен дала перзенттерінің ықпалымен ұлы тайпалар қалыптасты. Тарихтан білетініміздей, Скифтер мемлекеті, Ұлы Ғұндар империясы, Түрік қағанаты, Алтын Орда, одан берідегі Ресей империясы мен Кеңес Одағы – Ұлы Еуразиялық идеяның тамырлары саналады [1].

Кез келген серпінді идеяның шығу тегін тарихи тұрғыдан қарастырсақ, өзінің даму кезеңдерін қамтиды. Еуразияшылдық идея алғаш рет ХХ ғасырдың бірінші жартысында Еуропада қуғында жүрген орыс эмигранттарының арасында туған екен. Бұл дегеніміз, бұрынғы ақыл-ойдағы идеологиялық құндылықтардың өзгеріп, жаңа көзқарастың пайда болуымен байланысты туған ерекше идеялардың бірі болды деген сөз. 1921 жылы Еуропада жарық көрген орыстың еуразияшыл философтарының осы бағыттағы пікірлерін жинақтаған «Шығысқа шығу» атты еңбектің алғы сөзінде «Бұл мақалалар дүниетанудың апатты өзгерісі кезеңінде туған дүниелер. Болған және алдағы уақытта болатын өзгерістерден біз саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды ғана емес, дүниетану көзқарасында да терең өзгерістер болатынын болжап отырмыз», делінген. Демек, мұнда еуразияшылдық идеясының екі кезеңі бар. Біріншісі, 1920-жылдары Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, Г.В.Вернадский

дамытқан философиялық ой-пікірлер жүйесі болса, екінші кезеңін – 1990 жылдардағы Л.Н. Гумилев, одан кейініректегі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еуразияшылдық доктриналарын теориядан шынайы болмысқа ұластыруға талпынған ерік-жігерімен байланыстыруға болады [2].

Әлемнің жаһандану үдерісінде Еуразиялық тұтастықтың қажеттігі, осы кеңістікте интеграциялық үрдістердің өмірлік маңыздылығы, ортақ бірлестіктің қағидаттары мен бағдарламасы туралы идеяны Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұңғыш рет 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде мәлімдеген болатын.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ идеясының тарихи, этно-мәдени және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары бар. Белгілі тарихшы Лев Гумилев атап өткендей: «ішкі Еуразия халқы славян-тұрандық қауымдастығымен көзге түседі, яғни қауымдастық жай этникалық қана емес, суперэтностық мәнге ие» орасан зор кеңістік болып табылады. Онда батыс еуропалық, славяндық, түркілік этномәдени құндылықтарды топтастырған әр алуандылық байқалады.

Нұрсұлтан Әбішұлы философ болмаса да, өзінің сезімтал қасиетімен осы идеяның өміршеңдігіне көзі жеткендігін көрсетеді. Сондықтан да ол осы идеяны іске асырудың артықшылығын көре білді және ол ақыл-ой жүйесінде ғана емес, нақты өмірде экономикалық интеграция түрінде қажеттілігін дәлелдеді.

Қазіргі заманғы еуразиялық идея интеграцияға сүйенеді. Шыны керек, осы идея өткен ғасырдың 20-жылдарында орыс интеллигенциясы өкілдерінің арасында пайда бола бастағанымен (яғни еуразиялық кеңістіктегі орыс этносының тарихи басымдықтарына сүйенгенімен), XX ғасырдың соңында жандана бастаған неоеуразиялық идея үстемдікті толығымен түркілерге береді. Еуразиялық идеяның түп қазығы түркілерден бастау алған. Осы жерде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңадан ұсынған көзқарастары ерекше орын алады. Осы тұрғыдан Елбасымызды қазіргі заманғы еуразиялық идеяның арқауы, еуразиялық кеңістіктегі негізгі интеграторлардың бірі десек те болады.

Еуразиялық идеяның қазіргі бағыттары бұрынғы КСРО республикаларының экономикалық байланысын жаңартуға

шақыратын идеяларды қолдайды. Осы идеяларды көптеген жылдар бойы Н.Ә. Назарбаев қолдап келді. Саяси интеграцияға бағытталған Мәскеу қысымын азайтуға септігін тигізетін қандай да болсын формуланы табу мақсатымен Нұрсұлтан Әбішұлы Еуразиялық Одақ тұжырымдамасын ұсынған болатын. Өзекті саяси шынайылықта Н.Ә. Назарбаев оны посткеңестік мемлекеттер, ТМД интеграциясымен байланыстырады. Бұл - қимыл-қозғалыстағы еуразиялық, "үлкен кеңістік" үшін нағыз платформаны қалыптастыру. Н.Назарбаевтың интеграциясы тек сөздермен, ұрандармен шектеліп қоймайды, ол нақты қадамдардан көрініс табады. Осы жолда маңызды атқарылған шаралардың бірі Кедендік Одақ, Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ), Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымын құру, Белоруссия, Ресей және Қазақстан арасында Кедендік Одақ пен Ортақ экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қол қою болды. Н.Ә. Назарбаев тұжырымдамасы бойынша Еуразия - географиялық тұрғыдан Кеңес Одағы шекараларымен барабар шекарамен анықталатын біртұтас экономикалық, саяси және мәдени өлшем [3].

Негізі, идея ұсынғаннан бері, Президенттің белсенді қатысуымен болған идеяның жүзеге аса бастауында алты қадамды ерекшелеуге болады: Бірінші қадам, 1994 жылы Мәскеуде ТМД қатысушыларына Еуразиялық одақ құру туралы бастама көтеруі; екінші қадам, 1995 жылы Қазақстан, Ресей, Беларусь президенттері Кедендік одақ құру туралы келісімге қол қоюы, кейінірек Қырғызстан мен Тәжікстанның қосылуы; үшінші қадам, 2000 жылы Бішкекте Кедендік одаққа кіретін Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан, Тәжікстанның мемлекетаралық кеңесінде жаңа халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы; төртінші қадам, 2002 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері Орталық азиялық ынтымақтастық ұйымын құру туралы келісімге қол қоюы; бесінші қадам, 2003 жылы Мәскеуде Қазақстан, Беларусь, Ресей, Украина президенттерінің бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қоюы; алтыншы қадам 2014 жылдың 14 мамырында Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құру туралы келісімге қол қоюы.

2000 жылдың 10 қазанында Белоруссия, Қазақстан, Ресей, Тәжікстан мен Қырғызстан мемлекет басшылары Астана қаласындағы кездесуінде Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру жөніндегі Келісімге қол қойды. Бұл шартта Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік жөніндегі келісімдерде айқындалған өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық жолындағы мақсаттар мен міндеттерге жету тұжырымдамасының негіздері қаланды. Қол жеткізген келісімдерді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық құралдары, қабылданған шешімдер мен тараптар жауапкершілігін бақылау жүйесі қалыптасты.

Осы жылдар арасында ұйымның халықаралық дәрежедегі орны мен рөлі жоғарылады. Үш жылдың өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін иеленді. 2005 жылы Санкт-Петербург қаласында өткен Орталық Азия ынтымақтастық ұйымының саммитінде аталмыш одақтың бірігуі орын алды. Ұйым хатшылығы алаңында Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастырудың ұйымдастырушылық құрылымы жасақталды.

2005 жылдың қыркүйегінде қауымдастыққа мүше елдер үкімет басшылары Душанбе қаласында елдердің отын-энергетика балансын қалыптастыру базалық құжатына қол қойылып, бидай тапсырысын реттеу жөніндегі келісім жобасы талқыланды. 2010 жылдың желтоқсанында Кеден одағының құрылуынан кейін Мәскеу қаласында өткен ұйым саммитінде Біртұтас экономикалық кеңістік базасы шеңберінде Белоруссия, Қазақстан мен Ресей Еуразиялық Одақ құру туралы келісімге қол жеткізілді [4].

2006 жылдың 26 мамырында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Экономика біліміне инновация және ғылым арқылы» атты өзінің дәрісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Еуразиялық идея теория секілді өткен ғасырда туды. Бірақ, еуразиялық идея тәжірибе жүзінде осы ғасырда жүзеге асады. Еуразияшылдық – XX ғасырдағы басты идеялардың бірі. Мұны өздеріңіз түсініп, көретін боласыздар. Еуразиялық идеяның Қазақстан инициативасы негізінде орындалған үш басты көрінісі – ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Және бұл үш ұйым мызғымас Орталық, Біріккен Еуразиялық Идеяның тәжірибелік келбеті» [5].

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) - Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29

мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылған экономикалық одақ. Мүше елдердің парламенттері бекітіп, Одақ 2015 жылдың 1 қаңтарына бастап күшіне енді. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде еуразиялық интеграция тақырыбындағы дәрісінде Еуразиялық экономикалық одақты әлемдегі интеграциялық ұйымдардың үштігіне енгізу қажеттігін алға тартты. Оның айтуынша, қазіргі уақытта дүниежүзінде 300-ден астам ықпалдастық бірлестіктері бар. "Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы біздің әріптестерге 2050 жылға қарай әлемнің 300 бірлестіктерінің ішінде ең мықты интеграциялық ұйымдардың үштігіне ену мақсатын қоюды ұсынамын. Қазірдің өзінде мен мұндай ықпалдастықтың тек үш-төртеуін көріп отырмын. Бізге де неге талпынбасқа?! Ресей экономикасының рөлі өте маңызды. Сондықтан біздің бірлестіктің дамуы экономикалық прагматизм, жауапкершілік, эволюциялық, ашықтық шеңберінде жүргізілуі тиіс", - деп атап өтті Мемлекет басшысы [6].

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер бір-бірінің ішкі ісіне араласпай, егемендік пен мемлекеттік шекараларға қол сұқпайды. Сонысымен-ақ Еуразиялық одақ тұрақты әрі қуатты, тиімді тұстарымен көпшілік қолдауына ие болды. Бұл саяси-экономикалық байланысы берік, өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты сақтап келе жатқан мемлекеттердің дамуының жаңа белесі болмақ.

Экономикалық тұрғыдан Еуразиялық экономикалық одақ Еуроодақтың, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азияның ырғақты экономикаларын байланыстыратын көпір қызметін атқарады. Бүгінде «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі жобасы жүзеге асырылуда. Уақыт өте келе осы маршрут бойына Еуропа және Қытай рыноктарына тауарлар жеткізу мерзімін 3,5 еседен астамға қысқартуды қамтамасыз ететін заманауи көліктік-логистикалық жүйе түзілетін болады. Трансеуразиялық жүрдек темір жол желісін құрудың болашағы да зор.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының төмендегідей тиімді жақтары мен себептерін атауға болады. Олар: Қазақстанның Ресей экономикасымен күрделі байланыстылығы, Қазақстанда ішкі саяси тұрақтылық пен

геосаяси қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жанама әсері, ортақ әуе қорғанысы жүйесінің орнығуы, Ресейдің ірі нарығына еніп, экономикалық бәсекелестікке бейімделудің мүмкіндіктері, геопсихологиялық жағынан Ресеймен бірге болу арқылы әлемдегі ықпалы мен атағын арттырудың мүмкіндігі және т.б. Сондай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың да келеңсіз әсері интеграциялық үдерістерді жеделдетті.

Бүгінгі күнгі жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия құрлығы мемлекеттерінің дүниеге деген қатынасы мен интеграциясы іспетті аса тарихи қажеттілікке айналуда. Жаһандану заманында адам мен табиғат, техника мен адамгершілік, ислам мен христиандық, ұлттық пен жалпыадамзаттық құндылықтар арасындағы теңсіздік аса зор әлемдік күйреуге, барлық адамзаттың жойылуына апарып соқтыруы ықтимал. Еуразияшылдықты дүниеге айрықша қатынас түріндегі мәдени-философиялық доктрина ретінде жүзеге асыру осы теңсіздікті жоюдың басты жолы, адам тіршілігінің әр түрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі болар еді. XXI ғасырда еуразиялық идеяның кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан. Ендеше Еуразиялық идея Еуразия құрлығындағы мемлекеттер арасындағы күрделі қайшылықтарды шешудің бірден-бір үйлесімді формасы, сонымен қатар көп деңгейлі интеграциялық үдерістердің қайнар көзі, демек, аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы болып табылады. Аймақтық еуразиялық интеграция, Еуразия кеңістігіндегі мемлекеттердің өзара интеграциялық қауымдастығы олардың әрқайсысының ұлттық егеменділігі мен тәуелсіздігін, тұрақтылығы мен қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз ету үшін өте қажет. Президент Н.Ә.Назарбаев ұсынған еуразиялық идея мен әлемдік дағдарыстан шығудың көрсеткен қазақстандық жолы арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан еуразияшылдықтың, еуразиялық экономикалық интеграцияның болашағы өте зор. XXI ғасыр – оны Еуразия кеңістігіндегі халықтардың көпшілігі мойындап, болашақта еуразиялық идея үлкен материалдық күшке айналып, Еуразияда, бүкіл дүние жүзінде өзара түсіністік пен рухани келісім салтанат құрған ғасыры болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Есаман Х. Еуразиялық интеграцияның ертеңі.// Астана ақшамы. 01.12.2016 ж.
2. Сұлтанов Б. Еуразиялық идеяның түп қазығы түркілерден бастау алған //Алаш айнасы. - 8 желтоқсан. - 2011 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Еуразиялық Одақ: Идеядан болашақтың тарихына.// "Ақиқат", - № 12, - Желтоқсан, 2011 жыл. - 5-11бб.
4. Насимов М. Еуразиялық идея бастамалары. //"Ақиқат" ұлттық қоғамдық-саяси журнал. - 07.11.2011.
5. Еуразиялық Одақ: Идеядан болашақтың тарихына//Егемен Қазақстан//http://personal.akorda.kz/kz/category/statyi/1354
6. www.government.kz/.

ӘОЖ 342.516(574)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ

**Нұрмағамбет П.,**
М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
Құқықтану мамандығының 3-курс студенті
Жетекші: аға оқытушы, заң магистрі Самуратова А.У.

Қазақстан Республикасының Конституциясы-демократиялық, өркениетті даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі. Конституция қоғамдық өмірдің барлық салаларын өз нәрімен сусындататын зор ауқымды саяси-құқықтық күшті бойына жинақтаған. Конституция мемлекеттік және қоғамдық құрылысты, оның болашаққа бағытталған ұйымдастырылуы мен қызмет принциптерін белгілейді. Онда адамдар мен азаматтардың, мемлекеттің қайнар көзі және әлеуметтік негізі ретінде бүкіл халықтың конституциялық мәртебесі бекітіледі. Конституция тек конституциялық құқықтың ғана емес, сондай-ақ ұлттық құқықтың барлық салаларының да қайнар көзі болып табылады. Сондықтан оған басқа нормативтік құқықтық актілерде кездеспейтін сипаттар тән.

Конституцияны Қазақстан халқы қабылдады. Сондықтан Конституцияда халықтың оның мәнін сипаттайтын еркі

білдірілген. Социализм кезінде де Конституция халықтың еркін білдіреді деп есептелді. Осыған орай халық еңбекшілерден-жұмысшы табынан, шаруалар мен еңбек интеллигенциясынан тұратындығы атап көрсетілді. Халықты бұлайша сипаттау кез келген әлеуметтік құбылысқа, марксшіл-лениншіл ілімге тән таптық көзқарасқа негізделді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жылы халықтың таптық сипаттамасынан тұңғыш рет бас тартты. Онда енді жұмысшы табы туралы, шаруа және еңбек интеллигенциясы туралы сөз болған жоқ. Жалпы «еңбекші» термині 1993 жылғы Конституцияда да, 1995 жылғы Конституцияда да қолданылмайды. Дегенмен, Конституцияның екеуінде де халық туралы айтылады. Қазақстан Республикасы Конституциясында халық тұрғындардың бүкіләлеуметтік қабатын, этникалық диаспораларды қамтыған тұтас әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде ұғынылады. Осыған орай, «халық» ұғымы Қазақстан Конституциясына сәйкес, біріншіден, ол байлық жағдайына қарай әлеуметтік қабаттарға, таптарға бөлінбеушілікті білдіреді, сөз жоқ, бұл маңызды конституциялық фактор болып табылады.

Конституцияда мемлекет әлеуметтік,яғни,бүкіл халықтың өкілі ретінде танылады. Бұл мемлекеттің тұрғындардың қандай да болсын бір тобына екінші тобын кемсіту арқылы басымдық бермейтіндігін білдіреді. Мемлекет тиісінше,олардың әлеуметтік жағдайларына қарай тұрғындардың барлық қабаттарына қамқорлық көрсетуі тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы бүкіл халықты әлеуметтік топтарға бөлмей, олардың құқықтарын шектемей конституциялық-құқықтық қатынастар субъектісі ретінде таниды. Екіншіден, халық ұғымына көп ұлтты қоғам жағдайында қазақ ұлты, басқа да барлық этникалық топтар жатады. Бұл, мемлекеттегі бүкіл халықтың әлеуметтік базалық негізін құрайтын қазақ ұлтына ерекше: құқықтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жеңілдіктер берілмейтіндігін білдіреді.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде тану жеңілдіктер қатарына жатпайды,тек мемлекеттің барлық жерде және қайда да болсын ұлттық нысаны бойынша ұлттық болып табылатын сипатына жатады. Орыс тілін ресми қолданыс тілі ретінде тану да бұл салада жеңілдік берілмейтіндігін көрсетеді. Сөйтіп, халықты Қазақстан Республикасының Конституциясын жасаушы деп тану

оның мәндік сипатын білдіреді.Сондықтан Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы: «Біз, Қазақстан халқы. осы Конституцияны қабылдаймыз» деген сөздермен басталады. Қазақ халқы Конституцияны референдумның қорытындысымен қабылдады. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар республикалық референдум арқылы енгізілуі мүмкін. Басқаша айтқанда, халық Конституцияны қабылдап қана қойған жоқ, ол Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар да енгізе алады. Әрине, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасын Президент Парламенттің қарауына бере алады. Алайда, мұндай жағдайда да халық сырт қалмайды. Парламент халықтың жоғары өкілетті органы, сондықтан ол Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды халықтың атынан қабылдайды.

Қазақстан халқы Конституцияны қабылдайтын бірден-бір субъект деп танудан оның құрылтайшылық сипаты туындайды. Қазақстан халқы елдегі мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі және егемендікті қолдаушы болып табылады.Сондықтан ол құрылтайшылық биліктің иесі. Нақ Конституция арқылы Қазақстан халқы мемлекетті құрды, оның басқару және құрылым нысандарын, әлеуметтік-экономикалық құрылыс негіздерін, адам мен азаматтың мәртебесін белгілейді. Тек халық, ал халық атынан тек Парламент қана мемлекеттің құрылым негіздеріне өзгерту енгізе алады. Сонымен бірге Конституцияда мемлекеттіліктің мейлінше мәнді кезеңдері тұрақтылық, біртұтастық принциптері нығайтылған. Ол-мемлекеттік құрылымның біртұтас нысаны басқарудың Президенттік нысаны және аумақтық тұтастық.

Қазақстан Республикасы Конституциясының құрылтайшылық сипаты оны қабылдау мен оған өзгерістер енгізудің ерекше тәртібін, ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыру мен дамытудағы мейлінше ерекше орнын, Парламент, Президент, Үкімет үшін, лауазымды адамдар, сот органдары үшін, азаматтар үшін оның құқықтық қағидаларының еш шүбәсіздігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының құрылтайшылық сипаты оның барлық нормативтік қағидаларының еш шүбәсіз танылатындығынан, басқа ешбір нормативтік құқықтық акт Конституция нормаларын ескірген, өмір шындығына сай келмейтін деп және басқадай тани

алмайды. Мұндай ерекше сипат тек Конституцияға ғана тән. Бұл жағдайға назар аударып отырған себебіміз, конституциялық қағидаларға атүсті айтылған сындар кейде жақсалық нышанындай есептеледі, Конституцияның қайсыбір нормаларына, киімді ауыстырған сияқты, өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар айтылады. Мұндай акциялар ескінің, кеңестік кезеңнің сарқыны, ол кезде КСРО Жоғарғы Кеңесі мен одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңестерінің әр сессиясында дерлік Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар жеңіл енгізіле беретін.Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясымен де осылай болды, айналып келгенде ол ешкімге қажеті жоқ жалаң нұсқаулық құжатқа айналды.Әрине, бұдан Конституцияның жекелеген нормалары уақыт сынына ұшырауы, өскелең қоғамдық қатынас талаптарына сай келмеуі мүмкін емес деген ой тумаса керек.Қоғамдық қатынас ылғи да қозғалыста, өзгерісте болады, сондықтан конституциялық нормаларды өзгерту қажеттігі де туындайды.

Мұндай процесс өтпелі үлгідегі қоғам үшін тән құбылыс.Нақ осындай қоғамда түбірлі өзгерістер мейлінше тез және жиі жүреді. Бұл процестің Конституцияның жағдайына әсер етпеуі мүмкін емес. Осыны ескере отырып, өткеннен де сабақ алу керек. Конституцияның тұрақтылығын, оның беделінің жоғарылығын қамтамасыз ету үшін мұндай қажеттілік туған жағдайда Конституцияға тіркеуге болатындай етіп, жеке ерекше нормативтік акт ретінде рәсімдеу және қабылдау керек.

Осындай көзқарастың бірқатар сәтті жақтары бар. Біріншіден, Қазақстан Республикасы Конституциясының құрылтайшылық сипаты сақталады. Шын мәнінде, Қазақстан Республикасының Конституциясы, бірнеше ондаған, жүздеген жылдардан бері өмір сүретін мемлекеттің қатардағы кезекті Конституциясы емес. Ол жаңа құрылым және басқару нысандарымен, қоғамның экономикалық құрылысының жаңа негіздерімен және басқаларымен мүлдем жаңа үлгідегі мемлекетті құрды. Екіншіден, аталған құрылтайшылық сипатына орай Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы құқықтық мәдениеттің тарихи жадын бейнелейді. Ешқашан енді мұндай Конституция болмайды.

Ол Қазақстан мемлекетінің нақ қазіргі кезеңдегі қалыптасуы мен дамуының тарихи дамуының тарихи өзгерістері аясында

туды. Сондықтан ол өзіне айрықша мұқият карауды, нақ осындай түрінде, қабылданған күйінде сақталуы талап етеді. Үшіншіден, ерекше құрылтайшылық сипаты мен тарихи мәні қасиетті акт ретінде азаматтардың Конституцияға деген құрмет сезімін қалыптастыру, бірінің соңынан бірі келетін ұрпақтардың алдында оның беделін тұрақты көтеру үшін де маңызды.

Бұл орайда, әлдеқашан ескірген қағидаларының аз еместігіне қарамастан, оның басты актілердің негізі болып отырған АҚШ Конституциясын еске алған жөн. Көптеген қағидаларының тек тарихи-танымдық қана мәні бар болса да, дінге сенушілер үшін бірнеше мыңдаған жылдар бойғы діни жазбалар қасиетті сенім сияқты есептеледі.

Бір жағынан, мемлекеттің, екінші жағынан, қоғамның негізгі заңы ретінде қолданылуы Конституцияның маңызды ерекшелігі болып табылады. Бұл халықтың мемлекеттік биліктің қайнар көзі және қоғамның әлеуметтік базасы ретіндегі мәртебесімен байланысты.Конституция мемлекетті оның барлық атрибуттарымен құрады. Ол оның егемендігін барлық элементтерімен: аумағымен, жоғары билігімен, азаматтығымен, дербес заңдарымен және басқаларымен орнықтырады. Конституция мемлекеттің, мемлекеттік органдардың қоғаммен, қоғамдық институттармен өзара қатынасының негізін қалайды. Конституция қоғамдық: экономикалық, ұйымдық, әлеуметтік, діни жекелік құрылыстың негіздерін анықтайды. Сондықтан мемлекет қана емес, оның институттары да Конституцияның құқықтық қағидаларын, идеяларын жинақтайды.

Осыған байланысты қоғам, оны құраушылар өз қызметін Конституцияға негіздеуі тиіс. Жекелеген заңдардың қайсыбір жекелеген қоғамдық институттарға: саяси партияларға, діни, мәдени бірлестіктерге және басқаларына қатынасы болуы мүмкін. Мақсаты мен әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, республиканың тұтастығын бұзуды көздейтін қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салатын Конституцияның нормативтік ережелері тура және тікелей қолданылады. Сондықтан құқық қорғаушы органдар осы іспеттес құбылыстарға қарсы шара қолданғанда тікелей Конституцияны басшылыққа алады.

Конституция қоғамдық қатынастардың базалық, түпкі негіздерін реттей отырып,қоғам өмірінің барлық салаларын

қамтымайды. Осыған байланысты методологиялық мәні бар маңызды бір мәселеге тоқтала кеткен жөн.

Кеңестік және одан кейінгі кезеңдегі заң әдебиеттерінде құқықтық қатынастар құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар ретінде сипатталады. Құқықтанушылар осы теориялық қағиданың дұрыстығына күдік келтірген жоқ. Шамасы, бұлай болатыны социализм кезінде ешқандай жекелік болмады, ол танылмады. Барлығы да мемлекеттікі, қоғамдікі еді. Егер тереңдей ой жіберсек, онда социализм кезінде де мемлекеттік қана емес, сондай-ақ қоғамдық қатынастың да болғанын байқаймыз. Дегенмен, құқық қоғамдық қатынастарды реттейді деп саналып келді. Демек, құқықтың кейбір салаларында, айталық, мемлекеттік және әкімшілік құқықта қатынастардың мемлекеттік сипаты танылса да мемлекеттік қатынасты қоғамдық қатынас жұтып қойған болып шығады.

Капиталистік қатынасқа көшкен жағдайда, мемлекеттік сектормен бірге жеке сектор қалыптасқан және ең бастысы азаматтық қоғам және мемлекеттің енді бәрін қамтитын рөлі жойылған кезде қатынастарды екі топқа бөліп, бөлшектеу қажет:

1) тараптардың бірі ретінде мемлекет қатысатын қатынас; менің пікірімше, мұның қатарында мемлекеттік-құқықтық қатынастарды атауға болады. Бұлар, билікпен және саяси құқықты бағындыру мен жүзеге асыруға қатысты қатынастар болып табылады деп ойлаймыз; 2) таза қоғамдық, мемлекеттік институттар қатыспайтын қатынастар.Бұлар құқықпен реттелетін таза қоғамдық қатынастар. Алайда Конституция құқықтық негізді белгілейтіндіктен ол бұл қатынастарға тура араласады. Қазақстан Республикасы Конституцияснның әрбір адамның құқықтық субъектілігін танитын 13-бабының 1-тармағы, міне осының мысалы болып табылады. Әр адамның жеке-жеке, азаматтардың кез-келген бірлесуі құқықтық жағынан тікелей Конституция арқылы қорғалатындығы осының дәлелі. Құқық қорғау органдары, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғай отырып, Конституцияға сүйеніп қана қоймайды, оны басшылыққа алады. Сонымен бірге азаматтардан, олардың бірлестіктерінен, барлық қоғамдық институттардан Конституцияға құрметпен қарау талап етіледі. Конституциясының нормасын бұзу-көпұлтты Қазақстан халқының заңды еркіне қол сұғу болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Казақстан республикасының Конституциясы. Алматы 1995 жыл 30 тамыз
2. Нысанбаев Ә. “Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму”. Егеменді Қазақстан газеті. 1997 жыл. 25-26 наурыз.
3. Қалмырзаев Ә. Халықтың қуаты бірлікте. “Ата-заң арналары”. Егеменді Қазақстан газеті. 1998 жыл. 27-тамыз.
4. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы.Алматы:Жеті жарғы,2008.

УДК 323.1(574)

# ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСТАНСКОГО НАРОДА – КАК ОТВЕТ НА ВЫЗОВЫ СОВРЕМЕННОСТИ.

**Алдияров Ж.К.**, преподаватель ЗКГУ
им. М.Утемисова, магистр

Единство народа является залогом крепкого государства, единство народа выражается в наличии общего единого интереса. Если посмотреть на исторический опыт многих существовавших государств можно увидеть, что крах сильных государств всегда начинаются с внутригосударственных кризисов.

Государство, которое не имеет единства внутри, оно не может устоять перед внешними угрозами и вызовами. Таким примером может послужить состояние Казахское ханство в период джунгарского нашествия. Казахское ханство в период джунгарского нашествия являлось сильным государством, но слабость Казахского ханства заключалось в ее внутренних междоусобицах, в наличии различных интересов, внутренней разобщенности, которое выражалось в наличии автономных жузов. Все перечисленные факторы создали условие для исчезновения Казахского ханства, но благодаря успешной внешней политике Абулхайр-хана угроза была преодолена.

В период Казахского ханства национальный состав государства состоял преимущественно из казахской

национальности. Но сейчас Казахстан является многонациональной и многоконфессиональной страной.

Причина многонациональности Казахстана в основном состоит из двух этапов. Первый этап охватывает царский период, когда происходило массовое переселение безземельных крестьян из России. Второй этап связан с советским периодом, в свою очередь царский период охватывает несколько периодов переселения: довоенный, послевоенный и период освоение целинных и залежных земель в Казахстане.

За годы советской власти Казахстан принял огромную массу населения. Общее количество депортированных составляет более 2 миллионов человек. Первыми «удар судьбы» перенесли с выше 200 тысяч приморских корейцев, которые были расселены в Казахстане и Средней Азии. С началаВеликой Отечественной войны, в Казахстан были переселены немцы проживающие в районе Поволжья. В 1943 – 1944гг. в Казахстан были депортированы карачаевцы, болгары, греки, армяне, чеченцы, ингуши, курды, крымские татары, турки – месхитинцы. Всего прибыло в Казахстан в этот период более 506 тысяч человек. Демографическая ситуация продолжалась изменяться и в после военный период, в ходе целиной эпопеи и строительствепромышленности [1].

Казахский народ принял всех переселенных и депортированных народов. Вместе они пережили множество политических, экономических, социальных и других изменении. На Казахстанской земле встретились множество различных культур, эти культуры начали взаимодействовать и в итоге образовали единую Казахстанскую национальность и культуру. Такой результат был достигнут благодаря усилиям всех народов Казахстана и успешной руководстве страны.

Благодаря единству народов Казахстана были пережиты множество трудностей на пути становления государственности. В современный период появляются новые вызовы и угрозы для Казахстана. Современные угрозы не имеют конкретного местонахождения, внешнего облика и ее невозможно разглядеть. Основными средствами борьбы с современными угрозами являются интеграция народов, наличие общих интересов и укрепление национальной культуры.

Понятие вызовы корректно излагает А. Тойнби. Он утверждал что, вызов должен исходить из зарождающей глобальной культуры и распространяться во всем остальном мире на уровне элит, так и широких масс. Ответ со стороны обществ, которым был брошен вызов, оценивается по шкале принятия и отрицания с такими промежуточными градациями, как сосуществование и синтез [2, с.8].

Наглядным примером зарождающейся глобальной культуры могут служить средства массовой культуры, которые тиражируют коммерческие предприятия всех видов, это – Adidas, McDonalds, MTV, Disney и другие. Такие виды массовой культуры не имеют большой угрозы для общества, но развитие массовой культуры в обществе способствует к универсализации культуры и поведения, что приводит к утрате местных ценностей и культуры.

К одним из актуальных угроз современности относится международный терроризм и религиозный экстремизм. С обретением независимости на территорию Казахстана пришел большой приток религиозных течений. Если вначале эти религиозные организации не представляли большой угрозы, то сейчас некоторые из них представляют реальную угрозу, особенно это касается исламских радикальных религиозных течений. Среди таких течений можно отметить ваххабизм, салафизм и другие, которые не признают традиционный для Казахстанского общества ханафитскиймазхаб и активно пропагандируют радикальные устой, совершенно другой образ жизни и призывают не признавать официальную власть. После активизации ИГИЛпоявились ряд проблем, среди которых можно отметить массовый отток Казахстанского населения в зоны конфликтов на Ближнем Востоке.

Также появилась совершенно чуждая проблема для казахского общества под названием терроризм. Акты терроризма совершаются представителями радикальных течений ислама. Проблема терроризма очень актуальна в современный период. Для устранения данной проблемы включены все ресурсы государства, но главным ресурсом является идейная борьба и формирования устойчивой культуры.

СэмюэльХантингтон делил все мировые культуры на «сильные» и «слабые». Культуры стран Восточной и Южной

Азии, особенно Японии, Китая и Индии, он относил к «сильной», в то время как африканские культуры и культуры некоторых европейских стран он относил к «слабым»[2, с.18]. Принципом деления культуры на сильные и слабые является устойчивость местной культуры перед глобальными вызовами.

Перечисленные вызовы и угрозы являются всего лишь малой частью из всех существующих угроз. Как выше отмечалось, устоять перед такими угрозами и вызовами можно благодаря национальной интеграции и устойчивой сильной культуре.

**Список использованной литературы:**

Источник: http://e-history.kz/ru/contents/view/1472

1. П. Бергер, С. Хантингтон. Многоликая Глобализация. М: 2004 - 379 с.

УДК 314.174(574)

## ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ И ИЗМЕНЕНИЯ В ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

**Есеева Г.Н.**
старший преподаватель
ЗКГУ им.М.Утемисова

За годы независимости, Казахстан прошел путь становления государственности и формирования политической системы, определения внутриполитического и внешнеполитического курса, выбора социальных и экономических приоритетов развития. Политические, экономическое и социальные процессы, происходившие в обществе, оказали существенное воздействие на демографические показатели развития страны.

Первая национальная перепись Республики Казахстан, проведенная в 1999 году, выявила изменения в численном составе, этнической структуре, территориальном размещении, а также ряде других показателей развития населения, произошедших после распада СССР. Материалы переписи 1999 года зафиксировали снижение численности населения

Казахстана. На начало 1991 года общая численность населения Казахстана  составляла 16 358, 2 человек, а по итогам переписи 1999 года, этот показатель снизился до 14 953, 1 человек [1.,с.94]. За межпереписной период с 1989 по 1999 годы, заметным изменениям подверглась и этническая структура населения страны. Согласно первой национальной переписи населения 1999 г., в Казахстане проживало14953126 человек. Казахи составляли 53,4 %, русские - 29,6 %, украинцы - 3,66%, узбеки - 2,48%, немцы - 2,36%, татары - 1,66%, уйгуры - 1,41%, корейцы - 0,67%, азербайджанцы - 0,52%, турки - 0,51%. Остальные национальности представлены менее 0,5%  [2,с.66]. Увеличение удельного веса одних и снижение других этнических групп произошло в результате как позитивных (приток оралманов, репатриация), так и негативных (большой отток за пределы страны) миграционных процессов, а также изменений в естественном движении населения.

По сравнению с данными на 1989 год, заметно возрос удельный вес казахов. Увеличение доли казахов в эти годы было, во многом, связано с выездом за пределы республики представителей других этносов. Так по итогам переписи 1989 года, удельный вес казахов составлял 40,1%,  а русских – 37, 4 %. [1.,с. 94]. Если у казахов, удельный вес возрос на 13,3%, то у русских снизился на 7,8 процентных показателя.

Важной тенденцией в демографических процессах в период после распада СССР, являлся высокий уровень темпов оттока населения за пределы Казахстана. Особенно высокими были темпы миграционного оттока русского этноса – самой крупной после казахов национальной группы. К примеру, наибольшие сокращения населения были зафиксированы в областях с высоким удельным весом русского этноса: Акмолинской, Восточно-Казахстанской, Карагандинской, Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской. Общая численность населения  этих областей сократилась за период с 1989 по 1999 гг. на 17,3%. [3].

жоғарғы заң шығарушы органның билік жүйесіндегі орнына, оның мемлекет дамуының әр кезеңіндегі қызметіне қоғам алдындағы күрделі міндеттерге байланысты берген бағасын, қорытындыларын, тұжырымдарын саяси, теориялық және ғылыми-практикалық тұрғыдан үнемі талдап, сараптап отыру ерекше маңызды. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының қос палаталы Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламентінің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы Конституциямен, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен және басқа да заңнамалық актілермен айқындалады. Қазақстанның кәсіби парламентаризмге келер жолы күрделі де қайшылықты, саяси шиеленісті, бұраланды болды. Осы тартысы көп қиын жолда бұрынғы Конституциялар бойынша (1978 және 1993 ж.ж.) сайланған Республика Жоғарғы Кеңесінің екі құрамы таратылды. Елімізде парламенттік демократия, парламентаризм көптеген қиындықтармен, саяси теке-тіреспен, қайшылықтар арқылы, біртіндеп қалыптасты. Бұл жолдан біздің еліміздегі билік тармақтары да өтті. Бұрын сындарлы демократиялық дәстүрлері, Парламенті болмаған Қазақстанда бұл жолдан біршама қайшылықты, күрделі өтті. Мемлекет басшысы Н. Назарбаев бастамасышы болған 2007 жылғы конституциялық реформаның бүкіл мазмұны мен басты нысанасы – еліміздің саяси жүйесін одан әрі түрлендіріп, модернизациялау, саяси үдерістерге серпінділік әкеліп, түптеп келгенде оның тұрақтылығы мен үдемелі дамуын қамтамасыз ету, елді басқаруда Парламентке белгілі бір құқықтар беру еді. Егер нақты мәселелерге көшсек, конституциялық реформаның негізгі ережелері ең алдымен президент және парламент институттары ара қатынасына байланысты болды.[2]. Президент парламентаризм институын нығайтуға бағытталған кейбір нақты қадамдарға барды. Біріншіден, конституциялық өзгерістер билік тармақтарының арасындағы теңгермелік және тежемілік қағидатын одан әрі жетілдіру, оның тиімділігі мен тепе-теңдігін нығайту арнасында Парламенттің рөлін ішнара нығайтуға бағытталған. Президенттің

өкілдіктерінің бір бөлігі Парламентке ауысып, Парламент Мәжілісі Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруді дербес, енді Сенаттың қатысуынсыз шешеді; әр Палата Конституциялық Кеңестің екі мүшесін, Орталық сайлау Комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды. Сенаттың мәртебесі мен рөлі күшейтіліп, енді ол Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындайды. Екіншіден, конституциялық өзгерістерде Президенттің Парламентке, Үкіметке, Жоғарғы сотқа, Орталық сайлау комиссиясына, Ұлттық Банкке, жергілікті атқарушы органдардың басшысы – әкімдер жөніндегі өклеттіктеріде одан нақтыланылды. Президент енді Парламенттің ғана емес, сонымен бірге оның жеке Палатасының да сайлауын тағайындайды. Сенат қызметінде еліміздегі ұлттық-мәдени және басқа да мүдделерді ескеру мақсатында енді бұл Палатаға Мемлекет басшысы тағайындайтын депутаттар саны 7-ден 15-ке дейін көбейтілді. Президент тұтастай Парламентті де, сонымен бірге жеке Мәжілісті де тарату құқына ие болды. Үшіншіден, Конституциялық өзгерістердің негізгі өзегі еліміздегі соңғы жылдардағы саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар өкілдерімен, белгілі саясаттанушылар және заңгерлермен өткен жалпы ұлттық пікір алмасу және дискуссиялардан кейін еліміздің саяси және мемлекеттік басқару жүйесіндегі Парламенттің, әсіресе, бүкіл халық сайлайтын Мәжілістің рөлін нығайтуға жасалған кейбір қадамдар. Премьер-Министр кандидатурасын Парламент Мәжілісінің келісуімен тағайындайды және бұны Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялардың фракцияларымен алдын ала консултациялар жүргізгеннен кейін жүзеге асырады. Осы жерде айта кетерлік бір мәселе – енді Үкімет басшысына кандидатты бекітудің ел алдындағы бүкіл саяси жауапкершілігін Президентпен бірге төменгі Палата депутаттары да бірдей көтереді. Төртіншіден, конституциялық өзгерістердің нәтижесінде сайлау жүйесіне енгізілген басты новелла – Мәжілістің пропорционалдық сайлау жүйесі арқылы қалыптастырылуы, біздің пікірімізше, еліміздегі бүкіл саяси-партиялық жүйеге импульс әкеледі. Партиялық саяси кеңістіктегі

бәсекелестік артып, сайлау қорытындысында жеңіске жеткен партияның елдің мемлекеттік басқару жүйесіне, ел ішіндегі экономикалық-саяси үдерістерге ықпалы артады. Электорат алдындағы жауапкершілігі күшейеді. Енді саяси партиялар алдыңғы кезеңде Парламент Мәжілісі қызметінде болғандай атқарушы билік қызметін негізді-негізсіз сынауға бейімделмей, өзі сенім көрсетіп құрған Үкіметпен тізе қосып, сындарлы конструктивизм шеңберінде жұмыс істеуге ынталы болады. Парламент құрамына кірген басқа партиялық фракциялар тарапынан парламентте көпшілік орын алған партияның парламенттік қызметіне талапкершілік, сыншылдық, сараптамалық талдау күшейіп, бұл өз ретінде партиялрдың ел халқының саяси еркін білдіруге ұмтылысы сапалық деңгейге көтеріледі деп есептеу керек. Конституциялық реформаның бұл бағыттағы өзгерістерінің басты құндылығы, біздің пайымдаумызша мынада жатыр – ол еліміздегі бүкіл партиялық-саяси спектрді қозғалысқа келтіріп, оларға азаматтарды мемлекеттік істерді басқаруға тартуға нақты мүмкіндіктер жасады. Бесіншіден, Парламенттің, билік тармақтары мен өзара қатынастарындағы рөлін нығайтумен қоса жаңа конституциялық өзгерістерде, сонымен бірге, Парламент депутаттарының жауапкершілігі күшейтілді.[3]. Еліміз Конституциясынан Парламент депутаты қандай да болсын аманаттық мандатқа тәуелді болмайды деген норма алынып тасталды. Енді депутаттардың партиялық жүйе арқылы өз сайлаушыларымен байланысының жаңа тәртібі қалыптасты деуге болады. Парламент депутатының өкілеттігі тоқтатылатын жағдайлар нақтылана түсті. Аманаттық мандатпен байланысты емес деген норма алынғаннан кейін, енді Мәжіліс депутатының мандатынан айырылуының нақты себептері көрсетілді. Енді депутат конституциялық заңға сәйкес, өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған жағдайда, немесе оны сайлаған саяси партия қызметін тоқтатақан кезде өз мандатынан айырылады. Біріншіден, Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясы қалыптастырған демократиялық-құқықтық өрістегі соңғы он бес жылдағы саяси, әлеуметтік-қоғамдық дамуының басты қорытындыларының бірі – белсенді қызмет жасаушы, негізгі саяси және әлеуметтік күштердің мүддесі тоғысқан және соны бейнелейтін, мемлекеттік билік жүйесіндегі

дербес бір тармағы – Парламентсіз елімізде шынайы демократия, құқықтық мемлекет орнату мүмкін еместігіне бүкіл қоғамымыздың көзі жетті. Парламент, парламентаризм ашық пікірталастар мен көзқарастар еркіндігінің, жария саясаттың биік мінбері ғана емес, сонымен бірге әлеуетті мүмкіндігі мол, аса маңызды мемлекеттік институт ретінде қалыптасты. Қазақстан Парламенті он бес жылда Конституция негізінде және оның қағидаттары мен талаптарын қоғамдық қатыныстардың түрлі салаларында жүзеге асыру және реттеу мақсатында 1700-ден астам заң қабылдап, еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруын заңнамалық тұрғыдан кешенді қамтамасыз етті. Бүгінде Парламенттің заң шығарушылық қызметінен тыс қалған, мүдделері еске алынбаған бірде бір қоғамдық сала немесе әлеуметтік топтар жоқ деп айтуға толық негіз бар. «Бұрынғы Конституция бойынша, - деп атап көрсетеді Н. Назарбаев, - 1995 жылға дейін бізде Президенттік Республика көзделгенімен де, ол шын мәнінде Парламенттік болды. Жоғарғы Кеңес қоғамға қажетті заңдар қабылдау орнына күні бойы министрлер мен мемлекеттік органдар басшыларының есебін тыңдаумен болды, депутаттар сөзіне құлақ аспағандарды орнынан аламыз деп қорқытатын. Қорыта айтқанда Жоғарғы Кеңестің орнына тұрақты жұмыс істейтін қос палаталы кәсіби Парламент келіп, осы жылдар ішінде еліміздің келбетін өзгерткен заңдар қабылданды. Парламент Конституцияны, заңнаманы демократиялық құқықтар мен нормаларды, рәсімдерді сақтай отырып, өзінің сан-салалы қызметі арқылы бүкіл елдің мүддесін білдіруші және қорғаушы коллегиялық органға айналды[4]. Еліміздегі парламенттік қызметтің рөлі өте зор. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, содан кейін – Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдарды қабылдайды, конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, республикалық бюджетті және Үкімет есебін бекітеді, мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді, Қазақстанның әкімшілік аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді, мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді, Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялау секілді міндеттерді іске асырады. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып,

жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады. Парламенттің өкілеттілігі Конституцияда көзделген реттер мен тәптіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.[5]. Парламент заң шығарушылық қызметі арқылы заңдардың құрылымын анықтап, жүйетартушылық, жүйеқұраушылық рөл атқарып, саяси жүйенің аса маңызды саяси құрылымдары институтануының, бүкіл мемлекеттік құрылысты заңнамалық нығайтудың әлеуетті кепіліне айналды. Н. Назарбаевтың қос палаталы Парламенттің міндеттері мен парламентаризм туралы 90 жылдардың ортасында жариялаған идеяларына, теориялық ұстанымын он бес жылдан кейін тағы бір пайымдасақ, талдау жасасақ, олар, біздің пікірімізше, мынаған келіп саяды, әрі күні бүгінге дейін өзекті: - әрбір мемлекеттік орган өз құзіреттері шеңберінде өкілеттікті жүзеге асыруға тиіс, өзінің заң шығарушылық қызметі арқылы елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайды түпкілікті тұрақтандыру үшін қызмет ету – Парламенттің басты саяси міндеті, ал парламенттің заң шығарушылық қызметінің мазмұны соншалықты кең, ол іс шетсіз де шексіз болады, өйткені, біздің мемлекеттік және қоғамдық өміріміздің барлық салалары іс жүзінде заңдармен реттелетін болады; - шынайы парламентаризм халықтың әртүрлі топтарының мүддесі тоғысқан, еркін шығармашылық ахуал үстемдік еткен жерде туады. Сапалы заң шығару процесі үшін «тек дау үстінде ғана ақиқат туындайды» дегенді ескерер болсақ, сындарлы саяси оппозицияның болғаны пайдалы. Ол Парламент қабырғасынан шықпай, қоғамды толқытуға немесе күйретуге себеп болмауы керек; - заң шығару процесі барысында палаталардың тиімді, үзіліссіз өзара ықпалдастығын қалыптастыру өте маңызды, палаталардың ішкі алауыздық пен дауларға ұшырауына, қай палата мәртебесі жағынан жоғары, қай палата төмен деген әңгімеге жол беруге болмайды. Палаталар өздерінің құқықтары жөнінен тең, тек заң шығару процесінде олардың әрқайсысының өз рөлі бар: - депутат жауапкершілігі – ең алдымен халық алдындағы, өз ар-намысының алдындағы жауапкершілік. Парламенттегі депутат жұмысы құрметті ғана емес, тәжірибені, білімді жұмылдыруды және тер төгіп жұмыс істеуді, міндеттілікті талап ететін аса

күрделі жұмыс екендігін түсіну ерекше маңызды» Біздің еліміз саяси жаңару жолында тұрған ел болғандықтан онда конституциялық даму тұрақты іс. Жоғарғы билік тармақтарының қызметі, олардың өзара байланысындағы тежемелік және тепе-теңдік принципін үнемі жетілдіру туралы келешекте батыл ұсыныстар беру заңгерлер мен саясаттанушы ғалымдардың жауапты миссиясы деп есептейміз. Ал өкілді органның пәрменді де көпсалалы қызметінсіз қазақстандық жаңаруға қажетті құқықтық өрісті қамтамасыз ету, мемлекеттік құрылысты, кадр саясатын жетілдіру, әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресу, елді демократиялық басқару стилін қалыптастыру мүмкін емес. Қазақстанның да конституциялық режим мен конституциялық жетілуі жолындағы аса маңызды қажеттілік – ең алдымен Парламенттің, әсіресе, Мәжілістің құзыреттерін кеңейту. Конституциялық дамуымыздың келесі сатысында парламентке бүгінгі конституциялық өрісте белгілі бір бақылау функциялары берілуі керек деп есептейміз. Нақты бақылау функциялары жоқ парламент – халық өкілеттігі мен билігін пәрменді жүзеге асыра алмайды. Демек, келешекте еліміздің мемлекеттік құрылысы парламенттік-президенттік басқару нысанына қарай дамитын болса, ондағы алғашқы маңызды қадам – парламентке неғұрлым кең де нақтылы бақылау функцияларын беріп, оған атқарушы биліктің қызметіне нақты бақылау жасау механизмдерін заңнамалы тұрғыдан дәл анықтап, бекемдеу. Сонда ғана біз нағыз парламентаризм институтына қарай нақты қадам жасаймыз. Қазақстанда парламентаризм институтының демократиялық-саяси институт ретінде қалыптасуының өзіндік ұзақ эволюциясы болады. Қазақстан президенттік басқару нысанындағы елдерде парламентаризм институтының кең өріс алуы – саяси және құқықтық-ұйымдық тұрғыдан күрделі мәселе. Оның келешектегі конституциялық мәртебесінің көтерілуі және даму перспективасы, билік тармағы ретіндегі беделінің нығаюы – Мемлекет басшысының елдің саяси жаңару стратегиясындағы парламенттің рөлі мен орнын бағалауына, саяси еркі мен ұстанымдарына тікелей байланысты. Еліміздегі конституциялық реформалардың қорытындылары – бұл пікіріміздің айқын дәлелі.

Қазақстан президенті Н. Назарбаев конституциялық реформалар негізінде Үкімет пен Парламент қандай жағдайда жұмыс жасайтынын былай деп көрсетеді: «Біріншіден жаңа заң

мемлекеттік істе, оның ішінде Үкіметті қалыптастыруда Парламенттің ролін күшейтеді. Бұрын заң шығарушы функияны жүзеге асырады деп жазылған болса, ендігі жерде Парламент заң шығарушы билікке ие деп жазылатын болады. «Мен қазіргі таңда, елге қажетті шешімді жекедара қабылдай алатын, өзіне жауапкершілікті алуға қабілетті, жоғары кәсіби билік тармақтарының елімізде бар екеніне сенімдімін»,-деді Елбасы. Яғни елде тек саяси жандану технологиялық және экономикалық жанданумен қатар жүреді. Қорыта айтсақ, Президент және Парламент институттары арасындағы өзара қатынастардың тиімді дамуы Қазақстанның бүгінгі таңда сыртқы саясаттағы алып отырған орны арқылы анықтауға болады. Бұған осыншама қысқа мерзімде қол жеткізілген халықаралық бедел мен еліміздің әлемдік танымалдығы мысал болады. Қазақстан әлемдік саясатта маңызды рөл атқара бастады және де Қазақстан Республикасының кейбір бастамалары да әлемдік қауымдастық тарапынан қолдау тапты. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында Қазақстан Орталық Азия секілді тұрақсыз аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік аралына айналып қана қоймай, сонымен қатар экономикасы қарқынды дамып, халқының әл-ауқаты үнемі артып келе жатқан гүлденген мемлекетке айналып келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың үндеуі. Егемен Қазақстан. – 30 маусым, 2016.
2. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. Алматы: «Өнер», 1996. 128-132 бб.
3. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасы Конституциялық құқығы: Академиялық курс. 2-басылымы. – Алматы: «Жеті жарғы», 2004. -195 б.
4. Чиркин В.Е. Конституционное право: Россия и зарубежный опыт. – М.: Издательство «Зерцало». 19987. - 448 с.
5. М. Иманбаев, Е. Смағұлов Саясаттану негіздері. Алматы: «Жеті жарғы», 2014. -97 б.

ӘОЖ 334.784(574)

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ: ИДЕЯДАН БОЛАШАҚТЫҢ ТАРИХЫНА

**Тұрарбек Н.,** М.Өтемісов атындағы БҚМУ
құқықтану мамандығының 3 курс студенті

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның өзінің сыртқы саясатында негізге алған көпвекторлы бағытында еуразиялық бағыттың ерекше орны мен мәні баршамызға мәлім. Еуразиялық идея ұзақ уақыт бойына өз өміршеңдігін дәлелдеп келді. Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастар жүйесінде еңсесі биік мемлекеттердің қатарында орын алып отыр. Бұл дәрежеге еліміз аймақтық және жаһандық қауіпсіздік үшін жасаған еңбегінің арқасында жетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Орталық Азия елдері өзінің даму стратегиясын белгілеп, аймақтағы саяси тұрақтылық пен экономикалық даму мәселесін көтерген еді. Елбасымыздың Еуразия идеологы - «Еуразияны жинаушы» мәртебесіне иеленуі де Президентіміздің ерен дипломатиялық шеберлігімен қатар, осы жолдағы зор еңбегін дәлелдеп отыр.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «әлемдік шаруашылық байланыстардың қазіргі заманғы даму бағыты «теңдік, ерікті және прагматикалық қызығушылық негізіндегі интеграционизм бұл - Еуразия үшін лайықты келешек, яғни тек сондай жағдайда ғана ол XXI ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың жаһандық факторы бола алады» деген болатын[1, 35б.].

XXI - ғасыр бастауында әлемдік мәдениеттердің тоғысы, олардың сан - салалы диалогы мен тұтастығы ең басты тенденцияға айналып отырған бүгінгі таңда «Еуразия» идеясының Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністікке дәнекер болатын әлеуметтік теңдік пен өркениет аралық ынтымақтастық идеясы екендігі дау тудырмайды. Өйткені өзіндік төлтума қасиетімен ерекшеленетін бұл идея – жаңа рухани- өнегелік кеңістігінің қалыптасуы және оның негізінде әрбір халықтың ұлттық санасының жаңғыруының, одан қалды бейбітшілік пен молшылық көзі бола алатын қуатты мемлекет құрылуының кепілі бола алады. Олай болса бұл

идеяның ойдағыдай жүзеге асырылуы әлемдік мәнділігі мен қатар, Еуразиялық өркениеттің бір бөлшегі болып табылатын тәуелсіз Қазақстан үшін және оны мекендейтін басқада халықтардың ұлттық, рухани, эстетикалық-өнегелік және т.б. мұраларын одан әрі өркендетуге даңғыл жол ашып беретіні ақиқат[2, 85б.].

Қазіргі әлемдік дағдарыс планетамыздың барлық аймақтарында интеграциялық үдерістерді жаңа кезеңге алып шықты. Сондықтан да еуразиялық кеңістіктің ірі құрамдас бөліктері саналатын Ресей мен Орталық Азия (жалпы саны 280 млн. адамнан тұратын 12 елдің жер шарындағы барланған табиғи ресурстардың 25%-ын, әлемдік өнеркәсіп қуатының 10%- ын беретінін ескеру керек) әлемдік дамудың осы жалпы бағытынан тыс қала алмады. Сол себепті де әлемдік қауымдастықпен өзара тиімді байланысқа түсе отырып, өз дербестігі мен мемлекеттік тұтастығын, өздерінің өткен тарихи ортақтастығын сақтап қалу үшін кейінгі мемлекетаралық бірлік - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды. Алайда, ТМД мен оның органдары сол кездері қалыптасқан ахуалдың мәселелерін шеше алмады, қолда бар интеграциялық әлеуетті толық көлемде жүзеге асыра алмады. Осындай жағдайда "Еуразиялық Одақ құру" идеясы өмір қажеттілігінен туындаған, барлық жаққа тиімді, рухани өзегі ұмытылмаған идея болды. Сонымен қатар ол идеяның жалпы бағыты әрбір тәуелсіз мемлекеттің ұлттық идеясымен қайшы келмейтіні баса көрсетілді. Еуразиялық идея, біріншіден, жаһандану дәуірінің үрдісіне сай келеді. Екіншіден, кеңістік жағынан қарастырғанда континенталдық мазмұнға ие. Оған барлығына да орын бар.Үшіншіден, мазмұны жағынан бұл доктрина ұлттық, аймақтық және жаьанданудың өзекті мәселелерін кешенді тұрғыда қамтиды. Сонымен қатар, бұған дейіңгі теориялар мен тұжырымдардың ұтымды және прогресшіл жақтарын өз бойына сіңірген және оларды қазіргі жаьандану дәуіріне сай байытып, іс жүзіне асатындай жасампаз идея дәрежесіне көтерді.

Еуразияның тұтастығы, оның мәдени-тарихи бірлігі туралы айтқанда, бұл мәдени-өркениеттік типтің көшпенділік тамыры туралы міндетті түрде сөз қозғалуы керек. Оның үстіне "Ұлы даланың көшпенділері адамзаттың тарихы мен мәдениетінде европалықтар мен қытайлардан, мысырлықтардан, ацтектер мен

инктерден бір де кем емес рөл ойнады. Тек олардың бұл рөлі, басқа да әрбір этностың немесе, суперэтностың рөлі сияқты, ерекше, төлтума болды және ұзақ уақыт бойы оның құпиясы танылмай келді [3, 47 б.].

Еуразиялық тұтастықтың тарихи негіздерін қалыптастыруда, осы бір- тұтас коммуникативті кеңістікті ұстап тұруда көшпелі өркениет орасан зор мәнге ие болды. Сонымен қатар, бұл орасан зор аймақ көптеген адамзат өркениеттерінің тоғысы мен үдерістерінің де отаны. Сондықтан да болар, енді жаңа ХХ1-ғасырға аяқ басқанда Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына басшылық етуі - адамзаттың жаңа тарихындағы аса жоғары жауапкершілік болып саналады. Қазірдің өзінде Батыс елдерінің ақпарат құралдарында саясатшылдар мен осы аталған ұйымдағы мемлекеттер өкілдері Қазақстанды ЕҚЫҰ тарихында бірден-бір үлкен жауапкершілік пен ерекше белсенділік көрсеткен мемлекет ретінде танитындықтарын мойындап отыр. Оған дәлел ретінде «Известия» (2010ж., 29 қаңтар) газетіне басылып шыққан Н.Назарбаевтың «ЕҚЫҰ -ның тағдыры мен болашағы» атты мақаласында жаңа ХХ1- ғасырдағы жаһандану дәуірінде қалыптасқан жаңа геосаяси реалийлерге сәйкес Еуразия идеясы мен практикасының байытылуы және осыған сәйкес Н.Назарбаевтың «Еуразия доктринасының» әлем саясаткерлері тарапынан үлкен қызығушылығын тудыруы.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың идеясын сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақтылай іске асыру халықтарымыздың бірлігінің интеграциясын жаңартуға, саяси, экономикалық, қорғаныс міндеттерін шешуге және мемлекеттеріміздің лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «Еуразиялық одақ» идеясының өзі осындай мақсаттарды көздеп отыр. Тәуелсіз мемлекеттерің «Еуразиялық одақ» құрудың негізгі қағидаттары – халықтардың өзін- өзі билеуге, мемлекеттік егемендікке, аумақтық және мәдени автономияға қол сұғылмайтын құқығы бола алады. Күш-жігерді «Еуразиялық одақтың» басты негізі ретінде ТМД-ны сақтауға, қазір пайда болып келе жатқан салауатты үрдістерді қолдауға шоғырландыру өте пайдалы, өйткені оның күйреуі экономикалық байланыстарды одан әрі үзуге ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз мемлекеттердің өздері

ыдырауының, түгелдей берекесіздіктің тіпті азамат соғысының болу мүмкіндігеіне әкеп соғу мүмкін[4, 94 б.].

Экономикалық, қорғаныс, сыртқы саясатты реттеуді мақсат тұтқан халықаралық органдарды «Еуразиялық одақтың» негізінде құру болып табылады. Стратегиялық мәселелерді шешу үшін «Еуразиялық одақ» үкіметі мен мемлекет басшыларын құру жоспарланып, Еуразиялық одаққа кіретін елдердің заң шығару қызметін қадағалайтын жалпы парламентке тікелей сайлау өткізу де басты назарға алынып, осының негізінде «Еуразиялық одаққа» мүшелік екі жақты қарым-қатынастардың үшінші елдермен орнатылуына еш кедергі жасамайды. Ұсынылып отырған одақтың негізгі принциптері - теңдік, мемлекттердің егемендігі мен тәуелсіздігін, әрбір мемлекеттің жекелігі мен тұлғалық құқығын сыйлау, ұлттық ерекшелігі мен болмысына нұқсан тигізбеу болып табылады. Бұл жобаны нақты іске асырудың екі нұсқасы болуы мүмкін: бірінші, егер достастық мемлекеттері неғұрлым тығыз өзара іс-қимыл тәртібіне көшуді қажет деп тапса, Еуразиялық одақ -ТМД ішінде құрылатын болады, сөйтіп Еуразиялық одақтың ТМД ішіндегі құрылымы неғұрлым жетілдірілген жүйе ретінде өмір сүруі мүмкін. Келесі нұсқасы - ТМД-ны біртіндеп Еуразиялық одаққа айналдыру. Атап айтқанда, Достастық елдерінің интеграцияның тарихы болмай қоймайтын нәрсе, ал ТМД-ны Еуразия тәуелсіз мемлекеттері одағына немесе конфедерацияға жеткізер жолдағы кезең деп есептейді.

Еуразиялық идеяны практикалық түрде іске асыру барысында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Еуразиялық даму банкі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Еуразия университеттерінің ассоциациясы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ортаазиялық одақ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Кеден одағы т.б сияқты жаңа құрылымдар өмірге келіп, өздерінің өміршеңдігін баршаға көрсетіп келеді. Болашақта еуразиялық аймақтың, еуразиялық аймақтық интеграцияның, еуразиялық идеяның рөлі арта түспек. Әсіресе, қазіргі ұзаққа созылған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстан еліміз жүйелі түрде жаңарып, орнықты даму жолына түсіп, әлеуметтік тұрақтылық пен халықтардың бірлігін одан әрі күшейтуде. Еуразия аймағындағы елдер арасындағы экономикалық интеграцияны өрістету арқылы ғана ұлттық тәуелсіздікті нығайта аламыз[5, 102 б.].

Біріншіден, еуразияшылдық – қоғамның тарихи тұрақтылығын, жаңаруын, дәстүрін сақтайтын қарқынды даму үйлесімі. Екіншіден, еуразияшылдық – Еуразиялық Одаққа, посткеңестік кеңістіктің ықпалдасуына бағдар жасау. Еуразиялық ықпалдасу -экономикалық даму талаптарын басшылыққа ала отырып, егемендік пен демократияны сақтау мен нығайту қағидасы.Үшіншіден, еуразияшылдық – Еуроодақ пен әлемдік игілікті қауымдастыққа ықпалдасуға орайласқан бағыт. Бұл – ТМД және Орталық Азия елдерімен, Қытаймен, сондай-ақ Түркиямен, араб әлемімен өңірлік серіктестіктің дамуы. Еуразияшылдықтың осы үш бағдары қазіргі Қазақстан басшылығының практикалық саясатында көрініс тапқан. Бұл – тарихи жоспардың жүзеге аса бастауы және қазақ тарихының нақтылануы[6, 29 б.].

Сонымен, жаңа, қазақстандық Еуразия идеясы 4 тұғырлы ерекшелігімен сипатталады. Ол, біріншіден, уақыт тұрғысынан алғанда қысқа кезеңге емес, адамзат аяқ басқан жаһандану дәуірінің үрдісіне сай келеді. Екіншіден, кеңістік жағынан қарастырғанда Еуропа, Азия, Солтүстік Африканы( кең мағынада ) қамти алатын үдерістік құбылыс. Шынында да бұл еуразиялық идея континенталдық мазмұнға ие. Оған барлығына да орын бар.Үшіншіден, мазмұны жағынан бұл доктрина ұлттық, аймақтық және жаһанданудың өзекті мәселелерін кешенді тұрғыда қамтиды. Төртіншіден, бұған дейінгі теориялар мен тұжырымдардың ұтымды және прогресшіл жақтарын өз бойына сіңірген және оларды қазіргі жаһандану дәуіріне сай байытып, іс жүзіне асатындай жасампаз идея дәрежесіне көтерді [7, 37 б.].

Бүгінде Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық мойындаудың жаңа сапалы сатысына көтерілді. Оған дәлел, Қазақстанның 2010 жылы беделді халықаралық ұйым Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі жөніндегі шешімнің қабылдануы. Осы орайда, Елбасы Жолдауының еліміздің ішкі және сыртқы саясатына тікелей қатысы бар мақсат-міндеттердің бірі - еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығын атқаруына байланысты «Еуропаға жол» бағдарламасын әзірлеу болып табылады.

«Еуропаға жол» бағдарламасын қабылдау қажеттілігі елдің ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды әзірлеудің, тарихи

қалыптасқан байланыстарды нығайтудың, еуропалық интеграция және институционалдық-құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйенудің, технологиялық, энергетикалық, көлік, сауда, гуманитарлық және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығынан туындаған болатын [8, 102 б.]. Елбасының бұл бастамасы бір саяси науқанға немесе оқиғаға байланысты мерзімдік ұран емес. Ол жан-жақты ойластырылған мемлекет дамуының стратегиясымен тығыз астасып жатқан кешенді бағдарлама деп түсінуіміз керек. Бағдарламаның негізгі бағыттары ең дамыған Еуропа елдерінің әлеуметтік тұрмыс дәрежесіне жетуді жоспарлайды. Еуропадағы Швеция, Норвегия, Швейцария, Бельгия, Г ермания, Англия сияқты елдерде халықтың өмір сүру дәрежесі өте жоғары. Еуроодаққа кіретін көптеген елдерде жана басына шаққанда жалпы ішкі өнім әлдеқашан 20 мың доллардан жоғары дәрежеге көтерілген. Еуроодаққа соңғы жылдары кірген Чехияда бұл көрсеткіш өткен жылда 12 мың долларға жетті [7].

Еуропа елдерінде шағын және орта бизнес дамуы тұрақты сипат алған. Ең кереметі -ол елдерде олардың ішкі заңдарына сәйкес құжат дайындай алған кез келген адам, кез келген уақытта өзінің кәсіпкерлігін бастай алады. Әдетте ел экономикасының 60-80 пайызы осы шағын және орта кәсіпкерліктің нәтижелі жұмыс істеуімен алға жылжиды. Негізінен бизнес пен мемлекеттің қарым- қатынасы әділ, таза, салық саясатымен ғана шектеледі. Біздегідей, бизнес адам- дарына беталды қоқан-лоқы көрсетумен мемлекеттік органдар, тексерушілер шұғылдана бермейді. Үйренетін-ақ, үлгі алатын-ақ жағдайлар. Жоғарыдағы мы- салдар экономика саласы делінгенмен, тікелей адамдардың тұрмысына, көңіл - күйіне, мінез-құлқына, тәртібіне, тәліміне эсер етер, адам құқығымен байланысты факторлар. Экономикалық реформаларды тереңдете түсудің Еуропа елдерін - дегі заңдық кеңістігін игеріп, оның бізге тиімді жақтарын пайдалану, әрине, бізге артықшылық етпейді.

«Еуропаға жол» бағдарламасының мақсаты республикадағы экономикалық жетістіктерді Еуропаның стандарттарына сәйкестендіру. Сол арқылы елімізде өндірілетін өнімдердің сұранысқа ие болу мүмкіндігін күшейту, елдің әлеуметтік тұрмысын жақсарту, жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көлемін арттыру көрсеткіштерін өсіріп, ең дамыған, бәсекеге

лайықты елу елдің қатарына жақындай түсетін мүмкіндігіміздің көбейері де анық. Еліміздің сыртқы саясаты тұжырымдамасына сәйкес Еуропа елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның стратегиялық мүддесін білдіреді. Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екі жақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық әлеуеті толық іске асырылмауда.

Еуропалық одақ елдері түтас алғанда Орталық Азия мемлекеттерімен, атап айтқанда, Қазақстанмен ынтымақтастыққа да айрықша назар аударатынын ескеру қажет. Олардың ортақ үстанымы 2007 жылғы маусымда Еуроодақ саммитінде қабылданған «ЕО және Орталық Азия: әріптестіктің жаңа стратегиясы» атты құжатта көрсетілген [9, 239 б.].

Еуразияшылдық идеясының қазіргі кездегі мәнісі - бірнеше ірі еуразиялық мемлекеттердің стратегиялық тұрғыда бірігуі арқылы жаһанданудың барлық түрлерінің (экономикалық, әскери-қарулы күш, демографиялық, мәдени,экологиялық және т.б.) жиынтығын қамтыған континентальдық қоғамдастықты құру десе де болады.

Жалпы еуразияшылдық - тарихнамаға тағзым ету емес, осы көзқарастың негізін қалаған зиялылардың идеяларын жай ғана ретроспективті талдау емес, сондай-ақ дана тарихшы Лев Гумилевтің мұрасына деген сүйіспеншілік пен қызығушылық та емес. Бүгінгі еуразияшылдық - жаңа кезеңнен болашаққа тартылған өзіндік тарихы бар өзекті және жаңашыл құбылыс. Еуразияшылдықтың мән-мағынасын аз сөзге сыйдырсақ: ол – мәдени және еларалық тұтастықты сақтау негізіндегі әлеуметтік жаңару, экономикалық даму.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев. «Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік» // «Известия», 2010 ж., 2 сәуір.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде оқыған «Ел экономикасына инновация мен білім арқылы» атты дәрісінен // Егемен Қазақстан, 2006 ж., 27 мамыр.

3. Л.Н.Гумилев. «Ритмы Евразии: эпохи и цивилизации», А., 2003 ж.

4. Мансуров Т.А. Бизнес в ЕврАзЭС в условиях Таможенного союза и Единого экономического пространства. «Литер», Казахстан, 26сентября 2011 г.

5. Путин В.В. Новый интеграционный проект для Евразии — будущее, которое рождается сегодня // «Известия», 3 октября 2011 г.

6. Лукашенко А.Г. О судьбах нашей интеграции // «Известия», 18 октября 2011 г.

7. Назарбаев Н.А. Евразийский Союз: от идеи к истории будущего // «Известия», 26 октября 2011 г.

8. Евразийство в экономической и этнополитической истории Казахстана / Под ред. Берденовой К.А. - Алматы: «Экономика», 1997. - С. 244.

9. Бляхманов Л.С., Кротов М.И. Струтурные реформы и экономическая интеграция: опыт и проблемы СНГ. - СПб., 1996. - 97 с.

УДК 37.01/796

# ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**Ботагариев Т.А.,** профессор Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова
**Поляничко М.В.,** Национальный государственный университет физической культуры,спорта и здоровья имени П.Ф.Лесгафта. (Санкт-Петербург), к.п.н., доцент.

В Послании - 2010 Главы Государства народу Казахстана «Новое десятилетие — новый экономический подъем - новые возможности Казахстана» отмечено: «Здоровый образ жизни и принцип солидарной ответственности человека за свое здоровье - вот что должно стать главным в государственной политике в сфере здравоохранения и повседневной жизни населения».

По официальным данным статистики, за время обучения в школе с первого по восьмой класс число здоровых детей снижается в 3-4 раза, а к концу обучения 84-88% выпускников

имеют разные отклонения здоровья. Растет количество курящих табак и потребляющих наркотические вещества. Объясняется это не столько социально-экономическими проблемами (68-70% молодежи, подверженной данным порокам - выходцы из благополучных и обеспеченных семей), а скорее неправильной организацией свободного времени молодежи, ориентацией её на проведения праздного, нездорового образа жизни.

В настоящее время регулярно физической культурой и спортом в стране занимаются 17-19% (как и по странам СНГ в целом) молодежи, тогда как в экономически развитых странах мира этот один из важных показателей развития общества, составляет 60-70%.

Медико-биологические исследования, проводимые регулярно в данной области, свидетельствуют: объем недельной двигательной активности школьника должен

составлять 8-12 часов (то есть, даже при условии проведения 3 уроков физической культуры, этих нагрузок ему явно недостаточно).

Выход из данного положения - в организации дополнительных занятий физической культурой и спортом. Необходимо практически решить вопрос оплаты за ведение спортивных секций из расчета 3 раза в неделю не менее 2 часов.

Преимущественное решение тех или иных педагогических задач позволяет выделять три основные направления: общее физическое совершенствование, физическое совершенствование с профессиональной направленностью и физическое совершенствование со спортивной направленностью (в теории спорта это называется спортивной подготовкой).

Общее физическое совершенствование направлено на укрепление здоровья и поддержание работоспособности в учебной или трудовой деятельности. В соответствии с этим содержание педагогического процесса ориентировано на овладение жизненно важными двигательными действиями, согласованное и соразмерное развитие физических способностей (мышечной силы, быстроты и др.). Общее физическое совершенствование создает тот обязательный минимум двигательной подготовленности, который необходим для нормальной жизнедеятельности, для специализации в любом виде профессиональной или спортавной деятельности. Оно осуществляется в дошкольных учреждениях, на уроках

физической культуры в общеобразовательных школах, в секциях (группах) общей двигательной подготовки, группах здоровья и др.

Физическое совершенствование с профессиональной направленностью призвано обеспечить тот характер и уровень двигательной готовности, который необходим человеку в конкретном ввиде трудовой или военной деятельности (в этом значении говорится о специальной двигательной подготовке учителя общеобразовательной школы, о специальной двигательной подготовке космонавта и т.д.).

Физическое совершенствование со спортивной направленностью обеспечивает возможность специализироваться в избранном виде физических упражнений и достигать в них максимальных результатов. Специализированный педагогический процесс, направленный на подготовку к высоким достижениям в избранном ввиде спорта, называют спортивной тренировкой. Спортивная тренировка вместе со спортивной ориентацией и отбором, теоретическими занятиями спортсмена, восстановительными мероприятиями и т.п. составляют то, что принято называть спортивной подготовкой. В спортивной тренировке условно выделяют отдельные ее стороны, в том числе физическую подготовку, которая обеспечивает высокий уровень функциональных возможностей организма и укрепление здоровья спортсмена для максимальных достижений в избранном ввиде спорта. Следовательно, физическая подготовка в спортивной тренировке также имеет специализированный характер, ибо ее содержание связано с требованиями конкретного ввида спорта.

Из представленных характеристик всех трех направлений напрашиваются два вывода.

Первый вывод: в существующей педагогической системе все направления равноправны, так как имеют единую цель, обеспечивают необходимый уровень физического образования, физического развития и воспитания и опираются на единые педагогические закономерности, границы каждого направления весьма условны и в педагогической практике тесно переплетаются. Например, студент института, получив общее физическое совершенствование в общеобразовательной школе, в стенах института проходит обязательный курс двигательной подготовки с профессиональной направленностью и

одновременно в свободное время может заниматься спортивной подготовкой. Поэтому невозможно установить значимость каждого из направлений в общей системе образования н воспитания.

Второй вывод: все три направления различаются преимущественным содержанием частных задач. Например, на основе решения общих образовательных, оздоровительных и воспитательных задач решается такая частная задача, как достижение спортивного мастерства.

Важнейшая и основная форма работы учителя физической культуры - урок. От качества проведения учебных занятий во многом зависит успех решения задач физического воспитания учащихся. Результаты всегда лучше там, где учитель разумно использует все имеющиеся возможности для качественного проведения урока.

На уроках физической культуры в тесной связи с формированием двигательных навыков и умений осуществляется развитие физических данных. При этом рядом научных исследований показана необходимость преимущественного развития физических качеств.

Содержание государственной программы в большей степени направлено на усиление физической подготовленности учащихся.

Воспитание физических качеств на уроках физической культуры может осуществляться путём использования различных организационно-методических форм проведения занятий: упражнения, задания, занятия по типу круговой тренировки, круговая тренировка.

Следует учесть, что круговая тренировка не сводится к какому то одному методу. Это целая организационная форма занятий, включаюшая ряд частных методов строго регламентированного упражнения, Основу круговой тренировки составляет серийное (слитное или с интервалом) повторение упражнений, подобранных и объединенных в комплекс в соответствии с определенной схемой - символом круговой тренировки и выполняемых в порядке последовательной смены «станций» (мест для каждого из упражнений с соответствующим оборудованием), которые располагаются в зале или на площадке по замкнутому контуру в виде круга аналогичной фигуры. На

каждой «станции» (обычно их 8-12) повторяется один вид движений или действий.

В круговой тренировке хорошо сочетается достоинство избирательного и общего комплексного воздействия. В частности, с четной повторяемостью тренирующих факторов широко используется эффект «переключения» (смены деятельности), что создает благоприятные условия для проявления высокой работоспособности и положительных эиоций.

Своеобразные полосы препятствий позволяют использовать метод круговой тренировки. Это разнообразит двигательную деятельность учеников, позволяет эмоционально окрасить и тем самым оптимизировать процесс физического воспитания.

Организация круговой тренировки на уроках физической культуры возможна при наличии определенных условий, связанных с метом ее проведения, наличием инвентаря, необходимостью предварительного ознакомления учащихся с новой организационной формой. Круговая тренировка в зависимости от количества станций укладывается е соответствующий момент времени при большой моторной плотности, что особенно важно на уроках физической культуры.Круговую тренировку можно планировать в подготовительной, основной и заключительной частях урока. Включение её в подготовительную часть урока с предстоящей ещё более интенсивной работой в основной части урока, требующей большого напряжения, энергичных усилий в освоении определённых умений навыков различных движений. Роль такого комплекса будет заключаться в подготовке организма учащихся к предстоящей работе и будет носить характер подводящих упражнений к основной части урока Применение круговой тренировки в основной части урока связано с развитием физических качеств в тех условиях, когда организм еще не устал и готов выполнить работу в большом объёме в оптимальных условиях нагрузки.

Комплексы, входящие в основную часть урока, носят общеразвивающий характер с силовой направленностью, органически связанные со специальной подготовкой. В таком комплексе достаточно большой объём силовых и скоростно - силовых упражнений.В заключительной части урока комплексы

круговой тренировки планируются реже и, в основном, тогда когда плотность нагрузки на уроке была недостаточна. Цель таких комплексов - совершенствование и закрепление пройденного материала основной части урока. Круговая тренировка на уроках физического воспитания хорошо увязывается с программным материалом по лёгкой атлетике, спортивным играм и особенно гимнастике, способствуя повышению плотности урока.

Содержание круговой тренировки на уроках по спортивным играм составляют игровые станции. В течение урока учащиеся в определённой последовательности переходят от одной станции к другой, выполняя на каждой из них игровые задания вперемежку с целевыми упражнениями, направленными на обучение, воспитание и совершенствование конкретных физических качеств.

В специализированные комплексы с игровой направленностью необходимо включать движения из основной, атлетической, прикладной и снарядной гимнастики с использованием различного инвентаря и снарядов из легкой атлетики - упражнения в прыжках, метаниях и беге. Предлагаемые упражнения должны подбираться так, чтобы каждое из них воздействовало на отдельные группы мышц и было рассчитано на развитие определённых физических качеств. Средствами совершенствования технических приёмов спортивных игр являются комплексные упражнения, состоящие из предварительно хорошо обученных упражнений.

Органический вписывается и усиливает эффект здорового образа жизни на уроках физической культуры казахские национальные средства физического воспитания.По содержанию казахские народные игры классически лаконичны, выразительны и доступны ребёнку. Они вызывают активную работу мысли, способствуют расширению кругозора, уточнению представлений об окружающем мире, совершенствованию всех психических процессов, стимулирующий переход детского организма к более высокой ступени развития. В казахских играх много юмора, шуток, соревновательного задора: движения точны и образны, часто сопровождаются неожиданными веселыми моментами, заманчивыми и любимыми детьми считалками, жеребьёвками, потешками и т.д. Они сохраняют свою художественную прелесть,

эстетически выразительны и составляют неповторимый ценнейший фольклор.

Одним условием успешного внедрения казахских физических упражнений и игр в жизнь учащихся всегда было и остается глубокое знание и свободное владение обширным игровым репертуаром, а также методикой педагогического руководства. Учитель, творчески используя игру как эмоционально - образное средство влияния на детей, добивается активного выполнения игровых действий.

В ходе игры учитель привлекает внимание учеников к ее содержанию, следит за точностью движении, которые должны соответствовать правилам, а дозировкой физической нагрузки, делает короткие указания, поддерживает и регулирует эмоционально-положительное настроение и взаимоотношения играющих, приучает их ловко и стремительно действовать в создавшейся игровой ситуации, оказывать товарищескую поддержку и добиваться достижения общей цели и при этом испытывать радость. Одним словом, задача педагога заключается в том, чтобы научить детей самостоятельно и с удовольствием играть.

Учителю следует помнить, что главная его задача заключается в том; чтобы научить детей играть самостоятельно. Только в этом случае они приучаются сами в любой игровой ситуации регулировать степень внимания и мышечного напряжения, приспосабливать к изменяющимся условиям окружающей среды, находить выход из критического положения, быстро принимать решение и проводить его в исполнение, проявлять инициативу, т.е. приобретают важные качества» необходимые им в будущей жизни.

Итак, казахские народные игры помогут овладеть умениями и развить двигательные качества, предусмотренные учебной программой.

Говоря о вариативном материале для казахских школ, мы имеем в виду распространенные в быту национальные средства физического воспитания игрового и танцевального характера:

- ходьбу и бег по пересеченной местности, в гору, по травянистым и каменистым склонам с отягощением;

- прыжки с камня на камень, в длину и высоту с палкой (шестом) через естественные препятствия (камни, ручьи и прочие);

- метание палок, камней, веревок в неподвижную и движущуюся цель;

- стрельбу из лука, перетягивание канатов, шестов, толкание камней и многие другие.

Применение их облегчает овладение техникой базовых двигательных действий, благоприятствует повышению платности урока, увеличивает нагрузку на организм школьников и, тем самым, позволяет повысить эффективность урока.

Объясняется это тем, что, во-первых, некоторые национальные физические упражнения имеют структурное сходство с физическими упражнениями школьной программы, во-вторых, при отсутствии структурного сходства может проявляться однонаправленность в развитии физических способностей (воспитание физических качеств).

Понятно, что казахские национальные игры, рекомендуются с целью физической подготовки учащихся сельских школ Республики Казахстан, развития тех или иных качеств, следует рассматривать как прикладные.

**Список использованной литературы:**


1. Хаустов С.И. Научно-методическое обоснование подготовки юных спортсменов //Теория и методика физической культуры – 2016 №1 – с 103
2. Савина Л.Н. К вопросу о сотоянии здоровья современных школьников // Известие Пензенского ГПУ им. В.Г. Белинского - №14 (18) – 2009 - №14 (18) – с 88-91
3. Никонова А.В. Шаймарданов Л.Ш. Заинтересованность молодежи в спорте//научный журнал «Novainfo» - № 55.3 – 30.11.2016

## Содержание

1. Жумина А.Т. «День благодарности – праздник мира и согласия» ………………………………………………………………3
2. Шайхиев Т.Т. «Президенттік басқару нысаны: әлемдік және отандық тәжірибе» ………………………………………6
3. Байбулсинова А.С. «Тұтас мемелекеттік идеясы ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көзқарасымен».........13
4. Донскова Г.А. «Общая история, общая судьба культуры народа Казахстана (на материале литературного краеведения Н.М. Щербанова)»……………………………………………15
5. Танзенов Д.Ж. «Қазақстан халықтары Асамблеясының құрылуы – тарихи объективті қажеттілік!»................................26
6. Абдраимова Э.К. «Ұлт ұлысқа ортақ үйіміз – Қазақстан»
7. Бижанова А.Е. «Музей как объект сохранения культурных ценностей единой национальной истории» ………..31
8. Жалекенова Г.Т. «Межнациональное и межконфессиональное согласие – обязательное условие модернизации государства»………………………………………35
9. Юрченко А.В. «Единая судьба многонационального народа Казахстана»…………………………………………...41
10. Мырзабаева Б.М. «Қазақстан - ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық мекені» ..........................................................45
11. Журасова А.Ш. «Қазақстан – біртұтас болашақтың отаны» ..........................................................................................49
12. Абдрахманова Г.С. «Идея Евразийства как основа интеграционного проекта» ………………………………………..55
13. Сабыргалиева Н.Б. «Еуразиялық одақ идеясының Қазақстанда жүзеге асырылуы»..................................................59
14. Гарифуллина А. «Қазақстан – этностық жанжалдардан азат аумақ».........................................................................................69
15. Тегісбаева Д.А. «Жасөспірімдер қылмыстылығын зерделеу»...........................................................................................76
16. Мырзабаева Б.М. «Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық интеграциялық бастамалары және оның жүзеге асуы»................80
17. Нұрмағамбет П. «Қазақстан Республикасы Конституцияның құқықтық мәні»...............................................85
18. Алдияров Ж.К. «Интеграция казахстанского народа – как ответ на вызовы современности»…………………………………97

19. Есеева Г.Н. «Демографические процессы и изменения в этнической структуре населения в Казахстане за годы независимости»……………………………………………………100
20. Хасанова М. «Жастардың құндылықтары мен өзекті мәселелері»..........................................................................107
21. Оңғарбай Л., Мұхамбетшина Ә. «Қазақстанның біртектілік идеясы жастар пікірінде»..........................................112
22. Бақтыгереев Н., Кареева Д. «Тәуелзідктің 25 жылдығына жастардың көзқарасы»...................................................................116
23. Хамидуллина А.М. «Қазақстан - біртұтас халықтың отаны»...........................................................................................120
24. Абулкасова Д.Б. «Особенности социокультурной интеграции в РК»…………………………………………………123
25. Гайсина М.Б. Шайқы А. «Қазақстан Парламентінің қалыптасуы мен дамуы»...........................................................128
26. Тұрарбек Н. «Еуразиялық одақ: идеядан болашақтың тарихына»...................................................................................137
27. Ботагариев Т.А., Поляничко М.В. «Основные направления педагогической системы физической культуры»………………..144

*Объем 9,6 п.л. Тираж 100. Заказ № 122*

*Сверстано и отпечатано в Редакционно-издательском центре
Западно-Казахстанского государственного университета
им. М. Утемисова
г. Уральск, пр-т Достык, 162.*